Тары дақылының шығу тарихы өте ерте заманға немесе 5-7 мың жылдыққа барады. Жер шарында тарының 500-ден астам түрі өседі екен. Тарының қай жерде тұңғыш пайда болғанын көп елдің ғалымдары зерттеген. Қорыта келгенде, тарының шығу тегі шығыс елдерінде, соның ішінде Үндістан, Моңғолия мен Алтайда деген қорытындыға келген. Сонымен қатар, тары шығыс елдерінен Еуропаға ертедегі ұлы жорықтар мен қоныстанушылар арқылы тарағаны дәлелденген. Ауыл шаруашылығы мен өндірістегі пайдасы – тарының сабанын жеген сауын сиырдың сүтінің өнімі, құнарлығы артады екен. Сабанының сапасы қыстың көктемдегі көк майсадан кем түспегені дәлелденген. Тары сабанында дәрумендер мол болғандықтан малдар сүйсініп жейді. Тары дәнінен спирт алынса, сабағынан қағаз шығарады. Тарыны жеген тауықтар көп жұмыртқалайды. Жұмыртқаның қабығы қатты болады, ұзақ сақталады. Булап шошқа мен қазға жемге береді. Тарының сабаны,

топаны, кебегі де малға құнарлы азық екен. Ғалымдардың зерттеуі бойынша, тарының емдік қасиеті қазіргі медицинада дәлелденген. Ол күш-қуат берумен қатар, бауырды, бөтененің жұмысын жақсартып, терлетуге әсер етеді. Қыздырып басқан тары ісікті басып, тіс ауырғанды тоқтатады. Ерте заманнан тарының емдік қасиетін білген емшілер бауырға таптырмас ем деп білген [1].

Тарының дәні ғана емес, сабаны да пайдалы. Ауыл-шаруашылығында пайдаланса, мол өнім алуға болатыны белгілі. 1 кг тары сабанында 0,41 азықтық өлшем, 23 г сіңімді протеин болады. Ал тары жармасының құрамында 81 % крахмал, 12 % белок, 3,5 % май, 0,15 % кант бар. Мұндағы белоктың мөлшері күріш, қарақұмық жармаларынан едәуір көп. Тарыдан жасалған тағамдар адам ағзасына күш-қуат беріп, иммунитетті көтереді. Бір кесе сүтке тары бөктіріп жеген адам күні бойы тоқ жүреді. Отыз күн ораза кезінде халықтың тары-талқан жейтіні де сондықтан. Оның құрамы микроэлементтерге бай. Сүйекті, тырнақты, шашты қатайтып, жарақаттың тез жазылуына, терінің жақсаруына алып келетіні белгілі. Сондай-ақ тары асқазан-ішек жолдарының жұмысын жақсартып, ағзадан шлактардың шығуына әсер етеді. Құндылығы, дәмділігі жағынан арпа мен сұлы жармасынан асып түседі. Тағамдық қасиеті мен түрлі ауруларға пайдасы мол. Құрамында темір мен С дәрумені көп болғандықтан тарыдан жасалған тағамдарды жиі жейтін болсаңыз, қан айналым жақсарады, нәтижесінде қан қысымын реттейді. Сонымен қатар, тары ағзаға қажетті фтор, магний, марганец секілді элементтердің орнын толықтырады. Тарыға май, кант және мейіз, кепкен өрік қосатын болса, пайдасы да күшейе түседі. Жас ана сүтті шөйға тары салып ішсе, сүті молайып қоюланады, баланың да тамағы тоқ болады.

Талқан-қуырылған бидайдан, арпадан, жүгеріден ұнтақтап дайындалатын тағам. Күріш талқаны көмірсу мен микроэлементтерге бай. Сонымен қатар талқан ағзадан зиянды заттардың шығуына ықпал етеді. Халқымыз тарыны – «жауынгер дақыл» деп атайды. «Кеспе көже күн батқанша, бидай көже ел жатқанша, тары көже таң атқанша» деп бекер айтпаған. Сөктің тағамдық қасиеті мен түрлі ауруларға пайдасын білген. Ұзақ аурудан әлсіреген кісіні ашыған көжемен көтерген. Тары көже әрі сусын, әрі тамақ болады. Бозада ашытады. Қуырылған бидайдан, арпадан жүгеріден ұнтақтап дайындалады. Ерте кезде талқан дайындаудың екі тәсілі болған. Бірі – кол диірменге тарту, екіншісі – келіге түю. Екі тәсілмен дайындағанда талқанның майдаланбай қалып қоятын түйіршіктері болады, оны «талқанның сағы» дейді. Талқанның сағын бөліп алу

үшін жайпақ табаққа салып екшейді. Сонда сағы талқанның бетіне бөлініп шығады да, ұнтағы астында қалады. Бетіндегі сақты алып тастай отырып, талқанның ұнтағын бөліп алады. Талқан аса дәмді әрі құнарлы тамақ. Оны майға, кілегейге, қаймаққа араластырып жеуге де, шайға салуға да болады. Талқан салған шай қою болады әрі тез суиды. Оны жентке қосады. Талқаннан әзірленетін тамақты «сарталқан» немесе «майталқан» деп атайды. Сарталқан дайындағанда талқанды қойдың құйрық майына немесе жылқының майына араластырып, баяу жанған отқа қойып қуырады. Талқанды құмшекер салып дастарқанға құрғақ күйінде қоюға да болады. Оны кебегі көп тазартылмаған бидай ұнынан (2 не 3 сорт ұннан) әзірлеуге де болады. Ол үшін аздап май жағылған қазанға шақтап ұн салып ақырындап қуырыды. Қуырылып қызыл-күрең тартқан ыстық талқанға сары май және құмшекер қосады, сонда ол өте дәмді болады. Оны балалар да сүйсініп жейді. Талқанды майға, кілегейге, сүтке араластырып жеуге болады. 1 кг талқанға – 200 г құм шекер, 200 г май қажет.

Түптеп келгенде, тары-талқанның өндірісін ұршықтай иіре ала алмай отырмыз. Ата-бабамыз тұтынған ұлттық асты көршіден алып жатырмыз. Күнделікті тағамды рационмызға кеңінен енгізе алмай отырғандықтан сұранысқа алаңдаймыз ба әлде талқанды көрі-құртан жейтін ас деп қораш көреміз бе екен? Қалай дегенмен де әп-сәтте дайын бола салатын, тойымды да сіңімді «сарталқан» мен «майсөктің» «Роллтон» мен «БигБоннан» артық ас екені анық. Қазақ халқы тарыны «жауынгер дақыл» деп атаған. «Кеспе көже күн батқанша, бидай көже ел жатқанша, тары көже таң атқанша», - деп бекер айтпаса керек. Сөктің тағамдық қасиеті мен түрлі ауруларға пайдасы ерте кезде белгілі болған. Ұзақ аурудан әлсіреген кісіні ашыған көжемен көтерген. Тары көже әрі сусын әрі тамақ болады. Бозада ашытады. Қуырылған бидайдан, арпадан жүгеріден ұнтақтап дайындалады. Тары дақылының шығу тарихы өте ерте заманға немесе 5-7 мың жылдыққа барады. Жер шарында тарының 500-ден астам түрі өседі. Тарының қай жерде тұңғыш пайда болғанын көп елдің ғалымдары зерттеген. Қорыта келгенде, тарының шығу тегі шығыс елдерінде, соның ішінде Үндістан, Моңғолия мен Алтайда деген қорытындыға келген. Ғалымдардың зерттеуі бойынша, тарының емдік қасиеті қазіргі медицинада дәлелденген. Ол күш-қуат берумен қатар, бауырдың, бөтененің жұмысын жақсартып, терлетуге әсер етеді. Қыздырып басқан тары ісікті басып, тіс ауырғанды тоқтатады. Ерте заманнан тарының емдік қасиетін білген емшілер бауырға таптырмас ем деп білген. Тары сабанында



дәрумендер мол болғандықтан, мал сүйсініп жейді. Тары дәнінен спирт алынса, сабағынан қағаз шығарады. Тарыны жеген тауықтар көп жұмыртқалайды. Жұмыртқаның қабығы қатты болады, ұзақ сақталады. Булап шошқа мен қазға жемге береді. Тарының сабаны, топаны, кебегі де малға құнарлы азық екен [2].

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Беррин Н. А. «История проса» – 1986. – 22 б.
- 2 Рысбаева М. Тары – «жауынгер дақыл». – 2015.

### КОНСЕРВИРОВАНИЕ СКОРОПОРТЯЩИХСЯ ОВОЩЕЙ В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ.

НАККАЖИНОВА А. З.

студент, ПГУ имени С. Торайғырова, г. Павлодар

В настоящее время в Казахстане ведется строительство высокотехнологичных теплиц, урожайность которых в 3-4 раза больше, чем на открытых почвах. Правительство заявило о готовности финансирования отечественных сельхозпроизводителей при условии, что овощи в теплицах будут выращивать в межсезонье, т.е. с ноября по июнь. Для того чтобы стабилизировать скачок цен, который обычно начинается в начале октября, надо сделать так, чтобы потребители получали наши овощи круглый год. На сегодняшний день потребность населения в овощах в межсезонье составляет 88 тыс тонн, в летний период – 1,2 млн тонн. В летний период за счет дачных участков и огородов производится около 1,35 млн тонн овощей, и этого объема не хватает, а излишки отправляются на экспорт. В межсезонье в Казахстане производится только 20-25 тыс тонн, получается что из потребности рынка в 88 тыс тонн, невосполненными остаются примерно 60-65 тыс тонн. Примерно столько завозится в межсезонье в Казахстан из Китая, Азербайджана и т.д.

По словам председателя Ассоциации теплиц Казахстана Каната Кошмана, полностью отказаться от импорта овощей Казахстан, возможно, только через 5 лет, к 2020 году, когда дополнительно будет введено около 120-150 га высокотехнологичных теплиц. Исходя из этого можно предположить, что актуальным будет вопрос переработки овощей в Казахстане в том числе и консервирования.

Отрасль переработки овощной продукции Казахстана относится к числу динамичных и перспективных, в последние годы она набирает все большие обороты. Емкость рынка возрастает за счет увеличения производства и импорта продукции. Однако уровень индивидуального потребления консервированных овощей остается пока низким. Происходящие в традициях заготовок изменения пока еще не столь масштабны и домашнее консервирование остается главным источником витаминной продукции. Наблюдаемые процессы урбанизации, повышение занятости населения и его покупательной способности будут способствовать повышению потребления готовой плодоовощной консервации. Кыргызским и Таджикским производителям плодоовощной продукции очень важно видеть перспективу развивающегося Казахстанского рынка.

Представленные на рынке Казахстана многочисленные местные и зарубежные производители конкурируют в сферах ассортимента, качества расфасовки, цены и проч., используя в основном стеклянные варианты упаковки. Бренды также имеют значение на данном рынке, но меньше, чем на рынке соков. В таких условиях для производителей из Таджикистана и Кыргызстана имеются неограниченные возможности для работы.

Круглогодичное обеспечение населения страны качественной плодоовощной продукцией – важная народнохозяйственная задача. Потребление плодов и овощей растёт с каждым годом, расширяется их сортимент, улучшается качество. Однако равномерное поступление плодоовощной продукции по сезонам года возможно лишь в условиях хорошо налаженной системы её длительного хранения в свежем виде, а также при консервировании.

Существует множество способов консервирования овощей, плодов и ягод – быстрое замораживание, сушка, квашение, посол, маринование и другие. Однако наиболее надёжным методом консервирования пищевых продуктов является сохранение их в герметической таре с помощью тепловой обработки или пастеризации. Именно так расфасованные и обработанные пищевые продукты принято называть консервами. В процессе хранения и переработки в сырье протекают биохимические процессы, которые при неправильной технологии могут вызвать ухудшение пищевой ценности продуктов питания и даже их порчу.

Вот почему так важно знать технологические особенности сырья, которое реагирует на внешние воздействия в процессе переработки не только изменением комплекса компонентов своего химического

состава, но и как живая биохимическая система. Правильное построение и организация консервирования возможны только с учётом технологических особенностей сырья, которые в свою очередь во многом зависят от сорта и сортовой агротехники выращивания.

В последнее время производители консервированных овощей для завоевания рынка используют все более разнообразную рецептуру, консервируют овощи в различных сочетаниях, рассчитанных даже на самых требовательных покупателей. Для более детального проведения исследования было принято решение разделить консервированную продукцию на две группы:

- 1 Консервированные овощи (как правило, цельные);
- 2 Овощные салаты (как правило, разделенные, раздробленные);

В дальнейшем будет использоваться данное разделение при анализе ассортимента, упаковки, расфасовки, цены, поскольку разница по всем перечисленным показателям между салатами и овощами довольно заметная. Одним из основных типов упаковки является стеклянная тара.

Переработчики Казахстана обычно начинают активную работу в сентябре-октябре, поэтому объем производства в первом полугодии минимален.

Структура производства овощных консервов по республике неравномерна.

Подавляющая доля (59%) производства принадлежит Алматинской области; также значительная часть объемов выпускается Южно-Казахстанской областью – 20 % и Жамбылской областью – 16 %. В ведущих областях расположено большинство перерабатывающих предприятий Казахстана: Март, Акжол, Экопродуктгрупп (г. Алматы), Жибек Жолы, Заилийский продукт (Алматинская область), ВМ (Жамбылская обл.).

Остальные области либо вообще не производят данную продукцию, либо их доля очень незначительна. Имеющиеся перерабатывающие предприятия в этих регионах: Соя ТОО, Медвед компании ТОО (Павлодар), Эра ЗАО (Усть-Каменогорск), «Сябрь» (Костанай).

Наблюдаемый в последние годы рост внутреннего производства переработанной продукции связан с действием нескольких факторов:

- общий экономический рост в стране.
- высокая инвестиционная активность в отрасли овощепереработки.
- рост доходов и покупательной способности населения.

– сокращение количества семей, особенно городских, производящих овощные консервации на зиму (табл.1)

Таблица 1 – Крупнейшие производители овощных концентратов в РК

Название фирмы	Доля на рынке, %
ТОО «Ак-жол»	5,7%
Экопродукт	5,3%
СП «Булгарконсервпром»	4,4%
СП ОАО «Агромир»	3,3%
АО «Плодэкспо»	2,4%
«Турген продукт»	2,4%
АО «Болгар консерв продукт»	2,2%
ЧП Азамат	1,8%
ТОО «Жибек жолы»	1,6%

Согласно статистическим данным потребление консервированных овощей на 1 жителя Казахстана в год составляет 2,8 кг. (потребление зеленого горошка и кукурузы не включено). Весьма низкие объемы потребления объясняются несколькими причинами (на уровне предположений и наблюдений):

Традиция домашней овощной консервации оказалась сильнее традиции домашнего приготовления соков.

Уровень доверия к качеству домашней консервации у домохозяйек выше, чем «к магазинной».

Значительная часть потребителей переработанной продукции в Казахстане не покупают овощные консервы (60 %) либо делают это редко, т.к. в соответствии с традициями питания в странах СНГ предпочтение отдается домашней консервации.

Можно сказать, что спрос поддерживается лишь благодаря пятой части населения РК, которые приобретают исследуемые товары достаточно часто.

На рынке консервированных овощей работают крупные иностранные, а также средние и мелкие местные и зарубежные производители. Крупные компании представляют свою продукцию на общенациональном рынке и имеют значительные преимущества в дистрибуции и продвижении.

Конкурентная борьба между участниками рынка становится все более интенсивной и начинается она уже на витрине торговых центров, где разные виды товаров борются за внимание покупателей (табл.2)

Таблица 2 – Конкуренция на рынке консервированных овощей в РК

Наименование фирмы	Страна	Доля на рынке, %
ООО «Балтимор»	Россия	8,4%
ТОО «Ак-жол»	Казахстан	5,7%
АО «Orhei Vit»	Молдова	5,5%
Экопродукт	Казахстан	5,3%
Богдоэль	Венгрия	5,0%
СП «Булгарконсервпром»	Казахстан	4,4%
СП ОАО «Агромир»	Казахстан	3,3%
АО «Плодэкспо»	Казахстан	2,4%
«Турген продукт»	Казахстан	2,4%
Другие		57,6

Подводя итог можно сделать вывод, что консервирование овощей является актуальной развивающейся отраслью в Казахстане.

#### ЛИТЕРАТУРА

1 Трисвятский Л. А. Хранение и технология сельскохозяйственных продуктов. – М. : Колос, 1997. – 377 стр.

2 Лесник Б. В. Хранение и технология сельскохозяйственных продуктов. – М. : Агропромиздат, 2000. – 409 стр.

#### ХОЗЯЙСТВЕННОЕ ЗНАЧЕНИЕ И ТЕХНОЛОГИЯ ВЫРАЩИВАНИЯ ТЫКВЫ

НУКЕНОВА Л. К.

студент, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

КУКУШЕВА А. Н.

к.с.-х.н., ст. преподаватель, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Овощи имеют большое значение в питании человека. Они ценны не только тем, что содержат в легкоусвояемой форме сахара, белки, жиры, минеральные соли, витамины и ферменты, но и тем, что регулируют пищеварение и улучшают усвоение других пищевых продуктов. Систематическое употребление овощей повышает жизнеспособность организма. Овощная пища способствует поддержанию слабощелочной реакции крови и нейтрализует вредное влияние кислотных веществ, содержащихся в мясе, хлебе и жирах [1, с. 2-5].

Велико значение овощей как источников витаминов. Ведь недостаток одного или нескольких витаминов приводит к нарушению процессов жизнедеятельности человека, а продолжительное отсутствие – к заболеваниям. Нехватка овощей зимой и ранней весной – одна из причин снижения сопротивляемости организма к заболеваниям. Синтетические препараты, которые к тому же способны вызвать аллергию и побочные заболевания, не могут восполнить жизненно необходимого комплекса витаминов, который содержится в овощах.

Среди овощных культур в решении проблемы питания особое место занимает тыква. Тыква – богатый витаминами, сочный, хорошо перевариваемый продукт. В тыкве содержатся витамины С, В1, В2, В6, Е, каротин, соли калия, кальция, фосфора, железа, меди, цинка и другие элементы. Тыква широко используется для пищевых и кормовых целей, а также является сырьём для консервной, кондитерской и витаминной промышленности. В консервной промышленности она используется для приготовления варенья, повидла, пасты, фарша, маринадов, соков. Эта культура – прекрасный медонос, а в засушливых районах – незаменимый сочный корм для скота [2, с. 275].

По калорийности тыква равноценна цветной капусте, в 100 г ее содержится 17-31,6 ккал, в ее мякоти от 5 до 25 % сухого вещества, 0,1-0,15 % жира, 0,7-0,95 % клетчатки, 1,5-20 % крахмала. Богата она пектином (0,2-0,7 %), сахарами (10-14 %). В 100 г тыквенных семечек содержится 603 ккал. Они богаты активно действующими компонентами, гликозидами, смолами, вкусовыми веществами [3, с. 168-172].

Это однолетнее теплолюбивое растение родом из Мексики и Южной Америки. Наибольшее распространение получила тыква крупноплодная (*Cucurbita maxima*), так как урожайна и менее требовательна к теплу. Она отличается цилиндрическими слабоугловатыми стеблями, округло-почковидными слабоугловатыми листьями и спайнолепестковым венчиком с расширенными тупыми бахромчатыми краями. Тыкву крупноплодную легко отличить по округлым гладким плодоножкам и гладким белым или желто-кофейным семенам без выраженного ободка. По размеру корневой системы тыква является рекордсменом среди всех овощных растений. Она разрастается в стороны от растения до 5-7 м. Масса плодов – в среднем 5-10 кг, но может достигать 50 кг и более. В крупноплодной тыкве содержание пектина высокое – от 7 до 17 %. Зимние сорта содержат много крахмала.

Для тыквы необходимы структурные, плодородные, нейтральные почвы, богатые перегноем. Под нее отводят хорошо прогреваемые участки, защищенные от холодных северных ветров, а также южные склоны. Посевы тыквы размещаются на супесчаных, легко- и среднесуглинистых черноземах и каштановых почвах с pH почвенного раствора 6,0-7,0.

Тыква требовательна к теплу. Семена всходят при температуре не ниже 14 °С. Оптимальная температура для роста 25-28 °С. Однако, она может выдерживать непродолжительное время сырую и холодную погоду, а корневая система может развиваться при более низких температурах, чем у дыни и арбуза.

К свету тыква менее требовательна, и мирится с небольшим затенением. Из бахчевых культур она более требовательна к влажности почвы. Для формирования урожайности на уровне 50-60 т/га растения испаряют более 5-6 тыс. т воды [4, с. 146].

Технология выращивания тыквы зависит от предполагаемого направления использования. Промышленные посевы размещают после любых предшественников (кроме семейства Тыквенных). Хорошо плодоносит после удобренной навозом капусты. Тыква хорошо очищает поле от сорняков.

В качестве основной обработки проводят зяблевую вспашку на глубину 25-30 см, под нее рекомендуют вносить 20-25 т перегноя, фосфорные и по мере необходимости калийные удобрения. На легких почвах во избежание эрозии обработку проводят плоскорезами и глубокихлителями на глубину 25-27 см. Весной проводят боронование и культивацию, под которую вносят азотные удобрения – 2-3 ц/га аммиачной селитры. Вторую культивацию осуществляют непосредственно перед посевом на глубину заделки семян.

Для посева выбирают крупные, хорошо выполненные семена. Семена до посева прогревают в течение 2 ч при температуре 45-50 °С, замачивают в воде, а затем 2-3 суток выдерживают при 23-25 °С на влажной мешковине, под влажным укрытием. Еще лучше набухшие семена подвергнуть термической закалке. Для этого их 4-5 суток держат при 20-25 °С, ночью – при 1-2 °С тепла.

Сеют тыкву гнездовым способом, по схеме 1,4x1,4 или 2,1x1,4 в зависимости от сорта, на глубину 6-8 см. На 1 га высевают 2-3 кг семян в зависимости от величины семян и схемы посева.

Оптимальные сроки посева тыквы – 15-20 мая. Положительные результаты дает посев тыквы среди кулис из высокостебельных

растений – кукурузы, подсолнечника. Кулисы высевают на 15-20 суток раньше, чем тыкву.

До появления всходов поле боронуют сетчатыми боронами для разрушения почвенной корки и уничтожения прорастающих сорняков. В дальнейшем проводят не менее трех культиваций междурядий на глубину 13-15 см, а в гнездах – ручное мотыжение. В настоящее время в промышленных технологиях выращивания тыквы широко применяют гербициды, что позволяет полностью избежать ручных прополок. При второй культивации делают подкормку растениям полным минеральным удобрением. При образовании 1-2 настоящих листьев растения прореживают. При загущении в гнезде всходы вытягиваются, что отрицательно сказывается на урожае. При уходе за растениями стебли желательно окучивать – это способствует формированию дополнительных корней в узлах.

Для повышения урожая применяют искусственное опыление цветков, особенно при холодной погоде. Опыление проводят утром, сразу после раскрытия первых женских цветков, с промежутками в 1-2 суток. Для ускорения созревания плодов за месяц до наступления осенних заморозков прищипывают плети, выше плода оставляют 6-7 листьев. За вегетационный период дают 6-7 поливов по 500-600 м<sup>3</sup>/га воды.

Плоды убирают в фазе физиологической зрелости перед заморозками в сухую погоду в один прием вместе с плодоножками, что предохраняет их от загнивания. Признаками зрелости тыквы являются усыхание и опробковение плодоножки, хорошо обозначенный рисунок коры и ее затвердение. В течение месяца плоды должны потерять до 10-15 % влаги.

Плоды сортируют на товарные и кормовые. К товарным относятся крупные, закончившие рост, вызревшие плоды. Мелкие зеленые плоды используют на корм скоту. Тыква хорошо дозревает в теплом проветриваемом помещении. Хранят ее в сухом помещении при 5-10 °С на полках в один ряд [5, с. 338-340].

#### ЛИТЕРАТУРА

- 1 Скрипников Ю. Г., Винницкая В. Ф. Технология выращивания, хранения и переработки тыквы. – Мичуринск : МичГАУ, 2002. – 20 с.
- 2 Овощеводство : учебник / под ред. Г. И. Тараканова, В. Д. Мухина. – 2-е изд., перераб. и доп. – М. : КолосС, 2003. – 472 с.
- 3 Скурихин И. М., Волгарев М. Н. Химический состав пищевых продуктов. – М. : Агропромиздат, 1987. – 360 с.

4 Юсупов М., Петров Е., Ахметова Ф. Овощеводство Казахстана : учебник. – Алматы, 2000. – Т. 2. – 268 с.

5 Щепетков Н. Г. Овощеводство Северного Казахстана. – Алма-Ата : Кайнар, 1990. – 352 с.

## **ОРМАНҒА КҮТІМ ЖАСАУ МАҚСАТЫНДА АҒАШ КЕСУДІҢ ҰЙЫМДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ**

НУРГАЛИЕВА М. Б., СУЛТАНБЕКОВА А. Д., ЖУМАНОВА Р. К.  
студенттер, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.  
КАСАНОВА Ж. Б.  
аға оқытушы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Орманға күтім жасау мақсатында ағаш кесу деп жас және орта жастағы сүректіңдерді жақсарту мақсатында олардан ағаштардың бір бөлігін жүйелі түрде алып тастап отыруды айтады.

Күтім жасау мақсатында ағаш кесу екпелер пайда болған сәттен бастап ормандардың барлық санатында жүргізіледі. Орманға күтім жасау мақсатында ағаш кесудің негізгі міндеттері: сүректіңдердің құрамын жақсарту, сүректіңдердің тауарлық құрылымын жақсарту, техникалық тұрғыда толысқан сүректің өсу мерзімін қысқарту, алқап бірлігінен сүрек пайдалану мөлшерін ұлғайту, сүректіңдердің санитариялық жай-күйін жақсарту, орманның қорғаныштық, су қорғау, санитариялық-гигиеналық және басқа да пайдалы қызметтерін күшейту, селекциялық нәтиже болып табылады.

Екпелердің жасына байланысты күтім жасау мақсатында ағаш кесу мынадай түрлерге бөлінеді: жарықтандыру, тазарту, сирету және өтпелі ағаш кесулер.

Күтім жасау мақсатында ағаш кесудің жекелеген түрлерінің мақсаты: жарықтандыру кезінде – ағаш құрамына күтім жасау және жиілігін реттеу, тазарту кезінде – сүректіңнің құрамы мен пішініне күтім жасау, сирету кезінде – дің мен ұшарбасының пішініне күтім жасау, өтпелі ағаш кезінде – тандаулы ағаштардың өскіндеріне күтім жасау болып табылады.

Белгілі бір алқаптаағаш кесудің барлық түрін бір мезгілде жүргізу ағаш кесудің жекелеген түрлерінің алқаптарын бөліп алу мүмкін болмайтын әртүрлі жастағы екпелерде қолданылады [1].

Ал, күтім жасау мақсатында ағаш кесудің ұйымдық-техникалық көрсеткіштеріне: күтім жасау қажет екпелері тандаулы; ағаш кесудің

кезектілігі мен оның режимін; жұмысты ұйымдастыруды; кеспеағаш аймағын бөлу қағидасын жатқызады.

Күтім жасау мақсатында ағаш кесу тағайындаған екпелер. Күтім жасау мақсатында ағаш кесудің мүмкіндігі мен қажеттілігін айқындаудың негізгі көрсеткіші ретінде сүректіңнің толымдылығын, ал жас талдарда – орман шымылдылығының жанасуын есептейді. Күтім жасау мақсатында ағаш кесу мына екпелерде жүргізіледі: жарықтандыру – таза екпелерде, тым қалың өскен жас талдарды қоспағанда, әдетте жүргізілмейді; тазарту – таза екпелерді 0,9 және одан да жоғары толымдылық жағдайында жүргізіледі; сирету – 0,8 және одан да жоғары толымдылық жағдайында жүргізіледі; өтпелі кесу – 0,8 және одан да жоғары толымдылық жағдайында жүргізіледі.

Күтім жасау мақсатында ағаш кесу ең алдымен тандаулы орман өсу жағдайларында, аралас, қалың өскен, толымдылығы жоғары және бонитеті жоғары екпелерде тағайындалады.

Орман орналастыру кезінде әрбір шаруашылық секциясында күтім жасау мақсатында ағаш кесудің барлық түрін бөлек жоспарлап, әрқайсысы үшін жыл сайынғы көлемі белгіленеді, бірақ орман күтуші ревизиялық кезеңнің шеңберінде учаскілердіағаш кесуге бөлудің кезектілігін белгілей алады.

Барлық тұқымдастардың V – бонитетінің екпелерінде күтім жасау мақсатында ағаш кесу әдетте тағайындалмайды.

Күтім жасау мақсатында ағаш кесу міндеттері оны жүйелі түрде жүргізіп тұрған жағдайда ғана шешіледі. Сирету жүргізілмеген жерлерде өтпелі ағаш кесуді тағайындаудың көбінесе қажеті болмайды [2].

Аралас және күрделі жас талдарда күтім жасау мақсатында ағаш кесу басты тұқымдыларды екінші дәрежелі тұқымдылардың басып қалу қатері байқала салысымен, ал таза талдарда – бөрікбастардың қысылып, жапырақтар түсе бастаған кезде жүргізіледі. Қолдан өсірілген қарағай талдарында алғашқы күтім жасау қатардағы ағаштардың ұшарбастары бір-бірімен түйісе бастаған сәтте жүргізіледі.

Санитарлық мақсатта ағаш кесу

Санитарлық мақсатта ағаш кесу шіріген, орман ауруларымен және зиянкестерімен залалданған ағаштарды екпелерден жинап алу жолымен оларды ауықтыру мақсатын көздейді және күтім жасау мақсатында ағаш кесудің әдеттегі түрлерін өткізу таяу арада жоспарланбаған, жедел араласуды қажет ететін санитарлық жайкүйі жағдайында тағайындалады.

Санитарлық мақсатта іріктеп ағаш кесу төзімділігінен айрылған екпелерде жүргізіледі, мұндай екпелерде табиғи түрде қурағанмен

салыстырғанда зиянкестердің жаңадан қоныстануы, кеуіп кетуі, қурауы, жел сұлатпа, дауыл құлатқан, қар басқан, қар жапқан, аурулармен зақымданған, діндік зиянкестер қоныстанған және Ағаштардың санитарлық жай-күйінің шөкіліне сәйкес анықталған жай-күйінің 1,6-дан 3,5-ке дейін орташа өлшемді баллы бар ағаштар өсуін тоқтатқанға дейінгі өзге де жолмен бүліну пайда байқалады. Санитарлық мақсатта іріктеп ағаш кесу екпелердің тұтастығы мен төзімділігінің бұзылуына әкелмеуі тиіс. Олай болмаған жағдайда екпелер санитарлық мақсатта жаппай ағаш кесуге және қайта жаңғыртуға жатады. Санитарлық мақсатта іріктеп ағаш кескеннен кейін екпелердің жуандығы 0,5-тен төмен, ал шырша мен майқарағай екпелері үшін 0,6-дан төмен болмауы тиіс. Қажет болған жағдайда орман патологиялық тексеру материалдарының негізінде жуандығы одан әрі төмендетілуі мүмкін [3].

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Атрохин В. Г., Иевинь И. К. Рубки ухода и промежуточное пользование. – М., 1985.

2 Сәрсекова Д. Н., Қаспақпаев Е. М Орманшылық. Оқу құралы. – «Агроуниверситет» баспасы, 2008.

3 Наставление по рубкам ухода в лесах Республики Казахстан. ҚазНИИЛХА, 2004.

#### СУДАН ШӨБІНІҢ ӨСІРУ АГРОТЕХНИКАСЫ

НЫҒМЕТҰЛЛА А. Ғ.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

АЛЬМИШЕВ У. Х.

а./ш.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Судан шөбіне алғы дақылдар – астық, дәнді бұршақ және отамалы дақылдары. Судан шөбі (лат. *Sorghum × drummondii*) – астық тұқымдасының құмай туысына жататын бір жылдық өсімдік. Сабағы тік, жұмыр, биікт. 50-90 см, жуанд. 3-13 см, ашық жасыл түсті. Жақсы түптенеді, сабақтары тік өсетін сорттары өнімді және оуға қолайлы. Жапырағының ұз. 45-70 см, ені 2-4,5 см. Гүл шоғыры – көп масақты, шашыраңқы сыпыртқы, сыпыртқысының әр тармағының ұшында 1 тұқымды, 2 тұқымсыз масағы болады. Тұқымы сары, сұрғылт, қызыл не қара сопақша дәнек.

Судан шөбінің шыққан жері Судан мемлекеті. Оны пішен, сүрлем, көк балауса дайындау және дән алу үшін өсіреді. Сонымен қатар құнарлы мал азығы, мал таптап кеткеннен кейін де тез қалпына келіп, бір айдың ішінде қайтадан жайылым ретінде пайдалануға жарайды. Құнарлылығы жағынан бұршақ тұқымдасынан ғана аса алмайды. Көк шөбінде 12,3 % протеин, 2,4 % май бар, ал пішеніндегі осы көрсеткіштер 12,5 және 2,8 %-ға тең. Судан шөбінің 100 кг көк балаусасында 17, пішенінде 52, сүрлемінде 228 мал азықтық өлшем бар. Оның әр га-нан 100-120 ц-ге дейін пішен, 250-350 ц көк балауса, 8-14 ц-ге дейін тұқым алуға болады. Судан шөбі – жылу сүйгіш өсімдік, дәні тұқым сіңірілген тереңдіктегі топырақ қыртысы 7-9 °С-қа қызған кезде өніп-өсе бастайды. Көктеп шығуы үшін қолайлы темп-ра 20-30 °С, 3-4 °С-та көктеп шыққан жас өскіні зақымданып, өліп қалуы мүмкін. Құрғақшылыққа төзімді, бірақ суармалы жерлерде өнімді жақсы береді.



Сурет 1 – Шай жүгері

1, 2 – астық (нандық) шай жүгері егін көгі мен гүлдену кезеңдерінде; 3 – масақшалар (жеміссіз – а және жемісті – б); 4 – дән; 5, 6 – егін көгі мен гүлдену кезеңдеріндегі судан шөбі; 7 – судан шөбінің масақшасы мен дәні.

Қара, қызыл қоңыр, сұр топырақтарда, су жайылмасында жақсы өссе, тым сілтілі, сортаң, батпақтанған және тығыз топырақтарда

өспейді. Қазақстанда Атырау мен Қызылорда облыстарынан басқа облыстардың барлығында өсіріледі.

Біржылдық шөп қоспаларынан және күздік дақылдардан кейін себілген судан шөбінен жоғары өнім алуға болады. Судан шөбін алғы дақыл ретінде пайдалану тиімсіздеу. Оның егістігінен кейін топырақ әжептәуір тереңдікке құрғап қалады және топырақта жеңіл сіңірілетін азоттың басым бөлігі өнімді құруға жұмсалынады. Сондықтан құрғақ далалық аймақтардың егістігінде судан шөбінен кейін бақшалық дақылдарды сепкен дұрыс. Олардың тамырлары 10 м тереңдікке дейін өсіп ылғалдан аса зиян көрмейді де өнімі төмендемейді.

Далалық ауыспалы егісте судан шөбін танапты парға қалдыру алдында немесе отамалы дақылдардан кейін, ал мал азықтық егісте – жаздық бидайдан кейін орналастырады.

Судан шөбі себілетін танапты алғы дақыл жиналғаннан кейін аңызды дискілейді, топырақты 20-22 см тереңдікте аудара жыртады, көктемде танапты тырмалайды және тұқым себер алдында 1-2 рет культивациямен қопсытылады. Жеңіл және құрғақ топырақты танапты тұқым себер алдында және содан кейін тығыздайды. Судан шөбі органикалық және минералды тыңайтқыштарды жақсы қабылдайды. Судан шөбі себілетін танапқа әр гектарға 20-25 т көң, не болмаса толық минералды тыңайтқышын (N30-60P30-45K 20-30 кг/га ә.з.) берген тиімді. Судан шөбін азот тыңайтқышымен қоректендіру жоғары өнім алудың негізгі жолы.

Судан шөбі көктемде кештеу себілетін дақылға жатады. Оны топырақтың 0-10 см тереңдігі +10-12 °С жылыған кезде себу керек. Қазақстанның солтүстік аймақтарында судан шөбінің ең жоғары өнімін оны мамырдың соңында маусымның басында сепкенде алынады.

Мал азығына судан шөбі жай қатарлап, ал дәнін алу үшін кеңқатарлап (45-60 см) себеді.

Қазақстанның далалық және құрғақ далалық аймақтарында тұқым себу мөлшері әр гектарға 2,5-3,0 млн өнгіш дән (20-25 кг/га), ал аса құрғақ аудандарда себу мөлшерін 2,0 млн дейін төмендетеді. Оңтүстік аудандардың суармалы жерлерінде судан шөбінің себу мөлшері гектарына 3,0-3,5 млн өнгіш дән (30-35 кг/га). Тұқымды қолайлы сіңіру тереңдігі 3-5 см, алайда топырақтың үстіңгі қабаты құрғап кеткен жағдайда тұқым сіңіру тереңдігі 7 см дейін болады. Судан шөбін алғашқы күндері арам-шөптер басып кететін қауып бар. Сол үшін арамшөптермен күресудің негізгі жолдары топырақты жақсылап өңдеу және себу мерзімін дұрыс таңдау. Судан шөбі егістігін өскін жер бетіне шыққанша (сепкеннен 3-5 күннен кейін)

және өскіннің алғашқы 3-5 жапырағы пайда болған кезде жеңіл тырмалармен өңдейді. Сонымен қатар арамшөптермен химиялық жолмен, гербицидтер бүрку арқылы күреседі. Ол үшін гектарына 2 кг/га ә.з. 2,4Д гербицидтер тобымен өңдеу тиімді. Суармалы егістікте себілген судан шөбін жаз бойы 3-4 рет суғарады. Бірінші суару мерзімі судан шөбінің түптену кезеңінде, екінші – 15-20 тәуліктен кейін, содан кейінгі суару жұмыстары әр шабылғаннан кейін жүргізіледі. Топырақ ылғалдылығы егістік ылғал сыйымдылығының 75-80 % жуық болуы керек.

Судан шөбін пішенге шашақбасының шашақтана бастаған кезінде жинайды. Одан кешіксе пішеннің сапасы төмендейді (сабақтары қатайып кетеді) және алшынкөк түзуі нашар жүреді. Судан шөбін пішенге ору биіктігі 7-8 см. Судан шөбін осы биіктіктен жоғары орган жағдайда өнімі төмендейді де, төмен орган жағдайда алшынкөгі баяу қалыптасып келесі орымының өнімі төмендейді. Бірінші орым тұқым себілгеннен кейін 65-70 күннен кейін жүреді. Жаз бойы судан шөбі 2-3 рет өнім береді. Судан шөбінің дәнін негізгі сабақтағы дән піскенде жинайды. Ол үшін арнайы және астық жинайтын комбайндарды пайдаланады [1].

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Можаев Н. Серікбаев Н. «Мал азығын өндіру» – Астана : Фолиант, 2008. – 304 с.
- 2 Қазақ энциклопедиясы. – 8 т. – 163 б.

#### ЖЕМІС АҒАШТАРЫН СУАРУ ЖӘНЕ КҮТУ

НЫҒЫМАН Г. Д.  
студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.  
АЛЬМИШЕВ У. Х.  
а./ш.ғ.д, профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазақстанның жағдайында бау ағаштарын суару мынадай негізде жүргізіледі. Жеміс ағаштары ылғалды өсу кезеңінде (мамыр, маусым, шілде, тамыз айларында) өте-мөте көп керек етеді. Мұнан кейін ылғалдың ағашқа қажеттілігі азая бастайды, бұл мезгілде күн ыстығынан ағаштың қурап кетпеуі үшін аз-аздап суарып тұру керек. Құзде топырақтың артықша ылғалды болуынан сақтану қажет, өйткені ылғал көп болса ағаштың өсуі де ұзаққа созылып кетеді.

Солтүстік облыстарда суару ерте тоқталады, бұл жерлерде суаруды маусым айының аяқ кезінде, егер ауа райы қуаншылықты болса августтың бас кезінде тоқтату қажет. Солтүстік облыстарды жеміс ағаштарын қыс қарсаңында суару, ағаш жапырақтары жаппай түсе бастаған кезде, қыркүйекте жүргізіледі [1].

Суарған кезде топырақтың бір қалыпты ылғалдануын, топыраққа су ағаш тамырының төңірегіне дейін (60-80 сантиметр) сіңуін, сонымен бірге топырақтың шайылып кетпеуін қадағалау қажет. Бұл үшін су шығарылатын бороздалардың барлығына да шым төсеу керек, ал егер трубалар (ағаш, темір, асбодемент, тағы басқалардан жасалған) болса өте қолайлы келеді, бұлардың диаметрі бороздаларға сәйкес болуға тиіс, осылардың барлығы су жіберілетін борозда топырағының шайылып кетуінен аман сақтайды және судың бороздалар арқылы бір қалыпты ағуын қамтамасыз етеді.

Топырақты шайылудан және құрылымдық бөлшектерінің бұзылуынан аман сақтау үшін, жерді суару алдында топырақты копсыту мен арамшөптерді отаудың қажеті жоқ. Бұл жұмыстарды суарғаннан кейін барып жүргізген нәтижелі болады.

Жас бау ағаштарын дұрыс бұтау ағаштың бөрікбасын жақсы қалыптастырады, мол өнім бере алатын мықты ағаш тұлғасын жасайды. Бұтау дегеніміз бұтақтарды сирету және қысқарту болып табылады. Бұтақтарды түгел түбінен қырқып, сирету жүргізген кезде ағаштың бөрікбасы да сирейді. Ал бұтақтарды қысқартқан кезде олардың ұштары ғана шырпылады. Ағаштардың осы бұталған шыбықтарынан тағы да бүйір бұтақтар пайда болады, бұтақтардың өсуі тәртіпке келтіріледі, сонымен бірге олар өз бетімен өспей, қажетті бағытпен өседі [2].

Ағаштарды отырғызғаннан кейін бұтамай тастауға және адамның көмегісіз өз бетімен қалыптасуына жол беруге болмайды. Мұндай ағаштар мерзімінен бір-екі жыл бұрын жеміс бере бастағанмен олардың бөрікбасы жақсы берік болмайды. Кейбір сорттарда бұтақтардың түптері жалаңаштанып қалады, жеміс ондай ағаштардың үш жағына шығады, мұның өзі кейін ағаштың өнімділігіне зиянын тигізеді және күтуді қиындатады.

Ағаштарды отырғызғаннан кейін алғашқы 3-4 жыл бойына негізгі тұлға бұтақтарды өсіруге, оларды бойбұтаққа бағындыруға және ағаш діңінің бойында дұрыс орналастыруға бағытталған бұтау жұмысы жүргізіледі

Күлте басы бес сатылы бұтақ жүйесі бойынша қалыптасқан ағаштарда, бойбұтақты жерден 40-50 сантиметр биіктігінен бастап

бұтау жолымен жаңа бүйір бұтақтар өсіріледі, бұлардың ішінен төменгі қатардағы негізгі бұтақтардың аралығында орналасқан екі бұтақ таңдалып алынады. Келесі жылы тағы да 1-2 бұтақ өсіріледі, сонымен ағаштың негізгі тұлғасын қалыптастыру аяқталады.

Екінші және үшінші сатылардағы бұтақтарды қалыптастыру да осы принцип бойынша жүргізіледі. Ағаштың ашасындағы бұтақтардың бірі қырқылады, сөйтіп бүйір бұтақтарды сәйкестіре бұтау жолымен ағашты қалыптастырғанда, тұлға бұтақтар мен бүйір бұтақтардың бәсекелесуі жойылады.

Бүйір бұтақтардың ұзарып өсуін бәсеңдетіп, олар жуандатылады, бұл жуан бұтақтарға кейін жеміс өсетін болады. Мұндай бүйір бұтақтар бүтіндей қырқылып тасталмайды, өйткені бүтіндей қырқылса тұлға бұтақтың түптері ашық қалады да, олардың қабығы қожалақ болып қалады, мұның өзі ағашты өте әлсіретеді және бұтақтардың қурап қалуына әкеліп соғады.

Тұлға бұтақтарындағы келесі бұтақ қатарларын және жуан жеміс бұтақшаларын өсіру үшін, баяу бұтақтанатын сорттарда, тұлға бұтақтары ұштарының, бір жылда өскен ұзындығының  $\frac{1}{4}$ - $\frac{1}{3}$ -дей бөлігі бұталады. Бүйір бұтақтары жақсы өсетін сорттар бұталмайды, екінші және үшінші сатыдағы бұтақтардың қалыптасуына қарай бұтау барған сайын кемітіле береді, тек бұтақтардың біркелкі өсуін және ағаштың бөрікбасының жиілеп кетпеуі бақыланып отырылады [3].

Ал бұталған ағаштар ерте жеміс беретін болғандықтан жеміс берер алдында (егер ағаштар бұған дейін дұрыс қалыптасқан болса) бұтауды толық тоқтатуға болады. Кейінгі ағаштың өсу дәуірінен, жеміс беру дәуіріне көшкен кезде ағаштың бөрікбасының шамадан тыс жиіленіп кетуін жоятын және өнімді болуына қолқабыс тигізетін жеңіл-желпі жекелеу жүргізіледі.

Бұтау кезінде төмендегі ережелерді сақтау қажет: жас бұтақшаларды бұтаған кезде, қылтанақ қалдырмай бүршіктің жоғарғы жағынан қырқу керек, бұтақшаларды сындыруға және қабықтарын сындыруға болмайды, кесілетін бұтақты «тұжыра» кесу керек және қылтанақ қалдырмау керек. Жас бауларда ағаш жараларын бау ұнымен немесе майлы бояумен сылау міндетті емес, бірақ ағаштың жарасы тез жазылу үшін жараны өткір пышақпен тазарту қажет. Бұтау ағаш бойына сөл жүру басталғанша, қыс аяғында немесе ерте көктемде жүргізіледі.

Жазғы бұтау маусым мен шілде айларында жүргізіледі. Екінші сол жүгіру дәуіріне тура келетін, бұл кезде бұтау салдарынан болған, бұтақтардағы барлық жаралар кейіннен жақсы өсіп, жетіліп кетеді.



Ағашты жазда көп бұтау оларды едәуір әлсіретеді, сондықтан жазда тек шамалап қана бұтау қажет.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Гужов Ю. Л. Селекция и семеноводство культивируемых растений. – МИР, 2003, – 536 с.

2 <https://surak.szh>.

3 Пыльнев В. В. Практикум по семеноводству полевых культур Колос, 2008. – 551 с.

### КҮРІШ ДАҚЫЛДАРЫН ҚАЛДЫҚСЫЗ ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ КҮРІШТЕН АЛЫНАТЫН ӨНІМДЕР

САБЫРБАЕВА Ә. А.

студент, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Өскемен қ.

КАШАУБАЕВА Ж. С.

оқытушы, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Өскемен қ.

Ауыл шаруашылығы өндірісіндегі салалардың ішінде күріш шаруашылығы Қазақстанның азық-түлік қажеттілігі толық қамтамасыз етілген сала (еліміздегі халықтың өзін күрішпен қамтамасыз ету деңгейі 116-120 %-ға жеткен). Қазақстан күрішті 400-500 мың тонна көлемде өндіре алады (240-300 мың тонна күріш жармасы). Кейбір аймақтарда күріш өндірісі ішкі қажеттілікті қамтамасыз ете алмайтын болғандықтан (Ресейде тағампаздардың бағалауынша күріш жармасына қажеттілік 610 мың тонна көлемінде болса, ал өндірілетіні небәрі 250 мың тонна), жақын және алыс шет елдерге күріш импортына мүмкіндік бар.

Қазақстанның күріш жармасын өндіруде 80 пайызын қамтамасыз ететін Қызылорда облысындағы күріш шаруашылығын дамытуға соңғы жылдары миллион қаржылық ресурстар көктемгі егіс жұмыстарын жүргізуге несие түрінде, тура инвестициялар түрінде, тұқым өндірісіне демеу қаржы беру арқылы, минералдық тыңайтқыштарды алуға және басқаларға жұмсалуда. Қабылданған шаралар мен ішкі рыноктағы күрішке деген бағаның тұрақты өсуі өзіміздің күріш шаруашылығының қабілеттілігіне оң әсерін тигізді. Мысалы, 2015-2016 жылғы есеп бойынша 1 гектар күріш егісінен орташа есеппен 30-32 центнерден өнім алынды, 2016-2017 жылғы

көрсеткіш бойынша 1621 гектардың әр қайсынан 58-60 центнерден өнім алынды. 2006 жылғы есеп бойынша 1 кг күріш жармасының бағасы ішкі рынокта 30-35 теңгеден 50-60 теңгеге дейін көтеріліп, осы деңгейде сақталынған және ішкі рынокта қазақстандық күріш тұрақты сұранысқа ие болды, ал 1 кг күріш салысының бағасы 28-30 теңге деңгейінде ұсталынған [2]. Қазіргі кезде ірі шаруашылықтарда 1 тонна күріштің өзіндік құны 12900-13850 теңгені құрады. 2016-2017 жыл бойынша күріштің көтерме бағасы 140 теңге көлемінде бекітілген. Базарда жоғары сұрыпты күріш құны келісіне 170-180 теңге. Аймақта үшінші жыл қатарынан рекордтық деңгейде өнім жиналды, биыл алынған күріш 420 мың тоннадан астам. Оның 35 пайызы экспортқа шығарылады.

2016 жылы сыртқы рынокта өзіміздің күрішке деген сұраныс өскен, сондықтан күріш негізінен Қырғыстанға, Ресейге, Тәжікстанға, жақын шет мемлекеттерге өнім шығарылды. Сонымен қатар алыс шет елдерге де күріш өнімін шығару жандандырылды: Түркияға, Италияға және басқа елдерге. Отандық күрішке сұраныс оның жаман емес аспаздық сапасы мен, сонымен бірге сатып алушылардың қытай күріш өндірушілеріне деген сенімсіздігі мен анықталады. Қазақстан Республикасы нарығындағы қытайдың «Барака» күріш сортын қазақстандық немесе ресейлік сорттарға жатқызады. Қазақстандық күрішке сұраныс сонымен бірге оның ем - дәмдік өзіндік ерекшелігімен де анықталады.

Жылына 11169 тонна күріш салысын күріш жармасына және крахмал сірнесіне өңдейтін жабдықтың жалпы құны 970,0 мың АҚШ долларын құрайды. Зауыттың құрлысына қажетті қаржылық ресурстар – 3307,3 мың АҚШ доллары тұрады. Жобаның өтімділік мерзімі – 2,0-2,5 жыл. Рентабельділігі – 47% [1]. Жергілікті тауар өндірушілердің мұндай үлкен жобаны қаржыландыруға шамасының келмейтіндігі белгілі, сондықтан ауыл шаруашылығын несиелендірудің формасы мен тиімді әдістерін дайындау, банктердің қызмет аясын кеңейту қажеттілігін еліміздің президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сөйлеген сөзінде атап өтті. Ұсақталған күріш дөнін спиртке өңдеу қымбат жабдықтарды қажет етпейді, өзіндегі бар шикізаттың көлеміне қарай әрбір фермер ондай жабдықты ала алады. Шикізаттың құрамындағы крахмал ашытқымен тікелей спиртке өңделмейді. Алдымен шикізатты солод ферменттерімен қанттандырады да қантты суло алынады, сонан соң ашытады. Ашытылған массаны спирт алу үшін айдайды. 5 % кем емес крахмалы немесе қанты бар өнімнен ғана спирт алынады. Бидай, сұлы, жүгері дәнінің құрамында

50-70 % крахмал болса, арпада – 40%, күріш дәнінде – 80 %-ға дейін, картопта – 20 %-ға дейін, қант қызылшасында – 14-22 %, жеміс-жидектің көпшілігінде – 4-18 %, сондықтан күріштен спирт өндіру жоғары рентабельді өндіріс болып табылады.

Спирт алу үшін ұсақталған күріштен алынған ұнды және күріш салысын өңдеуде 14 %-ға дейін алынатын күріштің ұнтағын пайдалануға болады. 10 литр суға крахмалдылығына байланысты 4-8 кг ұн және 1,5-3 кг арпаның немесе қара бидайдың солоды алынады. Солодты өндірілген және ұнтақталған арпаның тұқымынан алады. 10 кг күріш ұнынан немесе ұнтағынан 4,2 литр спирт алуға болады. Ресейден шығарылатын құны 2 мыңдай АҚШ доллары болатын РУМ-3 қондырғысы тәулігіне 50 литрден артық таза спирт шығара алады. Самогон айдайтын аппаратты толық жүктемелегенде де күн сайын 500-600 литр ашытпа қажет. Бұл әрине өнеркәсіптік өндіріспен теңесе алмайды, бірақ шаруа қожалықтарының мүмкіндіктеріне толық жарайды және маусымдық шикізатты өңдеу көп уақытты алмайды. Мұндай қондырғылар ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері үшін қажет нәрсе, себебі олар шаруашылықты тиімді және үнемді жүргізуі үшін көптеп қалатын ауыл шаруашылығы шикізаттарын қалдықсыз өңдеуге мүдделі болады.

Сонымен қатар косметикалық бұйымдардың ассортиментінің ұлғаюына байланысты табиғи және жасанды жолмен алынатын әртүрлі балауыздардың өндірісі жыл сайын дамуда. Күріш ұнтағынан алынған майда 5 %-ға дейін күріш балауызы болады. Жалпы өсімдіктен алынатын табиғи балауыздың аз болуы отандық косметика өнеркәсібінің кенеюіне теріс ықпал етуде. Негізінен парфюмерлік өнімдердің негізгі ингредиенті болып шет елдерден әкелінетін қосымшалар, мысалы – карнауб балауызы қолданылады. Ал күріш балауызының сапасы жөнінен карнауб балауызынан кем түспейді. Күріш ұнтағынан май және балауыз алудың технологиясын әзірлеу және енгізу кондитер, медициналық препараттар және парфюмер өнеркәсібі үшін шикізаттың көбеюіне және нан өңдейтін кәсіпорындардың қалдықтарын тиімді пайдалануды кеңейтеді. Сонымен бірге қалдықтардан өндірілген күріш майы азықтық және техникалық мақсаттарға да қолданылады. Осы технологиялық процестегі екінші өнім (шрот) ұзақ мерзімге сақтауға жарайтын дайын мал азықтық компонент болып есептелінеді. Дайындалып ұсынылатын күріш дәні балауызының технологиясы қалдықтардан тек Қызылорда нан комбинатында ғана (30 мың тонна күріш ұнтағы) 3 мың тоннадан астам күріш майы және 100 тоннадан кем емес күріш балауызы алынады. Күріш салысын өңдеу кезінде

12-14 %-ға дейін алынатын күріш қауызын пайдалану перспективалы болып есептелінеді, себебі одан жылу өткізбейтін және құрылыс материалдары мен электрон өнеркәсібінде қолданылатын кремний алынады. Жыл сайын өзінің құрамында 15 % кремний, 80 % органикасы және 5 %-ға дейін калий, магний, фосфоры және кальцийі бар 5,0 мың тоннаға дейін қауыз жиналады. Қауызының құрамындағы химиялық элемент кремнийдің жоғары болуы оны күріш үшін тыңайтқыш ретінде кәдеге жаратуға негіз болады. Күріштің бұл элементке қажеттігі гектарына 1 тонна кремний. Сонымен бірге қауыздың компостнан органикалық тыңайтқыш ретінде өнімді пайдалануға да болады. Қызылорда облысында химиялық элемент фосфориттің кең көзі бар, бірақ оның құрамында фосфордың құрамы болғандықтан одан суперфосфат алуға пайдаланылмайды, ал осы элементті органоминералды тыңайтқыштар өндірісіне қолдануға және пайдалануға болады [3]. Күріш дәнінің қауызын кәдеге жарату органикалық және органикалық емес қалдықтар шығаруының негізінде жасалынатын органоминералдық тыңайтқыштардың аналогтарына қарағанда техника-технологиялық көрсеткіштерімен қол жететіндігімен, арзандылығы мен және де экологиялығымен елеулі өзгешелігі бар. Қазіргі кезде күріш сабанын өртеу қоршаған ортаны ластайтын болса, ал басқа елдерде қағаздың жоғарғы сортын, құрылыс картонын, мықты және арзан жіптерді, қанаттарды және қаптарды, сонымен бірге қалпақтар, жеңіл әрі жайлы үйге киетін аяқ киімдер, циновкілер, сөмкелер, кілемшелер және де үй тұрмысына қажетті басқа да өзгеше бұйымдарды жасауға пайдаланылатын бағалы шикізат болып есептелінеді. Қытай мен Үндіқытай елдерінің шаруа қожалықтарында күріш сабаны тамақ құрамындағы белокты көбейту үшін елеулі рөл атқаратын саңырауқұлақтарды өсіру үшін кең қолданылады. Күріш сабанының құрамында 50 %-ға дейін целлюлоза, 11,7 % – лигнин, минералдық заттар (көбіне кремний қышқылы) 14,6 % болады. Өңдеуші өнеркәсіптің тез дамуы үшін бірінші кезекте жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын Қызылорда облысында жұмыс істеп тұрған бизнес-инкубатор негізінде технологиялық бизнес пен ғылымды қажет ететін және инновациялық кәсіпкерлікті дамыту мақсатында кішігірім өндірістерді құру қажет. Қызылорда облысында күріш дәнін инженерлік-тегістелген күріш жүйесі әзірленіп, игерілгеннен бері қолданылатын жалпы қабылданған технология бойынша өсіреді [4].

Қызылорда облысы күріш өсіретін ең солтүстік аймақтың бірі болғандықтан, вегетациялық өсу дәуірі ұзағырақ өнімді сорттарды

өсіруге облыста күн және жылу ресурстары жетіспейді. Сондықтан облыстағы күріш өндірісін толық жаңғыртқанмен Қызылорда күрішінің Азия рыногында (Қытай, Үндістан, Үндіқытай) бәсекеге қабілетті болады деп күтуге болмайды, бірақ ол Қытай және Үндіқытай елдерінің күріштеріне қарағанда Ресей және басқа ТМД елдерінің рыногында, сонымен бірге Шығыс Еуропада бәсекеге түсе алады. 2017 жылдың аяғына Қызылорда облысында күріш өндірісін тұрақты дамытуға жету үшін өндірістің қазіргі ресурс үнемдейтін технологиясын енгізу, ішкі және сыртқы рыноктарда бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін күріш және оның қалдықтарын өңдеу; егіншіліктің экологиялық қауіпсіздігін арттыру негізінде күріш өндірісі мен өткізудің тиімді жүйесін қалыптастыру, облыстың су және жер ресурстарын сақтау және қалпына келтіру; күріш шаруашылық кешенін мемлекеттік басқаруды оңтайландыру жоспарланып отыр.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 <http://astanatv.kz/news/show/id/41786.html>
- 2 «Егемен Қазақстан» Республикалық газеті ААҚ, 2006
- 3 Изтаев Ә. І., Ермекбаев С. Б. «Өсімдік шаруашылығы негізінде астықтану». Оқулық. – Алматы, 2014. – 416 б.
- 4 Батырбаева Н. Б. «Өсімдік шаруашылығының жанама өнімдерін тиімді пайдалану негізінде құрама жем технологиясын жасау».
- 5 Изтаев Ә. І. «Өсімдік шаруашылығының өнімдерін өңдеу және сақтау» – Алматы : Дәуір, 2011.

### АГРОТЕХНИКА ВОЗДЕЛЫВАНИЯ КАРТОФЕЛЯ В ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ

САРСЕМБАЕВ М. С.  
студент, ПГУ имени Торайгырова, г. Павлодар  
ШАКУОВ А. К.  
ст. преподаватель, ПГУ имени Торайгырова, г. Павлодар

Картофель является важной сельскохозяйственной культурой. Клубни картофеля содержат белок высокого качества, хорошо усваиваемые углеводы, витамины, незаменимые аминокислоты, отсутствующие во многих других культурах и животноводческой продукции. Высокая урожайность, широкое распространение

картофеля имеет большое значение при использовании его как страховой культуры, что полностью относится и к условиям Северного Казахстана [1, 2].

Изучение картофеля имеет особую значимость с точки зрения технологии возделывания, сортимента, экологического, энергетического, экономического аспектов, хранения и использования урожая в Северном Казахстане. Изменившаяся ситуация в организации сельскохозяйственного производства в картофелеводстве ставит новые проблемы, которые необходимо решить науке. Переход к новым формам хозяйствования привел к существенным изменениям в отрасли. Прежде всего кардинально изменилась структура посадок культуры как в Российской Федерации, так и в Казахстане .

Основное производство картофеля переместилось из крупных и средних хозяйств к мелким землепользователям. Доля картофеля, производимого населением возросла в России с 62 % в 1992 г. до 94 % в 2010 г., а в Северном Казахстане эти показатели соответственно составили 51 % и 98 %.

На темно-каштановой почве сухой степи Северного Казахстана дальнейшее повышение продуктивности и улучшение качества картофеля является важной задачей для более полного обеспечения населения этим продуктом питания. Современные районированные и перспективные сорта картофеля имеют высокий потенциал продуктивности (70-80 т/га клубней). Однако в производственных условиях его удается осуществить лишь на 20-25 %.

Особенности климата Северного Казахстана характеризуются резкими колебаниями многих метеорологических параметров и поэтому данный регион относят к зоне рискованного земледелия .

При недостатке в почве элементов питания и влаги для получения выхода ранней продукции, повышения ее урожайности и качества необходимо вносить сбалансированные дозы удобрений, своевременно проводить химическую прополку и профилактическую обработку против болезней, применять стимуляторы роста и осуществлять полив.

Совершенствование в этом направлении традиционных, разработка и внедрение новых способов возделывания картофеля, обеспечивающих энергетическую, экономическую эффективность и экологичность применительно к климатическим условиям Северного Казахстана, актуальная, научная и народнохозяйственная задача.

Цель исследований. Определить пути повышения производства картофеля в Северном Казахстане путем разработки обоснованного комплекса элементов технологии его возделывания в сухой степи.

По данным статистического управления Павлодарской области картофель и овощные культуры возделываются на площади более 15 тыс. га, средняя урожайность которых остается еще низкой, что связано рядом причин: использование устаревших технологий и сортов, низкая обеспеченность хозяйств области чистосортными семенами, несовершенная технология посева, её затратность и малая эффективность применяемых удобрений, а также низкий уровень фитозащиты. Тогда как в новых рыночных условиях эффективность производства, его конкурентоспособность достигается лишь при условии внедрения инноваций, обеспечивающих сохранение лидирующей позиции на рынке. Подтверждением тому является использование новых сортов картофеля и овощных культур в производстве, отличающихся по продуктивности и качеству продукции, устойчивостью к неблагоприятным факторам среды в отличие от старых сортов.

Актуальность: Исключительную значимость данных культур в продовольственной безопасности страны показывает тот факт, что расширяются посевы под этими культурами, вводятся новые земли под орошение. В связи с чем, одним из основных реальных резервов повышения урожайности картофеля, овощных и бахчевых культур является их агроэкологическое испытание, что позволит рекомендовать производству новые сорта этих культур.

В конце девяностых годов селекционерами выведены новые сорта овощебахчевых культур, отличающиеся высокой урожайностью и отзывчивостью на орошение, что, по-видимому, побудило интерес многих исследователей к проблеме экологического сортоиспытания. Так, в 2004 в печати появляется методическое указание «Экологическое сортоиспытание картофеля в Казахстане», серии научных статей по экологическому сортоиспытанию с/х культур, расширилась зона исследований данного вопроса [4-6].

Ознакомление с работами этих авторов показывает, что генотип по своей специфике реагирует на конкретные почвенно-климатические условия по-разному. Большой интерес представляет данная устойчивость растений генотипа к различным стрессовым состояниям. Таким образом, работы, освещающие аспекты генетической специфики сорта, свидетельствуют о том, что на основе знаний особенностей сорта можно существенно повысить его урожайность в конкретных условиях.

Северо-восточный регион нашей республики обладает немалыми водными ресурсами, почвенный покров создает благоприятные условия для выращивания овощебахчевых культур, однако низкая влагообеспеченность зоны существенно ограничивает производительность сельхозугодий, поэтому повысить эффективность сельскохозяйственного производства можно на основе развития мелиорации, прежде всего орошения.

Учеными селекционерами РК сформирован богатый генофонд картофеля и овощных культур, создано более 70 сортов, разработаны новые, усовершенствованы существующие биотехнологические методы их оздоровления, что дает возможность выбора экологически устойчивых и отзывчивых сортов для конкретной почвенно-климатической зоны северо-востока Казахстана.

1 В сухой степи Северного Казахстана использование предпосадочной обработки клубней сортов картофеля разных групп спелости (Шортандинский и Темп) регуляторами роста (гумат натрия, крезацин и лайма) ускоряет на 3-5 дней появление всходов, наступление фазы бутонизации, цветения и обеспечивает более раннее клубнеобразование; увеличивает показатели максимальной, средней площади листьев и фотосинтетического потенциала на 9-11 %.

2 Применение регуляторов роста в фазе бутонизации усиливает темпы роста растений картофеля, способствуют формированию наибольшей площади листовой поверхности, что положительно отражается на продуктивности листьев – 45 г/м<sup>2</sup> сутки.

3 Регуляторы роста увеличивают количество клубней с одного растения в опыте с предпосадочной обработкой в среднем с 13 шт. в контроле до 24 шт. у сорта Шортандинский и с 14 до 27 у сорта Темп.

4 Обработка регуляторами роста повышает качество картофеля: сухого вещества на 0,4 %, крахмала – 0,3 % при содержании нитратов в 8 раз ниже пдк,

5 Применение регуляторов роста снижало общие потери клубней при длительном хранении на 0,9-1,2 % при 11 % в контроле.

В трехфакторном опыте в разные по метеорологическим условиям годы, урожайность картофеля зависела от сортовых особенностей на 30 %, от погодных условий – 27 %.

Способы обработки картофеля регуляторами роста влияли на 23 % при наибольшем взаимодействии между погодными условиями и сортовыми особенностями, а также между погодными условиями и способами обработки картофеля регуляторами роста.

Использование гербицидов достоверно не влияет на содержание сухого вещества и крахмала в клубнях. Остаточных количеств гербицидов в них не обнаружено. Гербициды не ухудшают сохранность клубней при длительном хранении.

Статистически установлено, что урожайность картофеля определялась в большей мере орошением 46 %, затем сортом – 21 % и формой поверхности – 14 %. При наибольшем взаимодействии сорта с орошением.

Эффективность применения удобрений выше при поливе по бороздам в сравнении с дождеванием.

#### ЛИТЕРАТУРА

1 Айтбаев Т. Е. Основные этапы развития и научные достижения Казахского НИИ Картофелеводства и овощеводства. Состояние и перспективы научных исследований по картофелеводству, овощеводству и бахчеводству. Алматы, – 2011. – С 3-18.

2 Амиров Б. М. Амирова Ж. С. Манабаева У. А. Жасыбаева К. Р. Скрининг коллекционных и селекционных образцов моркови на устойчивость к альтернариозу. /Сб. состояние и перспективы научных исследований по картофелеводству, овощеводству и бахчеводству. Алматы, – 2011. – С.91-98.

3 Бабаев С. А. Суховетская В. А. Бакыт А. Перспективные сорта картофеля на востоке Казахстана. /Сб. состояние и перспективы научных исследований по картофелеводству, овощеводству и бахчеводству. Алматы, – 2011. – С.136-139.

4 Васильев А. А. Урожайность картофеля в зависимости от густоты посадки и величины семенного материала в условиях лесостепной зоны Челябинский области. /Сб. состояние и перспективы научных исследований по картофелеводству, овощеводству и бахчеводству. Алматы, – 2011. – С.180-184.

5 Дергачева Н. В. Согуляк С. В. Анализ родословных сортов картофеля СибНИИСХ. /Сб. состояние и перспективы научных исследований по картофелеводству, овощеводству и бахчеводству. Алматы, – 2011, С.180-184.

6 Дубравин Н. К. Байрамбеков Ш. Б. Карнеева О. Г. Агроэкологическая оценка сортов картофеля при капельном орошении. /Сб. состояние и перспективы научных исследований по картофелеводству, овощеводству и бахчеводству. Алматы, – 2011. – С.236-240.

## БИОЭКОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ВЫРАЩИВАНИЯ КОСТРЕЦА БЕЗОСТОГО

СЕЙТКАНОВ Н. Т.

студент, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

АЛЬМИШЕВ У. Х.

д.с.х.н., профессор, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Для прорастания семян костреца безостого необходима оптимальная влажность почвы – 60-70 %. При меньшей влажности появление всходов задерживается, а увеличение влажности до 90-100 % приводит к гибели проростков от недостатка кислорода и поражения различными патогенными микроорганизмами. В последующие фазы роста оптимальной влажностью почвы является 75-80 % НВ.

Семена костреца безостого могут прорасти при температуре 3-5 °С, но оптимальная температура 23-25 °С. Отмечается положительное действие на прорастание семян переменной температуры почвы, повышенная дневная температура и пониженная ночная. Оптимальная температура для роста и развития 20-25 °С.

По данным Г. И. Макаровой, кострец имеет среднюю жароустойчивость. В сильную жару (до 38 °С) при большой сухости воздуха (до 13-8 %) он, как и другие злаки, значительно выгорает, но сухой переносит лучше многих трав.

Широкая экологическая амплитуда позволяет кострецу безостому произрастать на различных типах почв, но предпочтительнее для него рыхлые, хорошо аэрируемые почвы. Оптимальные условия создаются для него на аллювиальных почвах речных долин.

П. И. Ромашов отмечает, что кострец безостый может хорошо наращивать массу при рН от 4,6 до 5,9. Но лучшие условия для его роста и развития создаются при слабнокислой реакции почвенной среды (рН 6-6,5). Микробиологическая деятельность на таких почвах выражена лучше и более полно используются вносимые минеральные удобрения.

Не следует высевать эту культуру на почвах с близким уровнем залегания грунтовых вод – как растение глубокоукореняющееся, кострец безостый отрицательно реагирует на это.

Кострец безостый – светолубивая культура. Он лучше растет на открытых, хорошо освещаемых местах и сильно угнетается высокостебельными культурами, поэтому плохо переносит затенение

при посеве под покров. Следует учитывать эту особенность костреца безостого и снижать норму высева покровной культуры.

Кострец безостый – один из наиболее засухоустойчивых многолетних злаков для условий Казахстана.

Изучение зависимости засухоустойчивости растений от их физиолого-анатомических особенностей проводили главным образом с зерновыми сельскохозяйственными культурами. По кострецу безостому и его отдельным сортам по Казахстану такие исследования ранее вообще не проводились.

Н. Г. Андреев в течение ряда лет изучал засухоустойчивость костреца безостого, зависимость ее от физиолого-анатомических особенностей растений.

Исследования содержания воды в листьях показало, что водный запас изменяется в течение суток и наименьшая его величина отмечается в полуденные часы. Кроме того, с увеличением возраста побегов содержание воды в листьях уменьшается. У засухоустойчивых сортов водный баланс колеблется в течение дня и вегетационного периода меньше, чем у других сортов. Они отличаются большим содержанием воды, что положительно сказывается на процессе накопления сухого вещества.

Б. А. Келлер отмечал, что растение достигает большой засухоустойчивости и морозостойкости в результате повышения осмотического давления, связанного с накоплением в клеточном соке сахаров, и что растения засоленных почв достигают большего осмотического давления клеточного сока по сравнению с растениями влажных мест. Чем больше засоленность почвы, тем больше осмотическое давление. У молодых растений весной осмотическое давление меньше, чем летом, потому что почва в это время более влажная и концентрация солей слабее.

Б. А. Келлер разделил растения в зависимости от особенностей местообитания на растительные группы по степени возрастания осмотического давления.

В. Р. Заленский указывает на колебания осмотического давления в связи с различным расположением листьев и изменением внешней среды.

Н. А. Максимовым было показано, что высокая концентрация клеточного сока ксерофитных растений является одним из признаков засухоустойчивости этой экологической группы. Ученые пришли к заключению, что осмотическое давление в клетках возрастает при снижении воды в почве и при повышении содержания в почве

растворимых солей. Они считают, что способность накапливать в клеточном соке значительное количество осмотических деятельных веществ – признак ксерофитов, возникающий под влиянием условий местообитания.

При определении засухоустойчивости существенную роль играет степень колебаний сосущей силы у страдающих от недостатка воды растений. У наиболее устойчивых к засухе растений сосущая сила может достигать очень большой величины, у неустойчивых она значительно слабее.

Засухоустойчивые сорта костреца безостого постоянно имеют более высокое осмотическое давление.

Одним из важных признаков, характеризующих степень засухоустойчивости, являются устьичные движения в течение суток. Полученные результаты многих исследований по работе устьичного аппарата позволяют заключить, что:

– у всех сортов костреца безостого большой процент открытых устьиц отмечается на нижней стороне пластинки листа;

– с увеличением возраста в последующие фазы вегетации уменьшаются открытость и процент открытых устьиц, особенно в фазе плодоношения;

– работа устьиц в течение дня неодинакова, в середине дня процент и величина открытых устьиц меньше, чем утром и вечером, что объясняется усиленной транспирацией в утренние и вечерние часы;

– степень открытости устьиц и процент открытых устьиц у различных сортов костреца безостого различные. Наличие большего процента открытых устьиц и меньшая открытость их создают лучшие жизненные условия растениям, способствует засухоустойчивости.

Морфолого-анатомические элементы различных ярусов листьев неодинаковы. Размер клеток и устьиц в верхних листьях меньше, чем в нижних. Клетки и устьица листьев засухоустойчивых сортов костреца безостого крупнее с нижней стороны пластинки листа, чем с верхней. На верхних ярусах листьев значительно больше клеток и устьиц, чем на нижних.

Таким образом, у засухоустойчивых сортов костреца безостого отмечается более ксероморфная структура строения, поэтому эту биологическую особенность необходимо учитывать при подборе сортов костреца безостого для выращивания в условиях резкоконтинентального климата Казахстана.

## ЛИТЕРАТУРА

1 Андреев Н. Г., Савицкая В. А. Кострец безостый – второе издание, переработанное и дополненное, Москва ВО2. П. И. Ромашов – Удобрение сенокосов и пастбищ. – М., 1963.

## ТАРЫ ӨСІМДІКТЕРІНІҢ ТАМЫР ЖҮЙЕСІ

СЕРЖАН Б. Е.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

АЛЬМИШЕВ У. Х.


а./ш.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Тары бір дәннен тамыр жайып өсіп шығады. Оның тамыры 60 сантиметрге дейін және одан да әрі тереңге бойлап кетеді. Дән ұрығының тамыр өсімдік тіршілігінің ақырына дейін құрымайды. Тарының бір ұрық дәнінің тамыры қуаншылық болатын жерлерде өсіретін жаздық бидай тарыдай түсім бере алмайды. Түптену кезінде топырақтың үстінгі қабатында ылғал жеткілікті болмаса, оның дамуының келесі кезеңінде тарының жанама тамыр жүйесінің өсіп шығуы кешеуілдейді. Ақтобе облысының жағдайында дер кезінде жуан болмауы салдарынан тары өсімдігі ұзақ мерзім бойы бір дән ұрығынаң жалаң тамырымен тіршілік етеді, соның нәтижесінде өсімдік нәзік болып өседі. Сондықтан ол аңызак қзаққа созылса оларды көтере алмайды.

Ылғал жеткілікті болса, 2 жапырақ жайған кезде тарының жанама тамырлары құрала бастайды; 15-20 күннен кейін бұлар тереңге 40 сантиметр бойлап кетеді. Тамыр жүйесінің ең мықтап дамиды кезеңі тары өсімдігінің бас жара бостауына тура келеді. Тарының тамыры түптенгенге дейін тәулігіне 2 сантиметр өсіп отырады.

В. Ротмистровтың деректеріне қарағанда ылғал мол болса тарының тамыр жүйесі топыраққа терең бойлап жан жағына 100 сантиметрдей жайылып кетеді екен. Егістікті терең жырту тарының тамыр жүйесі неғұрлым қомақты болып өсуіне әсерін тигізеді.

Тарының тамырлары 120-130 сантиметрге дейін, жанама тамырлары 70-90 сантиметрге дейін топыраққа терең бойлап кетеді.



Сурет 1

Көптеген бұтақша тамырлаы топырақтың үстінгі қабатына жақын жатады (кесте 1)

Кесте 1 – Дәнді дақылдар тамыр жүйесінің қалыңдығы

Дақылдар	Іганың тамыр массасы, кг	Жер бетіндегі тамырға % есебімен		
		түптенгенде	гүлденгенде	Піскенде
Тары	458	29,8	18,0	7,7
Күздік бидай	1525	48,5	18,0	17,4
Жаздық бидай	1000	19,7	14,2	9,7
Жаздық арпа	640	52,0	45,6	11,1
Сұлы	3800	76,6	100,0	66,6
карақұмық	411	16,7	8,0	11,4

Тарының тамыр жүйесі түптеген, гүлдеген кезінде жаздық бидай мен қарақұмықтың тамыр жүйесінен гөрі күштірек дамиды, арпа мен сұлының тамыр жүйесіненнашарлай болады. Тары тамырының өсуі топырақтағы ылғалдың мөлшеріне қарай өзгеріп отырады.

Олардың тәжірибие станциясында тарының тамыр жүйесінің даму процесі қатарынан үш жыл (1963-1965 жылдар) бойы зерттелді. Осы зерттеу нәтижесінде әр түрлі сорттын шыққан тегіне қарай олардың алғашқы тамырша түбірінің өсуі де түрлі-түрлі болатыны анықталды. Қазақстанның және Волга бойының далалық өңіріне жататын тарының бастапқы тамыр түбірі тәулігіне 1,5-2 см өседі екен. Ал, Қиыр Шығыс, Шығыс-Азия тобына жататын тарылардың тамыр түбі бояу өседі, олардың тәулік ішінде өскені 0, 9-1, сантиметрдей болады.

Барлық сорттардың тамырлары түптену кезінде өсімдіктің жер бетіндегі бөліктеріне қарағанда анағұрлым.

Суармалы егіске егілген тарының тамыр жүйесі тәлімі егістегіден 1,5-2 есе мықты әрі қомақты да түбірлі болады. Тамыр жүйесінің кен жайылып өсуі нәтижесінде топырақ ылғалын мол пайдаланып, өсімдіктің ойдағыдай өсіп, дән жинауына жағдай туғызады. Оның үстіне ылғалға тарықпаған тары егісінің дәні салмақты, ірі, сөгі дәмді болады.

Көп жылдық зерттеу-тәжірибе жұмыстарының қорытындылары мен өндірістік мәліметтері тамыры ерте және мықты болып өскен, дамығандары егісінен мол өнім жиналатынын көрсетеді. Сондықтан тары егісінің топырағының ылғалы, әсіресе Қазақстанның қуаншылық болатын аудындарының өзінде сақталуына баса көңіл бөлу керек. Көктемде топырақ ылғалын жабу жұмыстарын тыңғылықты жүзеге асыру қажет. Тамыр жүйесі – бір өсімдікте болатын әр түрлі тамырлардың (негізгі, жанама, қосалқы) жиынтығы. Негізінен кіндік тамыр жүйесі және шашақ тамыр жүйесі деп екі типке бөлінеді. Кіндік тамыр жүйесінде білуленген жуан негізгі тамыры бар, оның жан-жағынан әр түрлі бағытқа жанама тамырлар таралады. Кіндік тамыр жүйесі бар өсімдіктер: сәбіз, картоп, қызанақ, орамжапырақ, т. б.(қос жарнақты өсімдіктердің барлығында болады). Шашақ тамыр жүйесінде ерекшеленіп білінетін негізгі тамыр болмайды. Қосалқы тамырлардың қаулап өсуі біркелкі жуандықта шашақталып жан - жаққа жайыла өседі, көбінесе дара жарнақты өсімдіктерде (бидай, жүгері, күріш, тары, сұлы, пияз, барлық пиязшықты өсімдіктер) болады.

Тамыр – өсімдіктің бірліктік, вегетативтік мүшесі, шектеусіз жоғары өсуі, оң геотропизмдік қасиеті бар, құрылысы радиалды

және ешқашан да жапырағы болмайды. Тамырдың қызметтері: Тамыр арқылы топырақтан суды және онда еріген минералды тұздарды сабаққа өткізеді; Өсімдікті топыраққа берік орнықтырады. Әр түрлі органикалық заттарды (аминқышқылдар, гормондар, т. б.) синтездейді. Кейбір тамырлар қоректік заттарды қорға жинайды; Басқа өсімдіктердің тамырларымен, микроорганизмдермен, саңырауқұлақтардың жіпшелерімен әрекеттеседі; Вегетативтік көбеюге қатысады [1].

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Нокин К. «Қазақстан тарысы». – Алматы, 1973. – 30-32 б.

### ЕУРОПАЛЫҚ САЯБАҚТАРДЫҢ ЛАНДШАФТТЫҚ ДИЗАЙННІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ТАЖИБАЕВА А. Б.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

КАСАНОВА Ж. Б.

аға оқытушы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Еуропалық саябақтардағы ландшафттық дизайн – бұл ХҮІІІ ғасырда Англияда пайда болған және табиғи түрге жақын жоспарлаудың элементтерін еркін орналыстырудың жиынтық болып табылатын, бақшалы- саябақ шығармашылықтағы бағыт. Жолдар мен аллеялар еркін, су қоймасы, алаңдар және шағын ормандар белгілі кеңістік жүйеде орналасқан. Ландшафттың, құрылыстың барлық элементтері мен отырғызылған өсімдіктер белгілі кеңістік жүйесінде композиция заңына сәйкес орналасқан саябаққа қарағандағы ерекшелігі, ол ландшафтты саябақтар неғұрлым еркін және табиғи жаратылысының қағидасына сай құрастырылады.

Ла Вилетт саябағын Американдық архитектор Б. Чумидін ландшафттық дизайн жобасымен 1987-1994 жылы Париж қаласының солтүстік-шығыс бөлігінде құрылған. Саябақ Ғылыми мен Техника Орталығының маңындағы 35 га жерді алып жатыр. Саябақ еркін ландшафты жоспарланып, келушілердің аумақ бойынша еркін орын алмасуына және бос уақытын қалай өткізуін таңдауға ыңғайлы. Бұл көп функционалды кеңістік өз бойына он бір тақырыптық ландшафттық дизайнды саябақты, абаттық және көгаландыру (бейне



саябағы, жел саябағы, тұман саябағы, бамбук саябағы, баларға арналған ойын сауық саябағы, су саябағы, айдаһар саябағы) қосады.

Саябақ аумағындағы кеңістікті бағдары ретінде қызыл түске боялған және 120 метр қадамдарды құрайтын ландшафтты жомпарлы жиі торының торабы болып табылады. Олар түрлі функционалды маңыздылыққа ие (музыкалық киоск, обсерватория және т.б.) және күндізгі, кешкі уақытта жұмыс істейді [3]. Саябақ аумағындағы белсенді келушілері бар объектілерге сфера тәріздес кескінді зал, XIX ғасырдан сақталған көрініс залы, театр, су асты кемелер және т.б. жатады.

Англия, Букингем, Сток саябағы тоқталатын болсақ, Лондоннан 96 км қашықтықта орналасқан Стоу саябағының тарихы 1680 жылдан басталады. Бастапқыда осы жерде Ванбергпен пайда болған жүйелі саябақ болды. Кейін осы 500 га жерді ландшафтты шығармашылыққа айналдыратын архитектордар Бриджмен және Кент жаңадан жоспарлауға кіріседі. Композицияның орталығы қыратта орналасқан сарай болады. Төменгі бөлігінде тоған – саябақтың екінші композициялық орталығы орналасқан. Көлемді кеңістікті шешім жабық алқапты және ашық кеңістіктегі бөлек ағаш пен топтар пейзажды көріністі құрайтын су қоры мен көгалдының қосылуының нәтижесі. Романтизм стилінде құрылған құрылыстар көп: үңгір, ғибадатхана және т.б. Ашық кеңістік – бұл негізінен көгал мен сәуле тәріздес кішігірім көк шалғын жерлер. Саябақтың басты ерекшелігінің бірі – айналадағы ландшафтпен қосылуы. Ашық саябақты кеңістік ауылдық егістікке және көгалға өтіп, архитектуралық құрылыстың көбі саябақ аумағынан тыс орналасқан. Тоғанның шығыс шетінде бірегей Палладиан көпірінен үлгі алып архитекторлардың көбі үлгі алады [4].

Франция, Мелён, Во-ле-Виконт саябағының ішінде шөп пен судың геометриялық түрде түзетілген бірнеше бақшалар, сонымен қатар ұқыпты бұтауланған ағаштарды, шілікте батып жатқан фонтан мен мүсіндер бар. Терраса жазықтығында шілтірлі гүлбақша, сулы партерлер, көлденең білікті арналар, тізбекті түрде қозғалыс бағытымен назар аудартады. Сарайдан терраса орталығынан өтетін жолда композициялық білік болып табылады [1]. Ол үлкен көлденең арнамен аяқталып, архитектуралық безендірілген дөңмен тұйықталады. Испания, Гранада, Альгамбра саябағы – архитектуралық-саябақты ансамбль оңтүстік Испаниядағы Гранада қаласының шығыс бөлігіндегі белесте орналасқан. Кезінде маврлар білік төстеген Оңтүстік Испанияда ландшафтты дизайн

испан-маврландық бағынты орын алды. XVIII ғасырдың басында Альгамбра бекінісінің солтүстік және оңтүстік-батысын айналып жатқан Альгамбрлі орман салынған. Су құбырлары, кішігірім бақшалар, әдемі құстарды кездестіретін жұмақты тоғай арасында сарайлар мен залдар жасырынған: Арыстанды сарайы, Мирта сарайы, V Карл сарайы, Мешуар және т.б. Саябақ ішінде ислам архитектурасы, су құбырының жазықтығында бейнесі көрінген сымбатты мүсіндерге бай. Ойластырылған суару жүйесі арабтарға бұл жерге тән емес көк пен гүлдерге толы жұмақ орнын салуға мүмкіндік берді. Көптеген фонтан мен су құбырлары қиялдағы шығыстық бейнесін тұйықтап сарайлы саябақ ансамбіліне ерекше ұлылықты береді. 1870 жылдан бастап Альгамбра сарайлы саябақ ансамбілі Испанияның ұлттық дәулеттіліктің белгісі [1].

Сондай ақ 32 гектар жерде орналасқан Кёкенхоф саябағы. Баданалы тәріздестің 7 млн (гиацинт, крокус, нарцисс, мускари). Олардың ішінен 4.5 млн қызғалдақ 100 түрлі. Ағаштардың шамамен 90 түрі. Аумақ бойынша көп санды көлдер, тоғандар, сарқырама, өзендер мен арналар орналасқан. Солардың көбісі кеме жүзуіне қолжетімді. Көпір мен кішігірім көпірлердің 40-тан астамы көлдер мен арналардың жағасын қосады. Барлық жаяужолдардың ұзындығы 15 км құрайды. Жол бойында нидерланды мен шет елдердегі түрлі дәуірдің шеберлердің мүсіндер шоғырланған: Кониинга, Кервеля, Вермера, Брунинга, Александра, Таратынова. Саябақ аумағында сонымен бірге: үй жануарларының фермасы, «Патша қалпақтарының павильоны», Ағылшындық шай павильоны, «Bollebozzen» балаларға арналған ойын сауық жиыны, мейрамхана, кафе, көлік қоятын орын. Саябақ үш жылыжайдан тұрады: Виллема-Александра павильоны (Willem-Alexandr) – амариллис, сүмбіл, лалагүл, құмыралы өсімдіктер мен қыш құмырадағы баданалы гүлдер. Оранже-Нассау (Orange-Nassau) павильоны-фрезия, гербер, раушан гүлдер, қызғалдақтар, сарыгүл, альстромериялар, нәркес, бақытгүл, аққанат пен қалампыр. Биатрикс павильоны (Beatrix) Нидерланды ханшайымының жеке павильоны. Саябақтың солтүстігіндегі диірменнің маңында. Онда орхидеяның экспозициясы орналасқан. Франциско Альварадо саябағы, Коста Рика Республикасындағы Зеркоро қаласында орналасқан. Саябақта біртума бақ-саябақтық дизайнін көруге болады. әдемі және сымбатты бақша жазушы Франсиско Альварадо атымен аталған. Таңғаларлық, бірақ бұл барлық ұлылықты бір ғана бақшы – Евангелистл Бланко құрастырып, идеалды түрде сақтап отыр. Евангелисто Бланко Бренес өзінің ерекше мақтанышы пілдің бүкіл денесіндегі мүсіні – оның

құрылысынына бақшы 6 жыл жұмсаған. Франсиско Альварадо саябағының тағы бір ерекшелігі бұталанған сауырағаш бұтасында маска жасау. Жасалыну стилі бойынша олар Орталық Америкадағы үндіс халықтарының ғибадатханаларында ғана көре алатын барельф. Жасалыну стилі бойынша Франсиско Альварадодыдаға бақшалы мүсіндер танымал колумбиялық суретші Фернандо Ботеро қолжазуына ұқсас [2]. Саябақ негізін бақшалы саябақ мүсіндері жасалынатынын қарағай мен сауырағашты өсімдіктер құрайды. Өнерлі бақшы Бренесте түрлі жануарлардың бейнесін, көп себеттер, сонымен бірге ұшақ, тікұшақ, билеген жұп және біртума абстракт фигураларды көруге болады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Юрий Андрушкевич. 100 мест, которые должен увидеть каждый. – ЭКСМО, 2015. – С. 24. – 96 с. – ISBN 978-5-699-78669-5.
- 2 Рековец Петр. Парк Кёкенхоф – королевство тюльпанов. Ландшафт. Ваш Сад (04 ноября 2015 г).
- 3 Курбатов Владимир Яковлевич. Всеобщая история ландшафтного искусства. Сады и парки мира. – ЭКСМО, 2008. 154 с.
- 4 Горохов В. А., Лунц Л. Б. Парки мира. Москва, 1985. 46 с.

### **МИНЕРАЛЬНОЕ ПИТАНИЕ ЯРОВОЙ ПШЕНИЦЫ ПРИ МИНИМАЛИЗАЦИИ ОБРАБОТКИ ПОЧВЫ В КАШТАНОВЫХ ПОЧВАХ ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ**

ТӘЖІБЕК У. Н.

студент, ПГУ имени С. Торайғырова, г. Павлодар

МУСТАФАЕВ Б. А.

к.с.-х.н., профессор, ПГУ имени С. Торайғырова, г. Павлодар

Внедрение влагоресурсосберегающих технологий на основе минимальной обработки почвы дает наряду с экономическими преимуществами еще и агроэкологические преимущества, данная технология возделывания защищает почву от ветровой, водной и биологической эрозии.

Обязательной технологической операцией при применении минимальной технологий является внесение так называемой компенсирующей дозы минеральных удобрений.

По результатам зарубежных исследований следует, что сокращение или отказ от механических обработок ведет к

снижению микробиологической активности почвы, замедлению процессов минерализации органического вещества и поступлению питательных элементов в почвенный раствор [1, с. 3-12].

Зачастую сельхозтоваропроизводители вносят удобрения, без особого анализа, без учета действительной потребности в элементах питания в почве. Ведь именно неграмотное использование средств химизации, нарушение существующих регламентов служат источником отрицательных последствий. Дозы удобрений должны быть оптимальными. Низкие дозы не обеспечат получение желаемого урожая, а при внесении чрезмерно высоких доз снижается окупаемость удобрений урожаем, и приводят проявлению негативных процессов. Избыток некоторых видов минеральных удобрений может даже понизить урожай, ухудшить его качество.

Ключевая проблема в земледелии региона – сохранение и повышение плодородия почв. По мере интенсификации сельскохозяйственного производства усиливается антропогенный фактор, который очень часто, к сожалению, приводит к нарушению динамического равновесия в природе и снижению количества гумуса, которое становится неконтролируемым и неуправляемым. Предотвратить дальнейшее падение естественного плодородия почвы, повысить производительность труда, надежно защитить ее от ветровой и водной эрозии, существенно повысить урожаи зерновых культур, обеспечить преодоление губительного действия засухи, а в конечном итоге, вывести сельскохозяйственное производство на мировой уровень помогут ресурсосберегающие технологии [2, с. 9-16; 3,4].

Обработка почвы – основное звено системы современного земледелия. Правильное регулирование ее позволяет создавать благоприятное состояние физических свойств почвы, отвечающее требованиям растений и способствует росту эффективного плодородия почвы [5, с. 211-212].

В связи вышеизложенными причинами, изучение систему применения минеральных удобрений под яровую пшеницу при минимальных технологиях возделывания в условиях Павлодарской области и эффективности видов, доз, способов и сроков внесения минеральных удобрений при ресурсосберегающих технологиях является актуальным. Разработка приемов управления минеральным питанием яровой мягкой пшеницы при минимальных обработках почвы повысит урожайность пшеницы, тем самым, обеспечит продовольственную безопасность, одновременно улучшая агроэкологическую обстановку. Для решения вышеперечисленных

проблем были поставлены следующие задачи исследований: улучшить агрохимические, водные и агрофизические свойства почвы в связи с оптимальными приемами регулирования применения минеральных удобрений под яровую пшеницу при минимальных обработках почвы; повысить продуктивность яровой пшеницы; определить экономическую эффективность приемов регулирования пищевого режима почвы.

Для решения поставленных задач нами были заложены экспериментальные опыты по разработке системы применения минеральных удобрений под яровую пшеницу при минимальных технологиях возделывания в условиях каштановых почв Павлодарской области согласно ниже исследуемой схемы:

Фактор А – предшественники

$A_1$  – пар (минимальный)

$A_2$  – зерновые культуры

Фактор В – различные виды и дозы внесения минеральных удобрений

$V_1$  – контроль

$V_2$  -  $N_{20}$

$V_3$  -  $P_{20}$

$V_4$  -  $N_{20} P_{20}$

$V_5$  -  $N_{20} P_{40}$

$V_6$  -  $N_{40} P_{60}$

$V_7$  -  $N_{60} P_{80}$

$V_8$  -  $N_{20} P_{20}$  (сложное удобрение)

Повторность опыта трехкратная. Размещение вариантов систематическое. Количество вариантов 8, количество делянок 48. S опыта – 768 м<sup>2</sup>. S варианта – 96 м<sup>2</sup>, S повторности – 128 м<sup>2</sup>, S делянки – 16 м<sup>2</sup>.

Результаты исследования. Результаты экспериментальных исследований показывают, что изучаемые элементы технологии оказывает положительное влияние на водный, нитратный режим питания, на полевую всхожесть и урожайность.

Водный режим почвы в отчетном году сложился благоприятно, перед посевом в метровом слое почвы по паровому предшественнику было 143 мм, по стерне – 112 мм.

Содержание нитратного азота по обоим предшественникам было в пределах средней обеспеченности в период посева и увеличивалось в период уборки из-за сложившихся благоприятных гидротермических условий. Такая же закономерность была и

по фосфору, значительных различий по нитратному азоту и подвижному фосфору по удобренным вариантам не установлено.

Полевая всхожесть и сохранность растений по удобренным вариантам по обоим предшественникам были высокие, при этом преимущество, как по пару, так и по стерне было на варианте  $N_{20} P_{40}$ .

Наибольшее содержание растительных остатков после уборки яровой пшеницы на вариантах удобрений  $N_{20} P_{40}$  – 31,2 ц/га и  $N_{40} P_{60}$  – 29,7 ц/га по стерне и  $P_{20}$  – 35,0 ц/га и  $N_{20} P_{40}$  – 38,6 ц/га по пару.

Урожайность яровой пшеницы повысилась в зависимости от доз удобрений по пару от 4,1 ц/га до 7,5 ц/га при урожае на контроле 16,5 ц/га, от 3,3 до 7,3 ц/га по стерне при урожае на контроле 15,2 ц/га. При этом наибольшие прибавки обеспечили варианты  $N_{20} P_{40}$ ,  $N_{60} P_{80}$  по обоим предшественникам.

На вариантах внесения азотно-фосфорных удобрений качественные показатели зерна яровой пшеницы значительно превосходили контрольный вариант.

Подсчет экономической эффективности применения удобрений показал, что наиболее высокий чистый доход обеспечивает по обоим предшественникам вариант  $N_{20} P_{40}$ .

Таким образом, при минимальных обработках южных карбонатных черноземов Павлодарской области более подходящим и эффективным вариантом будет внесение азотно-фосфорных удобрений в дозе  $N_{20} P_{40}$ .

#### ЛИТЕРАТУРА

Филонов В. М., Наздрачев Я. П., Мамыкин Е. В. Применение минеральных удобрений под яровую пшеницу на южных черноземах Северного Казахстана // Рекомендации. Астана, 2011. – С. 3–12

2 Кененбаев С. В. Проблемы и приоритеты научного обеспечения ресурсосберегающего земледелия в Казахстане // Диверсификация растениеводства и NO-TILL как основа сберегающего земледелия и продовольственной безопасности: матер, междунар. науч.- практ. конф., – Астана-Шортанды. 2011. – С. 9-16

3 Двуреченский В. И., Гилевич С. И. К вопросу обоснования необходимости перехода на новые ресурсо- и влагосберегающие технологии при возделывании зерновых культур // Вестник Сельскохозяйственной науки Казахстана науки. – 2005. – № 10. – С.37-41

Карипов Р. Х. Минимальная и нулевая технология возделывания яровой пшеницы в сухостепной зоне Северного Казахстана //

Диверсификация культур и нулевые технологии в засушливых регионах. – Астана – Шортанды. – 2013. – С. 123

Ирмулатов Б. Р., Абдуллаев К. К., Мустафаев Б. Р. Минимализация основной

обработки почвы в зернопаровом севообороте // Развитие идей почвозащитного земледелия в новых социо-экономических условиях. Шортанды. – 2003. – С. 211-212.

### **АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫНДА ФОСФОР ТЫҢАЙТҚЫШТАРЫН ПАЙДАЛАНУ НЕГІЗДЕРІ**

**ФАТКУЛИНА Н. С.**

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

**АЛЬМИШЕВ У. Х.**

а.ш.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Адамар ғасырлар бойы өзінің күнделікті өмірінде қоршаған органы, табиғатты игеруде көп тәжірибелер жинақтап, оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырды. Қазіргі кездегі ауыл шаруашылығы өндірісінің оның ішінде егіншіліктің даму деңгейіне адам баласы 12 мың жыл бойы жан жақты шұғылдану арқасында жетіп отыр. 1980 жылы жер жүзінде ауыл шаруашылығы өндірісінде 107 млн. тонна минералды тыңайтқыштар пайдаланып, әр гектар егістікке 7,1 кг тыңайтқыш енгізіліпті. Бүкіл тыңайтқыштардың шығу тегі, қолданылуы құрамы, алу тәсілі жағынан әр түрлі түрлерге бөлінеді. Олар шығу тегі жағынан минералды, органикалық, органикалық-минералдық және бактериалдық болып келеді. Минералды тыңайтқыштар шығу тегі жағынан аорганикалық заттарды табиғи минералдардан ауадағы азоттан немесе кейбір химиялық заводтардың қосымша өнімдері ретінде алынады. Ал түрлі жағынан азотты, фосфорлы калийлі, кейбір микротыңайтқыштарға (бор, марганец, молибден, мырыш, мыс, кобальт т.б.) бөлінеді. Шығу тегі, өсімдіктер мен жануарлардың органикалық қалдықтары, көң, фекалий, шымтезек, қаланың қоқыстары т.б. Құрамында органикалық минералды заттардың өзара химиялық және адсорбты байланысты болатын қосылыстар органикалық-минералды тыңайтқыштарна жатады. Олар органикалық заттарды (шымтезек, көмір, топырақ шірінділері, қоқыс, сланец т.б) минералды қосылыстар мен азоттың, фосфаттың және калийдің тұздарымен, немесе ерітінділерімен өндегенде алынады [1].

Минералды қоректену дегеніміз - өсімдіктердің минералдық тұздарды өз бойына сіңіру процесі. Бұл процессіз өсімдіктер бойында органикалық қосындылардың пайда болуы, яғни олардың өсіп-дамуы мүмкін емес.

Өнімнің сапасын арттыру үшін өсімдіктер өсіп-дамуының әр кезеңіндегі ерекшеліктерді еске алып, оларды қажетті қоректік заттармен тиісті мөлшерде әрі мерзімді қамтамасыз етеді.

Дақылдарды қоректік заттармен қамтамасыз етуде ескеретін жайттар:

– дақылдардың өсіп-дамуы кезінде қандай қоректерді қажет ететіндігі;

– өсімдіктердің сыртқы түр пішініне қарай берілген қоректік заттардың өсімдік қажетін өтей алмайтынын анықтай білу;

– өсімдіктің өнім құруына қолайлы жағдай жасау, оған қажетті қоректік заттарды қоректі кезеңінде беру.

Фосфордың тотыққан қосылыстары барлық тірі организмдер тіршілігінде маңызды роль атқарады. Бірде-бір тірі клетка фосфор қышқылының туындыларысыз өмір сүре алмайды. Нуклеопротеиндердің, яғни ядро клеткасының бөлігінде фосфор қышқылы болады. Белокта нуклеин қышқылының қосылыстары бар. Олар басқа органикалық қосылыстар тәрізді жоғары полимерлі коллоидтік мінез көрсетеді. Бұл күрделі қышқылдар рибонуклеинді (РНҚ), дезоксирибонуклеинді (ДНК) болып келеді. Олар 4 негізгі компоненттерден (нуклеотидтерден) тұрады. Оның құрылымындағы заттар организмдердің тұқым қуалау қасиетін сақтайды және белоктардың, т.б. қосылыстардың түзілуіне үлкен ықпал етеді. Нуклеин қышқылының құрамында фосфордың тотығы 20 процентке дейін барады. Өсімдіктердің барлық органдарында әсіресе жас кезінде фосфор көп болады. Қанттың фосфорлы қосылыстары, немесе кант фосфаттары олардың дем алуына күрделі углеводтардың түзілуіне, және әр түрлі қосылыстарға айналуына үлкен ықпал етеді. Оның үстіне жекелеген углеводтарға қарағанда фосфорлы қосылыстар әр түлі химиялық реакцияларға өте бейім келеді. Сол сияқты фосфордың органикалық қосылыстардың арасында аденозин үш фосфор қышқылы (АТФ) органикалық қосылыстардың түзілуіне қажетті энергияларды сақтап жинақтайды. Олардың құрамындағы адениннің азотты негіздері, рибоза углеводтары үш негіздегі фосфор қышқылының қалдықтарынан тұрады. Фосфордың минералды қосылыстары өсімдіктердің барлық органдарында, фосфорлы тыңайтқыштарды қолайлы нормаларда қолдануына қарамастан көп

жинақталмайды. Бірақта топырақтарда жылжымалы фосфордың көп болуы немесе фосфорды дақылдарға кешіктіріп қолдану, азоттың т.б. қоректі заттардың жеткіліксіз болуы өсімдік құрамында фосфордың минералды қосылыстарын көбейтеді [2].

Фосфорлы тыңайтқыштар- өсімдік құрамына қажетті фосформен қамтамасыз ету үшін пайдаланатын минералдық және органикалық заттар. Фосфорлы тыңайтқыштардың кен тараған түрі – суперфосфат және фосфорит ұнтағы. Фосфорлы тыңайтқыштардың суда, сілітілі нитрат ерітіндіде не лимон қышқылында еритін және қиын еритін түрлері бар. Суда еритін фосфорлы тыңайтқыштарға джай суперфосфат, қос суперфосфат, аммофос, диаммофос жатады.

Суперфосфат құрамында 14-19 % фосфор қостотығы бар, суда жақсы еритін, сұр немесе ақшыл-сұр түсті ұнтақ. Суперфосфат физиологиялық қышқылды тыңайтқыш, аздап ылғал тартады, табиғи жағдайда оның құрамында 2-2,5 % мөлшерінде бос фосфор қышқылы болады, сондықтан да оны көбінесе бейтарап және сілтілі топырақтарда қолданған пайдалы.

Тыңайтқыштың түйіршікті түрін реакциясы бейтарап және қышқылды болатын топырақтарға берген тиімді, өйткені өте ұнтақ күйдегі суперфосфат түрлі қосылыстармен қосылып, нашар сіңімді тұздарға айналады. Түйірлі тыңайтқыш топыраққа араласып кетпейді, сондықтан ондағы фосфорды өсімдік өзіне толық сіңіреді. Сонымен қатар түйіршіктенген суперфосфатта бос фосфор қышқылы да аз, сондықтан да ол аз дымқылданады және оның құрамында ұнтақ суперфосфатқа қарағанда фосфор біршама көбірек.

Преципитат – құрамында 25-32 % шамасында суда орташа еритін фосфор бар, ақ немесе ақшыл-сұр түсті ұнтақ. Бұл фосфор тыңайтқыштарының екінші тобына жатады, оның фосфоры көбінесе лимон қышқылды аммонийде жақсы ериді, яғни өсімдіктерге орташа сіңімді болады. Преципитат ылғалды аз тартады, ұнтақ күйінде топырақ бетіне шашуға ыңғайлы. Оны күзде, егістік танап топырағын өңдеу алдында қолданады. Преципитаттың тиімділігі, әсіресе оларды қышқыл реакциялық және ылғалы мол топырақтарда қолданғанда арта түседі.

Фторсызданған фосфат– ақшыл түсті тыңайтқыш, аздап ылғал тартады, суда және әлсіз қышқылдарда мүлдем ерімейді, өте ұнтақ болғандықтан қолданылған кезде шаңданады. Мұның құрамында 21-28 % шамасында сіңімді фосфор болады. Бұл тыңайтқыш көбінесе ылғалы мол, топырақ реакциясы қышқыл жерлерде әсерлі келеді. Топырақта баяу еритіндіктен 2-3 жылдық нормасын топыраққа бір-ақ рет, тек күзде сүдігер өңдеу алдында қолданады.

Фосфорит ұнтағында құрамында 22-25 % фосфор бар. Оны кәдімгі фосфорит кенін ұнтақтау арқылы алады. Фосфорит ұнтағы ежелден егіншілікте қолданылып келе жатқан тыңайтқыш, оны егіншілікте ылғалы мол, қышқыл реакциялы топырақтарда қолданады. Фосфорит ұнтағын әрбір дақыл түрліше пайдаланады, негізінен олардың тамырларының өсу ерекшеліктеріне байланысты. Фосфорит ұнтағын тиімді пайдаланудың негізгі жолы – оның 4-5 % немесе одан да көп жылға арналған мөлшерін топырақты терең жырту кезінде біржола қолданған тиімді, ол топыраққа берілген танапта аса көп өзгеріссіз ұзақ жылдар бойы жата береді және оның фосфорын дақылдар бірте-бірте сіңіреді.

Фосфор протоплазма мен клеткалар ядросының, биологиялық реакцияны тездететін көптеген ферменттердің құрамына кіреді, өсімдіктерде көмірсутегі пайда болуына қатысады, фосфордың кейбір органикалық қосындылары өсімдік мүшесінде энергияны бір дегре жинақтайтын аккумулятор рөлін атқарады. Фосфор тыңайтқышы дөңді дақылдардың қуаңшылыққа төзімділігін арттырады, өсімдікке нәр болатын ылғал мөлшерін сақтауға әсер етеді.

Фосфор тыңайтқышы өсімдіктің тамыр жүйесінің дамуын тездетеді. Соның нәтижесінде өсімдік қоректік заттарды жақсырақ пайдаланады, ылғалды көбірек сіңіреді де, өсімдіктің топырақ бетіне шыққан бөлшектерінің қаулап өсуіне әсер етеді. Өсімдікте фосфор жетіспесе, оның сабағы мен жапырағының өсуі тоқтайды да, тұқым салмайды.

Фосфорға зәру өсімдік жапырағының шеткі жиектері ширатылады. Онда күрең теңбілдер пайда болады, зақымдалған жерлерінің ұлпалары түсе бастайды.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Жаңабаев Қ., Арыстанғұлов С. Агрономия негіздері – Астана, 2010. – 336 б.

2 Әрінов Қ., Нығметов А., Серікпаев Н., Жұмағұлов И., Агрономия негіздері. – Астана, 2007.

**ЖҮГЕРІ ЖИНАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

ХАЙРАТХАН Р.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

АЛЬМИШЕВ У. Х.

а./ш.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

АЛЬМИШЕВА Т. У.

аға оқытушы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Жүгері жинауды бірнеше технологиялық әдіспен жүргізеді. Ол әдіс жүгерінің қандай мақсат үшін пайдаланатындығына байланысты. Егер жүгері мал азығы үшін жиналатын болса, онда оны піспей тұрған көк балауса кезінде сүрлем комбайнымен орып, сабағы мен собығын тұтас ұсақтап тұрайды да сүрлемге салады. Ал егер жүгеріні дән үшін жинайтын болса, онда оны толық піскеннен кейін жүгері комбайнымен жинайды, ал комбайн жүгері сабақтарын сүрлемге турап, собықтарын бөліп алады да сыртындағы орамдарынан тазартады. Тазаланған собықтарды арнаулы молотилкаларда бастырып дән алады. Жүгеріні дән үшін жинаған кезде астық комбайндарын да қолдануға болады. Ол үшін комбайнға арнаулы жүгері жинайтын қондырғы орнатылады. Ондай қондырғымен жабдықталған комбайндар собықты бөліп, дөнге бастырып, бірден тазалап шығарады [1].

Сүрлем дайындауға байланысты технологиялық жұмыстарды сүрлем комбайндары атқарады. Олар жиналатын дақылдың сабақтарын орады, тұрайды және ұсақталған массаны көлікке тиейді. Осы сүрлем комбайндарының КС-2,6; КСГ-3,2; КС-1,8 сияқты маркалары және арнаулы жүгері жинайтын қондырғымен жабдықталған астық комбайндары қолданылады. Сүрлем жинайтын комбайн. КС-2,6 әртүрлі әдіспен себілген жүгеріні, күнбағысты және басқа сүрлемдік дақылдарды жинауға арналған. Бұл комбайнмен биіктігі 4 м және диаметрі 40 мм сабақтары бар дақылдар сүрлемге туралады. Комбайнның алым кендігі 2,6 м «Беларусь» және ДТ-75 тракторларымен агрегатталады. Комбайн жатқадан, қалбағайдан, турағыш аппараттан, сүрлем тасығыш пен тиегіш транспортерден құралған. Комбайнның қалбағайдан басқа жұмысшы мүшелері трактордың қуат білігінен қозғалысқа келтіріледі, ал қалбағай қозғалысты жүріс дөңгелегінен алады. Жұмысшы мүшелері жүріс бөлігі бар рамаға бекітіледі. Жатқа мен қалбағай рамаға топсалы орнатылғандықтан жұмыс кезінде жер бедеріне икемделіп жүреді. Ол үшін жатқа сырғымамен және теңестірілгіш механизммен жабдықталған. Қалбағай айналмалы қалақшалардан тұрады. Оның қызметі кесілетін сабақтарды кескіш

аппаратқа жақындату, кесіліп біткеннен кейін жатқаға құлатып жатқызу. Қалбағайдың орналасу биіктігін гидроцилиндр арқылы өзгертіп отырады. Қалбағай белдікті және шынжырлы берілістер арқылы жүріс дөңгелегі әсерінен қозғалатындықтан, оның айналыс жылдамдығы агрегаттың жылдамдығына қарай өздігінен өзгеріп отырады. Өсімдік сабағының биіктігіне байланысты оның диаметрін 1800 мм шамасына дейін өзгертуге болады. Жатқа платформа бойымен жылжитын шынжырлы-планкалы транспортерден, кескіш аппараттар, сырғымадан және теңестіргіш механизмнен құралған. Жұмыс кезінде жатқа салмағының көпшілігі теңестіргіш механизмдегі серіппелерге түседі, шамалы бөлігі сырғымаға түседі. Сол сырғымалар көмегімен кескіш аппарат жер бетінен белгілі бір биікте жүреді. Машина қалыпты биіктікте кесетін кескіш аппаратпен жабдықталған. Мұндағы шалғы мен саусақтардың ара қашықтығы 90 мм. Платформаның бойымен жылжып жүретін шынжырлы-планкалы транспортердің жоғары білігі жетекші де төменгі білігі жетектелуші және кергіш қондырғымен жабдықталған. Транспортердің төрт шынжыр тармағы өзара планкалар арқылы жалғасқан.

Ұсақтағыш аппаратта қоректендіргіш білікше мен пышақты барабан бар. Қоректенгіш екі білікшеден тұрады. Оның біреуінің беті тегіс, екіншісінің бетіне қырлы планкалар бекітілген. Ол екеуін серіппе қысып тұрады және қарама-қарсы айналады, Қоректендіргіш біліктің артына қарсы кескіш пышақ бекітілген. Оны барабанның пышағы жанап айналады. Барабанға қисық дүзді пышақтар бекітілген. Ол кесу күші біркелкі болу үшін істеледі. Ұсақтағыш аппараттың жалғасы сүрлем тасымалдағыш болып табылады. Ұсақталған масса оның ішімен тасымалданып тиегіш транспортерге жетеді де әрі қарай көліктерге тиеледі. Машинаның жұмыс технологиясы мынадай ретпен атқарылады. Тракторға тіркелген комбайнның жұмысшы мүшелері іске қосылып, қозғалысқа келеді де егіс бойымен жылжи бастайды. Осы кезде қалбағай да айналып, сабақтарды кескіш аппаратқа жақындатады. Кесілген сабақтар жатқа транспортердің үстіне түседі. Транспортер ол сабақтарды қоректендіргіш білікшелерге жеткізеді. Білікшелер оларды арасына қысып әрі қарай жылжыта береді де кескіш барабанға жақындатады. Барабан сабақтарды қарсы кескіш пышаққа қысып кеседі де үлкен күшпен сүрлем тасымалдағышқа лақтырады. Сүрлем тасымалдағыштың ішінде барабан әсерінен ауа ағыны пайда болады да кесілген майда бөліктерді тиегіш транспортердің үстіне тастайды. Транспортер оны қатарда келе жатқан көлікке тиейді [2].

Сүрлем дайындайтын комбайн КС-1,8 «Вихрь» да сүрлем және көк балауса азық дайындауға арналған. Бұл комбайнның жұмыс технологиясы, КС-2,6 комбайндікі сияқты. Айырмасы – мұнда тиегіш транспортер болмайды. Кескіш барабанмен лақтырылған масса тасымалдаушы труба арқылы бірден көлікке тиеледі. Тасымалдаушы құбыр арқылы лақтырылу жылдамдығын арттыру үшін, кескіш барабан КС-2,6 комбайнындақыдай сабақтарды жоғарыдан төмен қарай кеспейді, керісінше, төменнен жоғары қарай кеседі. Кесілген сабақтарды бірден жоғары құбырқа қарай лақтырады. Бұл комбайнмен шөп ұнын дайындаған кезде дестеленген шөптерді де турауға болады. Ол үшін астық комбайндарында жатқа алдына жинап алғыштар (подборщик) бекітіледі. Астық комбайны мен сүрлем дайындау үшін оларды арнаулы қондырғымен жабдықтайды. Ол қондырғы жоғарыда айтылған ЖКН-2,6 м жатқасы мен И-15У ұсақтағыштан тұрады. Жатқа мен ұсақтағыш комбайн алдына бекітіледі. Жатқа жұмысы жоғарыда айтылғандай, ал ұсақтағыш аппарат турағыш барабан мен тасымалдаушы құбырдан тұрады. Ол көлбеу камерасы мен бастырғыш аппарат аралығына орналасады. Жатқа арқылы берілген сабақтар ұсақтағыш аппаратпен туралып, құбыр арқылы қатарда келе жатқан көліктерге тиеледі [3].

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Гуляев Г. В., Гужов Ю. Л. Селекция и семеноводство сельскохозяйственных культур. – М. : Колос, 1973.
- 2 Вавилов Н. И. Теоретические основы селекции. – М. : Наука, 1987.
- 3 Нургасенов Т.Н. Селекция и семеноводство сельскохозяйственных культур. – Алматы, 2009.
- 4 Нұғасенов Т. Н., Қойшыбаев Ә. Қ. Егіс дақылдарының селекциясы. – Алматы, 1993.
- 5 Нұғасенов Т. Н., Қалиев Ә. Қ., Жасыбаева Г. Д. Ауыл шаруашылығы дақылдарының селекциясы тұқым шаруашылығы. – Алматы, 2009.
- 6 Коновалов Ю. Б., Березкин Н. А. и др. Практикум по селекции и семеноводству полевых культур. – М. : Агропромиздат, 1987.

## ТОПЫРАҚТЫҢ НЕГІЗГІ ҚАЗЕТТІ ҚАСИЕТІ ОНЫҢ ҚҰНАРЛЫҒЫ

ШАЙЖАНОВА А.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

АЛЬМИШЕВА Т. У.

экология магистрі, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Топырақ құнарлылығы – топырақтың өсімдіктер дүниесін қажетті қоректік заттармен және сумен, ал тамыр жүйесін оттегімен, жылумен және қолайлы физикалық-химиялық ортамен қамтамасыз ету қасиеті. Бұл топырақтың ең басты қасиеті. Топырақ құнарлылығы. биоценоздың жалпы өнімділігі мен ауылшаруашылық дақылдарының түсім мөлшерін анықтайды. Топырақ құнарлылығын екіге бөледі: табиғи және жасанды. Табиғи топырақ құнарлылығы топырақ түзілу процесі нәтижесінде пайда болған топырақтың табиғи күйіндегі құнарлылығы. Ол қарашірінді қабатының қалыңдығына, қарашірінді құрамына, қоректік элементтердің жеткілікті болуына, топырақтың түйіршікті, минералды және химиялық құрамына, микробиологиялық процестердің қарқындылығына тәуелді.

Жасанды топырақ құнарлылығы сол табиғи құнарлылықты арттыру мақсатында қолдан жасалған көптеген әрекеттердің нәтижесінде (өңдеу, тыңайтқыштар қолдану, дақылдарды егіп өсіру, мелиорация, т.б.) алынады және егілген ауылшаруашылық дақылдарының түсім мөлшеріне қарай бағаланады. Топырақты қорғап және оны дұрыс пайдалана білсе, оның құнарлылығы артады. Табиғи құнарлылығы төмен, егіншілікке жарамсыз топырақтарды да адам қолымен жақсартып, егіншілікке қарқынды пайдалану арқылы жоғары өнім беретін алқаптарға айналдыруға болады. Табиғи құнарлылық пен жасанды құнарлылықтың қосындысы – экономикалық немесе тиімділік құнарлылық деп аталады.

Топырақтың қабатында өсімдіктерге қажетті қоректік заттардың қоры бар. Осы қор топырақ құнарлығын анықтайтын басты шарттардың бірі. Тек құнарлы топырақтарда егілген дақылдардан мол әрі сапалы өнім алуға болады. Құнарлы топырақта қоректік заттар мол болады. Оның су, ауа микробиологиялық белсенділігін бірқалыпты реттейді және механикалық құрамы жақсы болады. Әрине бұлар табиғат жағдайларына байланысты, әсіресе ол топырақты өңдеу арқылы қоректік заттардың қорын молайтқанда ескеретін жәйт.

Топырақтың құнарлығы дегеніміз оның өсімдіктердің өсіп дамуына сумен, коректік заттармен және ауамен бір мезгілде қажетті мөлшерде қамтамасыз етуі, сондай-ақ өсімдіктердің тіршілігін қолайлы жағдайда өткізу қабілеттілігі [1].

Өсімдік тіршілігінің барлық факторларына ықпал ететін агротехникалық және басқа шараларды комплексті жүзеге асырғанда ғана топырақтың құнарлығын арттыруға болады. Агротехникалық шаралар дұрыс және дер кезінде жүргүзілсе, табиғи топырақ құнарлығының кемімеуін толық қамтамасыз етуге мүмкіндік бар. Олар топырақты агробиологиялық агрохимиялық және мелиоративтік жағынан жақсартуға мүмкіндік туады.

Егіншілікте табиғи құнарлылық деп адам баласы араласпай-ақ топырақта факторлар түзілу процесін айтады. Егіншілікті игеруге байланысты топырақтың табиғи құнарлығымен қоса енгізілген өңдеу шараларын жасанды құнарлылық дейміз. Топырақтың құнарлылығын арттыруға көптеген агротехникалық шаралар ықпал етеді: топырақты ауыспалы егінжайлардың орналасуына қарай өңдеу тәсілдері, тыңайтқыштар қолдану, арамшөптерді күрту т.б.

Топырақ пен өсімдікті бірдей зерттеу керек, егер өсімдікке агротехникалық шаралар қолданса оның топыраққа да әсері бола ма жоқ па? Топыраққа қолданған шаралардың әсері өсімдікке де білінді ме? Егер біреуіне әсері болып, екіншісіне болмаса ондай агротехникалық тәсілді тиімді деуге болмайды, себебі топырақ пен өсімдіктің тіршіліктері бір-біріне тығыз байланысты.

Топырақтың ылғал ұстау қабілеті оның механикалық құрамына ондағы органикалық заттардың мөлшеріне және саңылау мен қуыстар көлеміне байланысты.

Топырақтың табиғи құрылысында бос су өз салмағымен (массасымен) топырақтың төменгі қабатына сіңіп кетеді. Осы жағдайда жер асты суы тереңде болса, ол топырақтағы су буға айнала алмаса, топырақ қабатында ұсталып қалатын жоғарғы су мөлшерін далалық ылғал сыйымдылығы дейді.

Суды топырақтың беткі қабатынан төменгі қабатына өткізу қасиетін топырақтың су өтетін қабаты дейміз. Ол топырақтың түйірлеріне, механикалық және органикалық құрамына байланысты. Танап топырағының белгілі бір уақытта суды бойына сіңіру мен бойынан өткізу қабілетін су түрде қатысады.

Топырақтағы судың мөлшері судың технологиялық қасиетіне, химиялық және микробиологиялық процестердің интенсивті өтуіне байланысты.

Көптеген ауыл шаруашылық дақылдар құрғақ заттарды құрау үшін судың орасан көп мөлшерін жұмсайды. Мәселен, бидай өзінің жер бетіндегі массасымен салыстырғанда тәулік бойынша шамамен 1,3...1,5 есе артық суды жұмсайды және де сіңірілген судың 90...95 % құрғақ заттың пайда болуына жұмсалады [2].

Қазақстан территориясында түсетін ылғал мөлшері. Жыл бойында жауын-шашынның орташа мөлшері далалық егіншілік аймағында 230-270 мм, мал шаруашылығы өркендеген шөлейт аймақта 180-230 мм, мал шаруашылығымен айналысатын шөл аймақта – 90-180 мм, Тянь-шань тауы бөктеріндегі аймақта – 210-400 мм, Алтай аймағында 400-800 мм аралығындағы болады.

Қандай топырақта болмасын азды-көпті ылғал болатыны мәлім. Топырақта кездесетін су түрлі құрамда болады, ол жыл мезгіліне, ауа температурасының өзгеруіне қарай түрліше күйге ауысып отырады. Әр түрлі сулар топырақтағы ылғалдың мөлшерін өзгертіп отырады. Оны топырақтың толық су сыйымдылығымен салыстырып, ылғалдың қандай түріне жататынын анықтайды.

Топырақтың ылғал сыйымдылығы – оның суды әр мөлшерде сіңіріп ұстай алатын қасиеті. Толық ылғал сыйымдылық деп топырақтың табиғи кеңістігі сумен толған жағдайды айтады

Ғасырлар бойы адамзат қоғамы негізінен табиғи құнарлылықты пайдаланып, соның берген азды-көпті өнімін қанағат тұтып келді. Бұрынғы кезде ұзақ жылдар бойы егіншіліктің үш танапты жүйесі орын алып, онда тың жатқан жерлерді жырттып, оған үш жылдай қатарынан егіс еккен. Ол жерлерден табиғи құнарлылығы арқасында өнім алып, одан кейінгі жылдары өнім азая бастаған кезде егістікті басқа жерлерге ауыстырып егу тәжірибесі өріс алып келді. Мұны егіншіліктің көшпелі жүйесі деп те атады. Дегенмен ғылыми-техникалық прогрестің даму нәтижесінде жерді үнемі дұрыс пайдаланған жағдайда, ол еш уақытта жарамсыз болып, істен шығып қалмайтыны белгілі болды. Керісінше жылдан-жылға жақсара түседі.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Качинский Н. А. Физиология почв. – 1965. – 191 с.
- 2 Кулаковская Т.Н. Почвенно-агрохимические основы получения высоких урожаев. – Минск, 1978. – 272 с.
- 3 Роде А. А. Основы учения о почвенной влаге. – 1969. – 661 с.



### 2.6.3 Мал шаруашылығының дамуы 2.6.3 Развитие животноводства

#### ЖШС «ҚЫЗЫЛЖАР – КУРЫМСЫ»-ДАҒЫ СИММЕНТАЛ ТҰҚЫМЫ МАЛЫНЫҢ ӨНІМДІЛІК ҚАСИЕТИ

АДАМОВА А. К.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ТЕМИРЖАНОВА А. А.

а./ш.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

АБЕЛЬДИНОВ Р. Б.

а./ш.ғ.к., қауымд. профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазіргіге сай талаптармен ірі мүйізді малдың өнімділігі мен сүтті өндірудің көбеюі дұрыс селекциялы-тұқымдық жұмыссыз бола алмайды, сондықтан селекциялы-тұқымдық жұмысын жануарлардың дамуы мен жоғары өнімділігінің бекіту іс-шаралар жиыны ретінде Қазақстан Республикасының барлық шаруашылықтарында жүргізу қажет.

Тұқымды шаруашылықта бөлек тізбекті және отбасылардың ерекшелігін ескере отырып, отарды жетілдірту мақсатында жоғары өнімділікпен және өз қасиеттерің болашақ ұрпақтарына қалдыратын таза тұқымды төлді өсірту.

Жоғары сыныпты төлдейтін малдың бар болуы, болашақ тұқымды жұмыс пен өнімділің циклінің негізі болып табылады.

І кестеде зерттеліп отырған шаруашылықтың жас және сыныпты құрылымы бойынша мәліметтері берілген.

Кесте 1 – Жас аралық құрылым мен жатырлы мал басының класстық құрамы

Жануарлар тобы	Жалпы үлгі саны	Кешендік класс		
		элита-рек	элита	I класс
Жалпы мүйізді ірі қара саны	2180	726	863	591
Өндіруші бұқалар	15	15	-	-
Сыырлар	800	395	265	140
Жөндеуші бұқалар	21	21	-	-
18 ай және бір жұмадан асқан тайшалар	296	85	109	102
12 айдан 18 айға дейінгі тайшалар	318	106	180	32

6 айдан 12 айға дейінгі тайшалар	225	84	106	35
6 айдан 12 айға дейінгі бұқалар	212	20	110	82
12 айдан асқан бұқалар	293	-	93	200

Есепті мезгілде барлығы 2180 мал басы бағаланды. 15 бұқа элита сыныбына жатқызылған – рекорд. ЖШС «Галицкое»-да сиырларды сынып бойынша реттеу келесі түрде: элита-рекорд сыныбына 265 мал басы, қалған мал басы I сыныпқа жатқызылған. Сал басын көбейтетін айғыр саны 21 элита-рекорд сыныбында.

Бие тобы бойынша 18 айдан үлкен 296 мал басынан – 85 мал басы элита-рекорд, 109 мал басы элита сыныбына, 102 мал басы – I сыныпқа жатқызылған.

Бие тобы бойынша 12 мен 18 жас аралығындағы 318 мал басынан 106 мал басы элита-рекорд сыныбына бағаланды; 180 мал басы элита сыныбына, 32 мал басы I сыныптың қалыпты түріне жатқызылған.

6 айдан 12 айға дейінгі биелер – 225 мал басы – 84 мал басы элита-рекорд сыныбына, 35 мал басы I сыныпқа бағаланды.

6 айдан 12 айға дейінгі айғырлар 212 мал басынан 20 мал басы элита-рекорд, 82 мал басы – I сынып. 12-ден және одан үлкен айғырлар 293 мал басы – 93 мал басы эдита сыныбында және 200 мал басы I сыныбына жатқызылған.

Тұқымды және өнімді шарушылықтарда сиырлардың сүтті өнімділігі тиянақты түрде жүйелі есебі өткізілуі тиіс.

Сүтті өнімділігінің жеке есебі бақылау сауында (10 күнде бір рет) жүзеге асырылады. Сүтті өнімділігі бойынша сиырлардың салыстырмалы бағалану 305 күндегі сүт шығу мен оның ұзақтылығы мен сауу күдерін белгілеумен болады.

Тұқымдық сүтті сиырлардың қасиеттері жақсы сүт шығу бойынша бағаланып, сонымен қатар өмірлік өнімділігі де ескеріледі. Тәуліктік сауым сүтінің максималды өлшеміне де назар аударту қажет, себебі ол желіннің сыйымдылығының көрсеткіші болып табылады.

Табынның жалпы өнімділігінің бағасы үшін сауымды сиырдың сүттің жалпы сауым мөлшері сауымды сиырларға бөліндісінен алынаын орташа сауым сүті анықталады.

Сүтті өнімділігі жасынан, тірі салмақтан, жануардың тұқымдық және жеке ерекшеліктерінен, физиологиялық тұрғысынан, жем беру шартынан, қолдануы мен күтуінен тәуелді. Сонымен қатар алғашқы тқлдеуінің жасы мен буаздығы, сиырды суалту, суалу кезеңінің ұзақтылығы, бұзаулау кезеңі, сауын сүтін арттыру мен оның техникасы.

Кесте 2 – Әр түрлі жастағы сиырлардың сүт өнімділігі

Көрсеткіш	1 лактация		2 лактация		3 лактация и старше	
	Мұт	Сv, %	Мұт	Сv, %	Мұт	Сv, %
Сиырлар :						
Сауым, кг	2522,6ү82,33	23,1	3077,7ү103,35	23,3	3536,0ү125,33	23
% май	4,0ү0,03	4,5	4,0ү0,03	4,63	4,1ү0,04	6,1
Сүт майлылығы, кг	100,9ү3,43	24	123,2ү4,38	24,63	143,0ү4,98	22,6
Тұқым стандарты:						
Сауым, кг	2150		2700		3100	
% май	3,8		3,8		3,8	
Сүт майлылығы, кг	82		103		118	

Кестенің берілгенін сұрыптап, сиырлардың өнімділігі жоғары екенін көз жеткізуге болады. Бұл туралы сүтті майдың барлық қалыптыдан 3 бөлімнен орташа алғандағы 0,2 бірліккі асып түсуі бойынша мәліметтер дәлелдейді. Сауым сүт бойынша сиырлардың мәліметі қалыптыдан асады, бірінші бірінші сүт шығуынан – 372 кг, екінші сүт шығуынан – 377 кг, үшінші сүт шығуынан – 436 кг.

Солай, сиырлардың тұқымдық қасиеттері тұқымның қалпынан барлық көрсеткіштері бойынша асып түскенін және осыдан шаруашылықта жануарларды күтудің оңтайлы жағдайлары жасалынып және лайықты деңгейде селекциялық жұмыстар орындалып отырғанын көруге болады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Садықұлов Т. С. Бексейітов Т.К. «Мал өсіру және селекция». – Кереку, 2009. –11 б.
- 2 Зеленков П. И. «Скотоводство». – 4 б.
- 3 Кинеев М. А. «Порода крупного рогатого скота Казахстана». – 8 б.
- 4 Сулейменов А. В. «Селекция және тұқым шаруашылығы». – 8 б.
- 5 Гужов Ю. Л. «Генетика и селекция по сельскому хозяйству». – 26 б.
- 6 Турбин Н. В. «Генетика с основами селекции». – 10 б.

## ЖШС «ЭМПК» ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ӘУЛИЕКӨЛ ТҰҚЫМЫНЫҢ ӨНІМДІЛІК ЕРЕКШЕЛІГІ

АЛЕЕВА А. А.

студент, С.Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

БЕКСЕИТОВ Т. К.

а.ш.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Әуликөл сиыры тез жетілгіш, жергілікті жағдайларға тез бейімделеді. Қыста жүні қалың өседі, қатал ауа райына жақсы көнбіс келеді. Түсі – ақшыл сұр. Бұқалары – 900-1125 кг, сауын сиырлары – 500-700 кг ет береді. Бордақылған 15 айлық өгізшелерінің тірідей салмағы 450 кг болады. Қазақстанның Солтүстік аудандарында өсіріледі.

Қазіргі таңда республикамызда етті бағыттағы мал тұқымдарын өсіру қарқынды дамуда. Мал шаруашылығының осы саласына аса зор көңіл бөлінуде. Ірі қара еліміздің мал шаруашылығы экономикасында маңызды орын алады. Халық шаруашылығына түсетін қаржының тең жартысына жуығын ірі қара шаруашылығы береді. Қазақстанда маманданған ет малшаруашылығы өз әлеуеті жағынан (тұқымдық база, саны, жайылымның болуы, малшаруашылық мамандары) мал шаруашылығының басқа салаларымен салыстырғанда болашағы жақсы. Республиканың жуық арада ет малшаруашылығы мейлінше дамыған елдердің бірінен саналуына мүмкіндік мол. Мамандандырылған ет малшаруашылығы өндірісі, технология, экономика және менеджмент өнімділік ерекшелігі жағынан малшаруашылығы жеке саласы ретінде қалыптасты. Ет малын дамытудың мақсаты мен мүддесі ретінде алынатын сиыр етінің сапасы мен шығынының аздығы, өсу қарнының жоғарылығын алға тарта ала аламыз. Ет малының технологиялық артықшылығы жағынан табиғи тағам жайылымын тиімді пайдалану, күрделі емес жабдықтары бар қарапайым имараттардың болуын да тілге тиек етеміз. Соған байланысты сонымен бірге биологиялық қасиетіне қарай ет тұқымы еліміздің барлық климаттық жағдайына бейім жазық, құрғақ дала, жартылай құмды, шөп-шаламды, тау етегіндегі жерде кеңінен таралып отыр.

«Әуликөл» тұқымы жеке тұқым ретінде 1992 жылы 27 наурызда Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылық министрлігімен бекітілген сараптама төрағасымен қарастырылған және мақұлданған. Қазіргі таңда республикамызда етті бағыттағы мал тұқымдарын өсіру қарқынды дамуда. Мал шаруашылығының осы саласына аса зор көңіл бөлінуде. Әр аймақта осы шаруашылықпен айналысып жатқан шаруа қожалықтары және асыл тұқымды фермалар аз емес. Солардың бірі

– «ЭМПК» жеке шаруашылық серіктестігі. Сұрыптау бағдарламасына етті мал жаңа тұқымын құру мақсатында етті тұқымдар: шароле, абердин-ангус, қазақ ақбасын шағылыстыру, жанастыру малын іріктеу әрі тандау, жемдеу және бағудың қажетті жағдайын жасау жатады. Бағдарламаның соңғы мақсаты: бойына шығыс тұқымдардың бар мықты жағына жинаған: көлемі үлкен, қарқынды ұзақ дамуға деген мүмкіндік, шароленің етжеңдігі, өсімшендігі, абердин-ангустын тұқымдығы, өндіру жағдайына бейімділігі, қазақ ақбас тұқымы етінің дәмдік қасиетін бойына жинақтаған жаңа типтес жоғары өнімді малды құру, қазақтың ақбас сиыры тұқымына қарағанда өзінің еттілігімен, етінің жоғары сапалылығымен ерекшеленеді. Әуликөл тұқымы малының бордақылаудағы 15 айлық бұқашықтың тірілей салмағы – 450 кг, 17-18 айлық жасында 520 кг, 24 айында – 620 кг болады. Бұқашықтардың қарқынды өсуі 8-15 айлығында 1000-1100 г, 8-18 айында 1100-1500 г, 8-24 айында 1030 г. 18 айлық бұқашықты сойғандағы ұша салмағы – 305 кг. Ұша шығымы 64-65 %. Бұқалардың тірі салмағы – 900-1120 кг, сиырлар – 500-700 кг. Сиырлардың шоқтығының орташа биіктігі – 130 см. Арнайы ет бағытындағы жаңа тұқым тез жетілгіштігімен, ет шығымы және сапасымен, жоғары өсімталдығымен, жергілікті жағдайға бейімделгіштігімен ерекшеленеді. Малдың түсі негізінен ашық сұр. Конституциясы мықты. Азық сапасы нашарлағанда және мөлшері азайған кезеңдерде төзімділігін көрсетеді. Қыс мезгілінде денесінде қалың түк пайда болады және Солтүстік Қазақстанның қатаң табиғи – климат жағдайына жақсы бейімделген.

Етті бағыттағы ірі қара малдың тиімділігіне әсер ететін тағы бір маңызды көрсеткіші – тұқымның көбею қабілетінің жоғары болуы. 100 бас сиырға шаққанда төлдер – 80-90 %, ал бірінші төлдегендер 95-98 %. Ірі қара малынан алынатын ет өнімінің молаюы және сапасының жақсаруына байланысты арнайы етті ірі қара тұқымдарын өсірудің қажеттілігі біздің елімізде зор маңызды жұмыстың бірі болып табылады. Осыған орай, республикамызда қазақтың ақбас, әуликөл, санта – гертруда, галловей, қалмақ, геррефорд тұқымдары өсірілуде Әуликөл малының Солтүстік Қазақстан аймағына бейімделуге икем селекциялық белгілердің шектерін анықтап, сұрыптау тәсілдері мен бағып-күту технологиясын, тұқым қуалау қасиетін зоотехникалық тұрғыдан іріктеп, жергілікті жерге бейімделген ұнамды тип малын қалыптасты Осының нәтижесінде, табынның негізгі бөлігін еттілік пішіндері жақсы айқындалған, тұлғасы созыңқы мал құрайды. Сақа аталық бұқалардың шоқтығының биіктігі 138,2 см, кеудесінің ені

67,8 см, кеудесінің орамы 241,3 см, тұрқының қиғаш ұзындығы 181,6 см, сиырлардың бұл көрсеткіштері 125,5, 46,8, 193,2 және 153,7 сантиметрге сәйкес.

«ЭМПК» шаруа қожалығының бұқалары мен сиырлары, негізгі дене өлшемдері бойынша тұқым стандартынан шоқтығының биіктігі – 3 және 4 см, кеудесінің ені 4 және 5 см, тұрқының қиғаш ұзындығы – 6 және 8 см, кеуде орамы – 6 және 8 сантиметрге жоғары. Жасына қарай бұқалардың орташа тұлғасының бағасы 92-100 балл, немесе элитарекорд класының талаптарынан 2-10 балға жоғары, сырт пішіні мен дене бітімінің бағасы бойынша сиырлар 3 жасында тұқым стандартынан 5 балл (20 %), 4 жасында 17 балл (23 %), сақа сиырлар 20 балл (26 %) басым түседі. Енесінің бауырындағы бұзаулардың тез өсіп – жетілуі ежелерінің сүттілігіне байланысты. Әуликөл сиырының етті бағыттағы сиырларға қарағанда біршама жоғары. Мысалы, тандаулы сиырдың сүттілігі 2100-2350 кг болып, орташа майлылығы 3,9-4,0 % жетеді.

Шаруашылықтағы сиырлардың сүттілігі алты айлық бұзауының салмағы бойынша анықталады. Енесінің бауырындағы бұзаудың жақсы өсіп-жетілуде сиырдың сүттілігімен тығыз байланысты болып келеді. Осыған орай «ЭМПК» ЖШС сиырларының сүттілігі, өндіріс мәліметтері бойынша, соңғы екі жылдың есебімен енесінің бауырында өсірілген алты айлық бұзаулардың салмағымен анықталады. Табындағы сиырлардың орташа сүттілігі шаруашылық бойынша бірінші бұзаулағанда 164,5 кг немесе 10,9 %, екінші бұзаулағанда – 171,2 кг немесе 7,0 %, үш және оданда көп бұзаулағанда 190,3 кг немесе 1,0 пайызға тұқым стандартынан жоғары болады. Сиырлардың сүттілігі алты айлық бұзауының салмағы бойынша анықтағанымызда төменгі сүттілік мөлшері анықталады, яғни әуликөл сиыры малында бір бұзаулағанда 164,5 кг, екі бұзаулағанда 171,2 кг, үш бұзаулағанда 190,3 кг. Бірақ, әуликөл тұқымының табындағы бір бұзаулаған 13 сиырдың сүттілігі – 188,5 кг, екі бұзаулаған 30 сиырдың сүттілігі – 194 кг-ға жеткен. Бұл элита-де рекорд класының талаптарынан тиісінше – 8,9; 6,0 % жоғары.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Оразбеков Ж. «Етті ірі қараны күтіп – бағу технологиясын жетілдіру» Жаршы, 1997. 25 – 28 б.

2 Шевхужев А. Ф., Легошин Г. П. «Етті ірі қара шаруашылығы және сиыр еті өндірісі: оқу құралы. – Ставрополь : Сервисмектебі, 2006. – 432 б.

## РЕАЛИЗАЦИЯ ГЕНЕТИЧЕСКОГО ПОТЕНЦИАЛА ХОЗЯЙСТВЕННО-БИОЛОГИЧЕСКИХ ПРИЗНАКОВ СИММЕНТАЛЬСКОГО СКОТА В УСЛОВИЯХ ТОО «ЖАНА-КАЛА»

АЛИНОВА А. А.

студент, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

КУСАНОВА Б. Т.

ст. преподаватель, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

В условиях северо-востока Казахстана под воздействием особенностей резко континентального климата из местных пород крупного рогатого скота формируются популяции с учётом местной линейной принадлежности [1]. Селекция скота симментальской породы невозможна без учёта генетических и паратипических факторов, влияющих на уровень молочной продуктивности коров [2]. Оценка хозяйственно полезной ценности скота и обуславливающих её факторов представляет собой актуальную проблему современного животноводства [3].

В связи с этим, основной целью явилось изучение хозяйственной полезной ценности популяции скота симментальской породы в условиях ТОО «Жана-кала».

В задачи исследований входило выявление хозяйственно-полезной ценности конкурентоспособного скота для производства молока.

Исследование проводили общепринятыми зоотехническими методами: анализ первичных документов животных и ежегодной бонитировки скота

Согласно программе «Агробизнес-2020»: Инвестиционная программа «Создание сети и развитие действующих молочно-товарных ферм» цель проекта КХ «Жана-Кала» это модернизация действующей молочно-товарной фермы 340 голов КРС, а проектная мощность до 3 000 тонн молочной продукции в год, общая сумма проекта составила 331,8 млн. тенге. Молочная ферма «Жана-Кала» – это предприятие высокой интенсификации животноводства, а это значит, что здесь делается все возможное для получения максимального количества молока при минимальных затратах труда и средства.

Ныне основу маточного поголовья хозяйства составляют 500 коров симментальской породы, при этом генофонд стада постоянно улучшается. 2009 году из Германии было завезено семья быков голштинофризской породы для искусственного осеменения

племенных тёлочек. В хозяйстве проводится целенаправленная селекционно-племенная работа со скотом симментальской породы.

В стаде создана благоприятная генетическая структура для постепенного перехода к линейному разведению: родственные группы коров от высокопродуктивных производителей различных отечественных и зарубежных пород симментальской, голштинофризской и айрширской.

В настоящее время продолжается селекционно-племенная работа, направленная на создание выдающихся препотентных улучшателей – будущих родоначальников линий, ценные генотипические достоинства которых предстоит превратить в достоинства маточного стада в последующих поколениях потомков.

Наиболее эффективное преобразование стада проведено за последние 10 лет. Следует отметить, что к началу этого периода, стадо симментальской породы в Павлодарской области представляло достаточно однородную самостоятельную популяцию, характеризующуюся стабильным потенциалом. Некоторые хозяйственно-биологические признаки животных представлены в таблице 1.

Таблица 1 – Характеристика популяции молочного скота в ТОО «Жана-кала»

Признаки	Симментальская порода	Айрширская порода
Масть и особенности экстерьера	окрас от палевого до красного, мощный костяк, развитое вымя и мускулатура	красно-белый или коричнево-белый с большим преобладанием белого цвета, развитое вымя
Живая масса	коровы – 500-600 кг, быки свыше 900 кг	коровы -400-550 кг и быки выше 800 кг
Промеры	высота в холке – 140 см, ширина груди – 70 см, косая туловища – 160 см	высота в холке – 130 см, ширина груди – 70 см, косая туловища – 150 см
Направление продуктивности	Молочно-мясное	молочное
Удой за лактацию	4- 4,5 тыс кг	4,5-5,0 тыс кг
Особенности породы		форма их рогов, они направлены в разные стороны, довольно крупные и светлые.

Потенциал молочной продуктивности коров селекционной группы в настоящее время составляет 4500-5000 кг за лактацию. Средний фактический надой за лактацию коров селекционной группы за ряд лет пока не превышает 4500 кг. У отдельных коров – 4500-5500 кг. При обосновании продуктивности молочного скота учитывали не только удои коров, но и качество молока. Средний жир по стаду составил 3,9 %.

Результаты анализа бонитировки свидетельствуют о том, что маточное поголовье симментальской породы достаточно типично для породы с хорошим экстерьером, крепкой конституцией и относительно хорошим потенциалом молочной продуктивности и соответствует всем требованиям стандарта породы.

#### ЛИТЕРАТУРА

1 Кинеев М. А. Породы и генетический потенциал крупного рогатого скота Казахстана. – Алматы : ТОО «Издательство «Бастау», 2014. – С. 49 -52.

2 Колокольцев Ю. К., Тореханов А. А., Таджиев К. П. Казахский красно-пестрый тип молочного скота. – Алматы : Бастау, 2007. –102 с.

3 Таджиев К. П. Молочная продуктивность и технологические качества молока симментал-голштинских помесей / К. П. Таджиев, Ю. К. Колокольцев, А. А. Тореханов//Зоотехния. –2014. –№2. – С. 12-15.

#### ЕТТІ БАҒЫТТАҒЫ МАЛ ӨНІМДІЛГІН ЖОҒАРЛАТУ

АСАИНОВА А. Н.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

СТАМБЕКОВ С. Ж.

профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазақстанның агроөнеркәсіп кешендерінің ең басты проблемасы мал өнімдерін өндіру процесін жоғарылату болып табылады. Себебі халықты жануар текті азық-түлікпен қамтамасыз ету ең басты пролема болып отыр. Егер сиыр етінің тез қорытылатынын ескерсек, ол витамин, нәруыз, май, минералды заттар көзі болып отыр, сондықтан оның адам рационьында қаншалықты маңызды рөл атқаратынын көруге болады.

Жылға дейін Қазақстан шаруашылығының материалды-техникалық базасы әлсіз болды. Малды азықтандыру технологиясы, малды күтіп-бағу, тәжірибие жүзінде іске асырылмады, азық

базасының жағдайы өте төмен азықпен қамтамасыз етілген болды. Ірі қара етін өндірудің ең негізгі қарқындалу факторы малды дұрыс жаю болып табылады. Жалпы 60-шы жылдары мал шаруашылығының өнімдерін өндіру ірі масштабта ұйымдастырылды, яғни колхоз және совхоздарды нығайту, сектораралық шаруашылықтардың санын көбейту. Бірақ, 1970 жылдан бастап., мал шаруашылық бағытындағы шаруашылықтарды мамандандыру жүргізілді. Азық базасы жақсартылуы өндірістің экономикалық көрсеткіштеріне жақсы әсер етті.

1951 жылы барлық категориядағы сиырлардың ұша салмағы 32,4 % болса, 1991 ж. – 34,5, 2003 ж. – 47,6 %; жеке секторлардағы ірі қараның ұша шығымы – соған орай 26,7, 30,9, және 86,3 % құрады.

Сиырлардың ұша шығымының жоғарылау себебі ет үшін өсірілген жас төл 27-28 айында тірі салмағы 380-385 кг-ға жеткен кезде ғана етке сойылған.

Республикада мал шаруашылығының жағдайы, мал өнімдерінің өндірілу деңгейіне сай болуы қажет. Бұл отандық тауар өндірушілерді қорғау үшін керек. Мал шаруашылығының төмен деңгейде дамуы, оның бағасы мен бәсекеге қабілеттілігінің төмен болуы республиканың Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру кезінде өзінің отандық тауар өндірушілерін қорғай алмау жағдайларына тап болады. Ішкі нарық сапасы жоғары құны төмен импортты өніммен толып кетеді. Сонымен қоса тіпті кейбірі экспорттық өндірісті субсидиялайды.

Соңғы он жылдықта қысқа мерзімде АПК-ны қайта ұйымдастыру және нарықтық нысандарға көшу салдарынан, мал өнімдерін өндірудің көлемі мен мал бас саны төмендеп отыр. Осылай, етке сойылатын ірі қараның тірі салмағы 386 (1991) дан 301 кг-ға (2010) төмендеген.

Ірі қара санының жетіспеушілігі, төмен өнімділік, бордақылау контингентінің болмауы, Қазақстанды белгілі бір мөлшерде азық-түлікті импорттауды мәжбүрлейді: етті-сүтті өнімдерді он млн долларға, осы қаржыны фермалық шаруашылықтардың және басқа да шаруашылықтардың материалдық-техникалық базасын нығайту үшін жұмсауға болар еді.

Етті бағыттағы шаруашылықты негізінен отандық құқымдар мен будандарды өсіру арқылы жетілдіру қажет.

Жас төлді өсіруді ұйымдастыру – тұқымның мінсіздікке жетуінің ең басты элементі. Малдың 25 % өнімділік қасиеттерінің табысты қалыптасуы селекциялық – тұқымдық жұмыстарға, ал 75 % азықтандыру және бағып-күту жағдайына байланысты деген тұжырым бар.

Ірі қара төлінің өсіп-даму жағдайы мал шаруашылығының ең басты проблемаларының бірі. Осы процестердің заңдылықтарын анықтау, әдетте экстерьерлік және интерьерлік көрсеткіштерге сәйкес жүзеге асырылады. Бұларды анықтау етті бағыттағы шаруашылықтарда маңызды, себебі олардың дене өлшемдерін алу, индекстерін анықтау жануарды бағалау үшін жиі қолданылады.

Айқын прогреске қарамастан, әсіресе асылдандыру ісін зерттеу кезінде, бірқатар маңызды мәселелер аз зерттелген. Атап айтқанда, өсу мен өзгергіштік экстерьер көрсеткіші біріншіден, ағзаның бақылауында, ал екіншіден, жеке дене мүшелер басқада морфологиялық процестермен байланысып соған тәуелді болады, ақыр соңында, уақыт қалыптастыру, өсіп-даму процесінде маңызды рөл атқарады.

Осы мәселелерді айқындау кезінде ерекше қызығушылық етті бағыттағы ірі қара малдың төлдері білдіреді, оларды өсіру, даярлау және мүмкіндіктері, сапалы етті өндіруді жоғарылату сұрақтарын шешудегі негізгісі болып табылады. Тәуелділік тәртібі бойынша алынған өлшемдерін зерттеу арқылы, етті бағыттағы жануарлардың өсу мен жетілудің жаңа және белгісіз заңдылықтарын болжауға болады.

Етті тұқымдардың 10-12 айлық бұқашықтардың интерьерлік және экстерьерлік көрсеткіштері тәулік ішінде, организмнің құрылысы жүйелер арқылы бақыланады. Дене құрылысының көрсеткіштері организм арқылы 2 жүйеге қалыптасады: «сымбаттылық» және «толықтық». Қаңқа сүйектерінің өсуі мен жетілуін бейнелейтін, «сымбаттылық» жүйесіне: кеуде индексі, ұзын аяқтарының индексі, созылу және өсіңкілік индексі. Ал «толықтық», яғни бұлшықет массасын бейнелейтін жүйеге: сүйектілік индексі, жамбас-кеуде индексі, дене жалпақтығы индексі, толықтық және еттілік индексі жатады. Құрылыстық- қызметтік ұйымы, осы жүйелердің тұрақтылығы мен мінез- құлқы уақытша өзгерістерге ұшырайды.

«Сымбаттылық» жүйесінде «толықтық» жүйесіне қарағанда, бұқашықтардың өсуі мен жетілуіне шығындалатын энергия 1,2 есе жоғары. Олар бұл схема бойынша жоғарылайды: қаңқаның жамбас сүйектерінің ені (жамбас- кеуде индексі), дененің артқы бөліктерінің еттілік сапасы (еттілік индексі), малдың салмақ бірлігіне ұзындылықтың даму (толықтық индексі), кеуденің еніне қарай өсуі (кеуде индексі), аяқтың ұзындығы бойынша өсуі (ұзын аяқтылық индексі), қаңқа жалпақтығы (сүйектілік индексі), біліктік қаңқаның өсуі (созылу индексі), дененің артқы бөлімдерінің өсуі (өсіңкілік индексі), дененің орта бөліктерінде еттілік сапасының өсуі (толықтық индексі). «Сымбаттылық» жүйесінде кеуде және ұзын аяқтылық

индексі ең төмен, ал қалған екеуінде олар 1,3 есе жоғары. «Толықтық» жүйесінде жамбас- кеуде индексі энергия шығыны бойынша ең төмен, ал толықтық индексі 2,6 есе жоғары.

Дене бітімінің, тәулік ішінде қорытынды элемент арқылы жүзеге асатын, индекстер жүйесінің қызмет етуі, организм құрылысы және дәрежесі көптеген кемшіліктермен үлгіленеді. Олардың сапасы даярлау мезгілінде және өнімдердің ауысу өтелуі барысында төмендейді.

Абердин-ангусс тұқымының будандарының бұқашықтарының қаңқа сүйектерінің жағдайын және ет сапасын жоғарылату үшін, 22-ден 6-ға дейін сүйек тінін, ал 22-ден 10-ға дейін бұлшықет тінін, жайылым кезінде минералды қоспалар мен алуан түрлі азықтармен қамтамасыз ету қажет.

Бұқашықтардың дене бітімін индекс тәсілі көмегімен анықтау барысында, экстерьерлік сипаттаманы қалпында ұстау үшін организмнің энергетикалық шығындарының біз өндеген сұлбасын қосымша пайдалануға болады.

## ВЛИЯНИЕ МОРФОФУНКЦИОНАЛЬНЫХ СВОЙСТВ ВЫМЕНИ НА МОЛОЧНУЮ ПРОДУКТИВНОСТЬ КОБЫЛ

БАТТАЛОВА Д. М.  
студент, ПГУ имени С. Торайғырова, г. Павлодар  
БУРАМБАЕВА Н. Б.  
зав. кафедрой, ПГУ имени С. Торайғырова, г. Павлодар

Молочность кобыл и свойства их молока представляют разносторонний интерес. Поэтому в процессе селекционно-племенной работы с любой породой лошадей необходимо учитывать молочность кобыл и свойства их молока, так как указанные качества могут служить очень важными показателями для характеристики племенного достоинства маток. Однако этим не исчерпывается значение молочной продуктивности лошадей: оно выходит за рамки, так сказать, внутренних вопросов коневодства, так как заключает в себе большие возможности в смысле производства из молока ценного питательного продукта – кумыса. Именно использование молочной, а также мясной продуктивности лошадей для увеличения продовольственных ресурсов страны и раскрывает значение коневодства как продуктивной отрасли животноводства.

Хорошо развитое вымя способно продуцировать и накапливать большое количество молока при доении кобыл и правильном их

кормлении. По свойствам вымени судят о молочной продуктивности кобыл.

Вымя кобыл состоит из двух половин. Каждая делится на переднюю и заднюю доли, молочные ходы которых между собой не сообщаются, но имеют один общий сосок. Соски бывают, как правило, конической, редко цилиндрической, грушевидной и неправильной форм. На кончике соска обычно имеются два и редко три или четыре отверстия. Стенка соска тонкая, эпидермис и мышечные слои менее развиты. Сосковые каналы, выстланные многослойным эпителием, между собой не сообщаются.

Для конструкции стакана доильного аппарата нужны промеры соска. Поэтому были отобраны 10 кобыл среднего возраста с типичными сосками и измерили их в различных плоскостях. Длина соска составила  $4,3 \pm 0,17$ , толщина в средней части –  $8,6 \pm 0,29$  см. У основания соска толщина достигала  $11,8 \pm 0,42$ , а у кончика –  $6,9 \pm 0,24$  см. Расстояние между сосками также важно при машинном доении. Близкое расположение сосков мешает параллельной постановке доильных стаканов. При широком же расстоянии соски растопыряются и под тяжестью стакановгибаются, что мешает выделению молока [1, с. 178]. У казахско-рысистых кобыл расстояние между сосками равняется  $6,0 \pm 0,47$  см. После доения оно уменьшается до  $4,8 \pm 0,46$ , длина соска сокращается до  $4,1 \pm 0,16$  см, и его толщина также несколько уменьшается, в соответствии с таблицей 1.

Таблица 1 – Зависимость промеров соска (Мұт) от функционального состояния молочной железы кобыл (n = 10)

Промеры соска	Сухостойный период	Лактационный период	
		Перед доением	После доения
Длина	$4,0 \pm 0,45$	$4,3 \pm 0,17$	$4,1 \pm 0,16$
Обхват в середине	$10,7 \pm 0,65$	$8,6 \pm 0,29$	$8,4 \pm 0,47$
Обхват у основания	$8,0 \pm 0,72$	$11,8 \pm 0,42$	$10,0 \pm 0,37$
Обхват у кончика	$4,7 \pm 0,54$	$6,9 \pm 0,24$	$6,5 \pm 0,28$
Межсосковое расстояние	$4,7 \pm 0,67$	$6,0 \pm 0,47$	$4,8 \pm 0,46$

Данные таблицы 1 показывают эластичность стенки соска, которая меняется в зависимости от функционального состояния вымени. При торможении молокоотдачи, несмотря на его наполнение, стенка соска сморщивается.

Существуют три формы вымени: чашеобразная, овальная и короткая. Наиболее характерна для кобыл кумысных ферм первая, отличающаяся равномерным развитием его обеих половинок и долей, что важно при машинном доении. Кобылы с равномерно развитыми долями доятся хорошо, и у них редки заболевания вымени. Кобылы все с неравномерно развитыми долями вымени доятся плохо.

Чаще всего встречается чашеобразная форма вымени, которая отличается от округлой большей длиной по средней и боковым линиям по сравнению с шириной. Как правило, у чашеобразного вымени более широко расставлены соски и они более утолщены у основания, что имеет определенные удобства при машинном доении.

Как показали анатомические исследования, между половинами вымени (внутри) находится соединительнотканная перегородка, которая играет роль поддерживающей связки. Между собой половины вымени, помимо соединительной ткани, связаны нервами и кровеносными сосудами, по их молочные ходы и железистая ткань друг с другом не сообщаются. В пределах каждой половины вымени имеются две обособленные доли – передняя и задняя. Молочные ходы этих долей друг с другом также не сообщаются; каждая доля имеет молочную цистерну и сосковый канал с самостоятельным выводным отверстием. Поэтому на каждом соске у кобылы по два отверстия – от передней и от задней долей вымени.

Передняя и задняя доли вымени могут быть одинаковыми, по часто встречаются кобылы, у которых значительно более развиты передние доли по сравнению с задними. Изредка встречаются кобылы с тремя долями в каждой половине вымени, что можно установить по наличию трех сосковых отверстий. Третья доля развита слабо и является нежелательной, так как меняет требования к режиму доения.

Молочные цистерны в вымени кобылы отливаются небольшими размерами, и в них может накапливаться лишь незначительная часть молока. Из цистерны вглубь железы ведут разветвляющиеся молочные ходы, имеющие сравнительно большое сечение. Вокруг молочных ходов расположены пучки волокон гладкой мускулатуры, под действием сокращения которых происходит выдавливание молока в момент сосания жеребенком или доения. Общий объем молочных ходов в 9-10 раз превышает объем сосковой и надсосковой цистерн. Именно из-за такой особенности строения вымени кобылы принудительно выдоить руками или машиной можно лишь около 10 % молока, то есть только то, которое находится в цистернах, а 90 % молока кобыла должна «отдать». В обычных условиях молокоотдача

происходит под влиянием жеребенка, его вида, акта сосания. Но можно постепенно выработать условный рефлекс молокоотдача на какой-нибудь раздражитель, например шум доильных аппаратов и т.д. Кобылы хорошо отдают молоко только при доении в привычной обстановке; посторонний шум, присутствие новых людей, изменение распорядка работы могут вызвать торможение отдачи молока.

Слабо развитые доли (чаще всего передние) выдаиваются раньше, чем хорошо развитые, в результате происходит вынужденная передержка стакана на передних долях, пока не кончится доение задних [2, с. 217].

Однако вопрос о форме и величине вымени кобыл нуждается в дальнейшем исследовании.

Функциональные свойства вымени – продолжительность доения, скорость молокоотдачи, равномерность выдаивания молока из отдельных четвертей вымени.

Молочность кобыл при других равных условиях зависит от емкости вымени и оптимального количества доек. У молодых маток по первой лактации емкость вымени невелика – от 0,6 до 1,5 л в зависимости от породы и индивидуальных особенностей. С лактацией она увеличивается и у 8-10-летних кобыл достигает максимума. Встречаются кобылы, емкость вымени у которых 2-3,5 л. У маток старшего возраста, чаще после 15-16 лет, емкость вымени уменьшается.

Ёмкость вымени кобыл определяется рядом факторов и колеблется в широких пределах – от 1,5 до 2,65 л, а в некоторых случаях доходит до 3,0-3,5 л и более [3, с. 198].

Существует корреляция между ёмкостью вымени  $V$  (дм<sup>3</sup>) и продуктивностью кобылы VR (л). Для различных пород этот показатель находится в пределах от 6,0 до 10,0. Он определяет в основном кратность доения в сутки до 8 раз через равные промежутки времени.

Снижение удоев до 1,0-0,8 л в сутки наблюдается к концу летнего периода лактации, в то время как на начало лета (июль-август) он составляет 6,5-5,6 л, а за 165-175 дней лактации – 1700-2020 л (из них 480-500 л приходится на выращивание жеребёнка). Товарное молоко составляет 1220-1450 л, т.е. около 71,7-71,8 % (72 %) [4, с. 88].

Для изучения взаимосвязи промеров и формы вымени с удоем кобыл было проведено наше исследование в КХ «Алтай». По методу «мини-стада» отобрана группа кобыл численностью 50 голов, известного происхождения и данными о продуктивности за 2009 год и имеющие различия в форме вымени и сосков.

Установлено, что молочная продуктивность кобыл в большей степени связана с длиной, обхватом вымени и шириной сосков, согласно таблице 2.

Таблица 2 – Молочная продуктивность кобыл в зависимости от строения вымени и сосков

Группа кобыл	n	Продолжительность лактации, дней	Удой, кг	
			за 180 дней	за лактацию
По длине вымени: длинное	6	235,0±15,68	1102,5±258,34	1174,2±267,35
среднее	35	200,3±8,97	723,0±69,6*	785,7±78,67
короткое	9	188,3±12,37	619,4±186,93*	662,1±213,83
По глубине вымени: глубокое	9	220,0±19,12	745,8±166,73	872,0±188,24
среднее	35	194,6±7,93	757,9±81,94	798,5±88,93
мелкое	5	210,0±28,06	640,2±200,85	747,2±273,03
По обхвату вымени: объёмистое	5	228,0±34,53	1007,4±366,78	1115,4±400,70
среднее	31	201,0±8,92	740,0±80,15*	797,6±89,24
малое	6	185,0±21,49	766,3±186,07*	815,5±217,06
По длине сосков: длинные	4	187,5±16,58	603,5±189,60	690,5±167,57
средние	37	199,5±8,01	752,2±79,20	831,2±86,31
короткие	8	198,8±20,04	638,3±206,60	746,3±231,70
По ширине сосков: широкие	5	180,0±33,54	1115,2±338,90	1160,4±350,70
средние	34	196,4±7,63	696,7±69,68*	757,2±80,96
узкие	10	219,0±17,03	676,0±168,16*	848,1±193,94
По расстоянию между сосками: большое	4	195,0±10,00	771,0±378,15	833,3±430,55
среднее	35	202,3±8,02	743,4±77,72	798,1±84,03
малое	10	198,0±21,71	751,4±160,73	842,3±188,87

Примечание: \* –  $p < 0,05$

Так, кобылы с длинным выменем, то есть преимущественно ваннообразной формы за 180 дней лактации дали 1102,5 кг молока, что было на 52,5 % больше, чем у кобыл со средним по длине и на 78,0 % больше, чем с коротким выменем, то есть округлой формы ( $p < 0,05$ ). Удой за лактацию кобыл с длинным выменем больше, по сравнению с животными, имеющими среднее по длине и короткое вымя, соответственно на 49,4 и 77,3 %. Продолжительность лактации у них также была выше.

Различия в удое кобыл, имеющих разное по глубине вымя, менее значительны и преимущество на стороне кобыл со средним по глубине выменем. Они превосходят животных с глубоким



выменем на 1,6 %, мелким выменем – на 18,4 %, но уступают по продолжительности лактации. Высоким удоем характеризуются кобылы с объемистым выменем, то есть большим по объёму, они же имеют и более продолжительную лактацию. По удою за 180 дней лактации они превосходят животных, имеющих средний объём вымени, на 36,1 %, мелкое вымя – соответственно на 31,5 % ( $p < 0,05$ ).

Кобылы с длинными и короткими сосками по удою за 180 дней лактации уступали животным со средними по длине сосками соответственно на 24,6 и 17,8 %, значительных различий в продолжительности лактации не установлено. Кобылы с широкими сосками имели явное преимущество над животными других групп, превышая их по удою за 180 дней лактации на 60,1 и 65,0 % ( $p < 0,05$ ), но характеризовались относительно короткой лактацией.

Расстояние между сосками в меньшей степени связано с молочной продуктивностью кобыл при различиях в удое 2,6 и 2,7 %. Отличия в продолжительности лактации также оказались незначительными.

Наши результаты исследования позволили установить, что желательной формой вымени у кобыл русской тяжеловозной породы можно считать такое, которое имеет достаточную длину (20-21 см), среднюю глубину (10-11 см), большой объём (30-31 см), не длинные (3-4 см), широкие (6,5-7 см) и широко расставленные (8 см) соски. Более высокой молочной продуктивностью отличались кобылы с длинным (1174,2±267,35 кг), объемистым (1115,4±400,70 кг) выменем и широкими (1160,4±350,70) сосками.

Приведем еще одно наше исследование. Оценку технологичности вымени кобыл коневодческой фермы КХ «Алтай» проводили в июне 2002 года в 2 смежных дня. Для ее проведения привлекался обслуживающий персонал фермы, работающий с одними и теми же животными многие годы. Суммарное количество надоенного товарного молока в дни проведения оценки не уменьшилось, лишь последняя дойка была в эти дни сдвинута на 38 минут в первый день и на 22 минуты во второй [3].

Вымя кобыл оценивалось глазомерно на третьем месяце лактации (с учетом месячного совместного содержания кобыл с жеребятками) в состоянии наполнения его молоком перед первой дойкой. Обследуя 17 кобыл кумысной фермы КХ «Алтай», установили определенную связь между формой вымени кобыл и их молочной продуктивностью, согласно таблице 3.

Таблица 3 – Взаимосвязь формы вымени кобыл с молочной продуктивностью

Форма вымени	Число кобыл	Удой за лактацию, кг (М <sub>у</sub> т)	В % к чашевидной
Чашевидная	10	750±72,0	100,0
Округлая	7	465±44,4	61,2

Как показали наши исследования, кобылы с чашевидной формой вымени в среднем имели удой равный 1415 кг, что на 525 кг или на 29,1 % выше, чем у кобыл с округлой формой вымени при высокой степени достоверности ( $P_{gt}; 0,999$ ).

Среди животных с желательной формой вымени большую долю (59 %) составляли кобылы, сочетающие кровь помесей русской тяжеловозной × карачаевской пород. В группе карачаевских животных было 41,0% кобыл, имеющих чашевидную форму вымени.

На основании изучения морфологических и функциональных свойств вымени можно сделать заключение, что для доения следует использовать кобыл с чашевидной формой вымени.

Разница в морфологических и технологических свойствах вымени кобыл дает возможность успешно вести племенную работу по данным признакам, отбирая для воспроизводства тех кобыл, которые сочетают высокую молочность с хорошим строением молочной железы.

Повышения эффективности коневодства можно добиться путем полного использования разносторонней продуктивности лошадей. В этом отношении существенное значение имеет молочная продуктивность, использование которой необходимо рассматривать не только как возможность приготовления из кобыльего молока кумыса, но и как получение дополнительной продукции, повышающей доходность отрасли.

#### ЛИТЕРАТУРА

- 1 Базанова Н. У. Функции молочной железы у сельскохозяйственных животных / Н. У. Базанова, Х. Д. Дюсембин. – Алма-Ата : Наука, 1973. – 268 с.
- 2 Черепанова В. П. Оценка дойных кобыл по форме и промерам вымени / В. П. Черепанова // Труды КНИИЖ. Т. 7, 1966. – С. 217
- 3 Федотов П. А. Коневодство. – Донецчина, 2000. – 224 с.
- 4 Поздняков В. Д. Совершенствование процесса машинного доения кобыл / В. Д. Поздняков, А. П. Козловцев, А. Н. Лисаченко // Известия

Алматинского государственного аграрного университета. – 2013. – № 3. – С. 88-90.

5 Хожаев А. Д. Хозяйственно-полезные признаки чистопородных карачевских лошадей и их помесей с русской тяжеловозной породы 2008. – 120 с.

## СИММЕНТАЛ ТҰҚЫМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

ДЮСЕМБЕНОВА А. М.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

БЕКСЕИТОВ Т. Қ.

а.ш.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Швейцария – ол симментал тұқымының шыққан жері болып табылады. Симментал малы Швейцарияға V ғасырда бургундирмен Скандинавия елінен әкелінген болатын. Симма өзенінің бойында жергілікті малдардың сұрыптау мен іріктеу нәтижесінде пайда болған тұқым. Бұл тұқымның пайда болуына қолайлы табиғи-тарихи жағдайлар, биік тау алқабындағы көгалдар, жайылымдар, тау аймағындағы таза климат және экономикалық факторлар жәрдемдесті. Елдегі ауылшаруашылық экспорты бірінғай мал өнімі мен асылтұқымды төлдерді сатуға негізделген. Қанағаттандыратын әр түрлі өнімділікті бағыттағы малдарды алу үшін селекциямен айналасуға мәжбүрледі.

Симментал малын өсірген кезде көбінесе қос бағыттағы малдарға үлкен дене бітімді және жоғары тірі салмаққа айрықша көңіл бөлген. Бұл тұқымның асылтұқымды сиырлары қолайлы өлшемдермен есептеледі: шоқтығының биіктігі 136-138 см, кеуде орамы – 210 см, тірі салмағы 700-750 кг. Бұқалардың шоқтығының биіктігі 144-146 см және тірі салмағы 1000-1100 кг болуы керек.

Жақсы азық базасы және қолайлы климаттық жағдайлар ірі малдардың қалыптасуына себептескен болатын. Симментал тұқым малы көбінесе Еуропада белгілі және де таралған.

Симментал популяциясы – барлық континент-құрлықтарда ең мәнді болып келеді (Симментал малының дүниежүзілік ұйымының мәліметтері бойынша, сүт және ет бағытындағы мал саны 42 млн. бас).

XIX ғасырдың ортасында симментал малдарын Орталық Еуропаға әкелген болатын, содан соң олар жеке популяция болып қалыптаса бастады. Әр аймақтарда оларды симментал, шұбар сиыр (флексфи), тшате руж, пэццата росса, пье руж, монбельярдская деп атады. Кейірек симментал тұқымы оңтүстік Африкада пайда болды. Қазіргі таңда бұл

тұқым Азияда, Солтүстік және Оңтүстік Америкада таралған. Бұл тұқымның үлкен топтары Ұлыбритания, Ирландия, Дания, Швеция елдерінде бар. Украина, Белоруссия, Болгария, Польша, Қытай елдерінде орташа табындар кездеседі.

ауылында – 122 адам, жер көлемі 34,55 шаршы шақырым, Қаражар ауылында – 60 адам, жер көлемі 32,33 шаршы шақырым, Тай ауылында – 346 адам, жер көлемі 29,2 шаршы шақырым, Көксиыр ауылында – 64 адам, жер көлемі 9,3 шаршы шақырым, Талдықамыс ауылында – 52 адам, жер көлемі 8,7 шаршы шақырым.

Ауылдық округте 47 ауылшаруашылық құрылымдар жұмыс істейді, оның ішінде шаруа қожалықтар – 47.

Ауылдық округте барлық шаруашылық бойынша ірі қара мал саны – 5550 бас, қой мен ешкі – 9405 бас, жылқы – 2338 бас, түйелер – 12, шошқалар – 10 бас, құстар саны – 1067. Барлық мал түрлерінің өсуі байқалады.



Сурет 2



Сурет 3 – Тай ауылының мал дәрігері Құлмағанбетов Б. Ә. және Бекишев Ф. Қ. жұмыс үстінде

Мал басын жұқпалы аурудан аман сақтау мақсатында, жыл бойы ветеринарлық профилактикалық жұмыстар өз мерзімінде өткізіліп тұрады. «Алексей» шаруа қожалық басшысы Гриценко Алексей, «Нұрлан» шаруа қожалық басшысы Обаев Нұрлан, «Ербол» шаруа қожалық басшысы Утебеков Эдил шаруашылығын дамыту жолында қажырлы еңбек етіп келеді. Мемлекеттік атқарушы органдардың негізгі міндеттерінің бірі қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге көмек көрсету болып табылады. Бұл бір жағы азық түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге септігін тигізсе, екіншіден ел экономикасын дамытып, халықты жұмыспен қамтуға мүмкіндік береді. Етті ірі қара мал шаруашылығының мамандандырылған саласын дамыту және өндірілетін еттің көлемін өсіру сұрақтары да өз шешімін тауып отыр. Бір ғана Талдықамыс ауылының шаруа қожалықтарына келер болсақ: қазақтың ақбас сиыры шетелдің асыл тұқымды малынан еш кем емес екендігін ауыл өңірі жұртшылығы көз жеткізді. Сондықтан да ірі қараның осы түрін көбейтуге ден қоюда. Мәселен Тай ауылында асыл тұқымды мал өсірумен айналысатын 7 шаруашылық болса соның барлығында ақ басты сиырлар күтіліп бапталады. Малдың күтімі келіссе, оның өнімі мол болады. Осыны жақсы білетін ауыл тұрғындары бүгінде осы малды баптап өсірумен айналысады. Сонымен қатар осы салада күнкөріс көзіне айналған бірнеше ауыл тұрғыны өз отбасыларын асырап отыр. «Таубай» шаруа қожалық басшысы Құлмағанбетов Нұржан Әубәкірұлы, «Дархан» шаруа қожалығының иесі Тасыбаев Сансызбай Жайлаубайұлы, ауыл тұрғындары Бекишев Фанис Қайратұлы, Иманқұлов Баян Кенжебайұлы, Насыров Мақсұт Айтпайұлы, Запкенов Серік Дайырханұлы, Рахимбаев Асылбек Аманжолұлы осы ауыл шаруашылығы нәтижесінде төрт түлік малды өсіріп, шаруашылықтарын дөңгелетуде. Бұл орайда мемлекеттің қолдауы үлкен көмек. Әзірге өсірген төлін сатумен айналысып келе жатқан ауыл тұрғындары болашақта ет экспорттап, сүт өндіруді жоспарлайды. Себебі қазақтың ақ бас сиыры етті, әрі сүтті. Қай жағынан алып қарасаң да тиімді, пайдалы. Ақ бас сиыр күніне 1 кл аса салмақ қосады, еті мөрмәрдай. Тағы бір ерекшелігі еліміздің табиғатына бейімделген, қысқа төзімді. Түліктің осындай ерекшелігін түсіне бастаған жұртшылық сондықтан да оған осындай қызығушылық танытып отыр. Ал бұл облыстың ет экспорттау әлеуетін арттырады. «Мал баққанға бітеді», – бұл қазіргі ауыл тұрғындарының қағидасы. Әуел баста ел қатарлы 4-5 сиыр ұстаған ауыл тұрғындарының 70 пайызында қазір жағдайы жақсарды десек артық айтқандық емес [1].

«Көзін тапсаң ауылда кәсіптің түрі көп». Ұсақ қашалық жайлымдық учаскелерге бөлінген суармалы мәдени жайылымдарда, фермада немесе жыйылымдық ортада тәулігіне малды үш рет суарудың экономикалық жағынан ақталуы да мүмкін.

Егер жайылым фермадан немесе жайылымдық ортадан үлкен қашықтықтарға алыстатылған болса, малды әрбір қашада сумен жабдықтауды қарастыруға болады. Жайылымда су ішетін құралдардың мөлшері астауға екі жағынан да келуін қамтамасыз ету есебімен 1 ірі қара және жылқы үшін 0,5 м, қойларға 0,2 м қабылданды. Бір жақты қолданылатын астаулардың ұзындығы 1,5 есе ұзарады.

Кесте 1 – Малдың жылдың әр түрлі маусымында суға мұқтаждығы (1 малға тәулігіне литрмен)

Малдың түрі мен жасына қарай топтары	Көктем	Жаз	Күз	Қыс	Жыл бойынша Орташа тәуліктік
Мүйізді ірі қара:					
Сиырлар	45-55	60-70	45-55	40-50	50-70
2 жасқа дейінгі төл	30-35	35-40	30-35	20-25	30-40
6 айлық бұзаулар	12-15	15-20	12-15	11-13	15-20
Ересек қойлар мен					
Ешкілер	4-5	5-6	4-5	2-3	3-5
Қозылар	2-3	3-4	2-3	1-2	2-3
Ересек жылқылар	45-50	50-60	45-50	30-35	45-50
Құлындар	25-30	30-40	25-30	20-25	25-30
Түйелер	45-50	60-70	45-60	40-50	50-60

Жайылымдық учаскеден (қашадан) суармалы мәдени дақылдық жыйылымдағы су ішетін орындарға дейінгі рұқсат етілетін ең көп қашықтық: сауын сиырлар үшін – 1-1,5 шақырым, ірі қара малдың төлі үшін – 0,5-1,0; қой мен ешкілер үшін – 2-2,5; енесінен айырылған төлдер үшін 0,5-1,0 шақырым.

Сумен жабдықтау тәсілдеріне байланысты суармалы жайылымдардағы мал үшін су шығынының мөлшері жайылымдық орталықтағы (фермадағы) және кезекті жайылудағы тікелей қашалардағы су ішетін орындарға қарай мөлшерлеп бөлумен орналастырады.

– Ету жұмыстары, сондай-ақ ауыл шаруашылық малдарын диагностикалау, аллергияға, бактерияға толық зерттеу жұмыстары дер кезінде орындалды. 2015 жылы 42 888 бас ірі қара мал бруцеллезге тексерілді, 239 бас ауру мал анықталды. Бруцеллезге шалдыққан ІҚМ басым бөлігі Ә. Марғұлан атындағы ауылда – 61 бас, Зеленая рощада

– 45 бас, Ақкөлде – 23 бас, Тай және Көксиыр ауылдарында 19 бастан анықталды.

Бруцеллезбен ауырған малдың құнын қайтару үшін 2015 жылы бюджеттен 7,4 млн. теңге бөлінген, ауру малдың құнынан 50 % көлеміндегі қалған бөлігін ет өңдеу комбинаты қайтарған. 2016 жылға 6,0 млн. теңгеден аса қаражат қарастырылған.

Мал сою тұрғысында санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды орындау шеңберінде өңірдің ауылдық аймағында 10 қасапхана жұмыс істейді. 2016 жылы зерттелген ұсақ мал саны – 59800 бас болды.

2017 жылдың 5 наурызында Тай ауылында пастереллез ауруынан ауырған бірнеше мал анықталды. 50-дей ірі қара мал өлді, әлі де ауруға шалдығып жатқан малдардың саны анықталуды. Облыстық ветеринария басқармасы мамандарымен біріге отырып, паталогиялық материалдар арқылы тексеруден кейін жануарларға пастереллез деген диагноз қойылды. Аталмыш сырқаттан адамдарға қауіп жоқ. Осыған орай ветеринарлық дәрігерлердің сырқаттың себеп –салдарын анықтау мақсатында ауылда күндіз –түні жұмыстар да жүргізілуде. Мамандардың көмегімен ауырған малдарға сиптоматикалық терапия тексерілуі де жүргізілуде. Жалпы қара малға жұғатын мұндай дерт бұған дейін облыста 2010 жылы тіркелген болатын. Тай ауылындағы 200 –ден астам қара малдың, 50 бас ірі қарасы өлсе соның 16 –сы осы өңірдегі «Гриценко» шаруа қожалығына тиесілі еді.



Сурет 4

Жайылымды кешенді игеру. Ауыл шаруашылығы өндірісіне табиғат жайылымдықты кеңінен енгізбей тұрақты азықтық қор құру мүмкін болмайды. Олар ірі азық пен жайылымдық азық өндірісін

көбейтудің бірден-бір көзі болып табылады. Қазақстан тарихи мал шаруашылықтық аймақ. Жайылым жем-шөптің негізгі түрі болып табылады. Сондықтан жайылымдық мал шаруашылығының дәстүрлік салалары қой шаруашылығы, етті ірі қара, табандық жылқы дамыған.



Сурет 5

Өңірде кезеңдік жайылымдарда да тұрақты шаруашылықтар ұйымдастыру, оларда пайдаланатын жерлердің тұрақты шекараларын белгілеу, дәстүрлі әр кезеңдік, жайылымдық алқаптарға көшу жолдары да алға қойылған. Басқа сөзбен айтқанда бұрынғыдай жайылымдық шөп жерлер шаруашылықта жеткілікті, енді олар төрт маусымда пайдаланылатын жайылымдарға орналастырылады [2]. Жаңа ұйымдастырылған жағдайларда шаруашылықтар сол жусанды шаруашылықты сызық сораңды немесе астық тұқымдасты жусанды жайылымдарды енді ең кемінде үш маусымда көктемде, жазда, күзде, ал бірқатар аудандарда қыста да пайдалануға болады. Қазіргі кезде көптеген отарлар төлдеудің, ал кейбір шаруашылықтарда тіпті қой қырқудың аяғына дейін яғни жаздың ортасына дейін жүргізіледі. Жаңа совхоздар жұмыс істеген алғашқы жылдары жайылымдарды жүйесіз пайдаланудың теріс жақтары аса көп білінбеді. Құрғақ аудандарда мал бастары өсті, қой етінің, жүнін қаракөлдін, басқа да

кой шаруашылығының өнімдері көбейді. Мысалы, 1968 жылдың аяғында таман Республикадағы қой саны 34 млн өсіп, Қазақстан тарихында еш уақытта болмаған көрсеткішке жетті. Сол кездегі негізгі мәселелер қысқа мал азығын дайындау мен жайылымдарды суландыру еді. Егер сумен жабдықтау мәселелері шешілсе, бұл қалған жайылымдықтар мал шаруашылығының барлық мәселелерін де шешеді деп есептелді.



Сурет 6

Дүние дәрігерлерінің өте пайдалы деп жаһанға жар салып жүрген қазактың қымызы да ауыл тұрғындары үшін өте пайдалы. Кейінгі жылдары Германия олимпиадаға баратын оғландарын қымызбен баптайды екен. Бие сүтінен түрлі дәрумендер жасап спортшыларын дайындайды. Ал Белгия саумалдан шоколад әзірлеп, балмұздақ құйып, балаларын тәттіден ажыратыпты. Ғалымдардың айтуынша бие сүті мен ана сүтінің құрамы өте ұқсас. Еуропалықтардың ерекше мән беріп отырғаны сол, яғни осы күні сиыр сүті қосылатын балмұздақ, иогурт секілді дәмділердің бәрі бие сүтінен де жасауға болады.

Ал бізде ше? Ұлттық сусын өндірісінің кешенді бағдарламасы әлі күнге дейін жоқ. Сондықтан бабалар ішкен бал қымыз басқа сусындармен бәсекеге түсе алмай отыр. Әлі күнге дейін кей қандастарымыз ауруға ем, сауға қуат беретін шұбат пен қымыздан гөрі көпіршеген сыраға үйіршек. Дегенмен жақсы қымыз болса іздеп жүріп ішетіндер де баршылық. Екібастұз бүгінде балдай тәтті

қымызымен танылған өңір десек артық айтқандық емес. Өңірде бие сауып қымыз әзірлейтін отбасылар баршылық. Әйтеуір қуантатыны қазақтың түп тамыры, қымыздан ажырап қалмағаны [3].

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Жайылым және экология (Қ. Ә. Асанов, Р. Е. Елешев, И. И. Алимаев). – Алматы : «Ғылым», 2001.
- 2 Табиғи жайылымдарды беткі жақсарту.
- 3 Жайылым өнімділігі және анықтау әдістері.

#### СИЫЛАРДЫҢ ТӨЛДЕУ КЕЗЕҢІНІҢ САУЫ МАУСЫМЫНЫҢ ҰЗАҚТЫҒЫНА ӘСЕРІ

МАМЫРБЕК Б.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

СЕЙТЕУОВ Т. К.

доктор PhD, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Сиырдың сүт өнімділігіне бұзаулау уақыты да әсер етуі мүмкін. Қала жанындағы зонада тұрақты жақсы азықтану жағдайында жыл ішіндегі сиырлардың салыстырмалы бірқалыпты бұзаулаулар қалаулы. Қаладан алшық тұратын аудандарда жақсы жайылымдар болғанда, көктемгі бұзаулаулар мақсатты болып келеді, өйткені ондайда арзан жайылма азығын пайдалануға болады.

Сөт өндірісінің индустриалдық технологиясы үшін сүтті мал түрін қалыптастырудың қажеттілігі сүтті табын арасында дарақтардың кең түрі болуымен мәжбүр етіледі, ал сауу және басқа машиналарды қолдану жануарлардың белгілі стандарттауын талап етеді.

Бірақ та сүт өнімділігінің индустриалдық технологиясы үшін сүтті малдың түрін қалыптастыру елдің асыл тұқымды қызметтің құралдарымен шешілуі мүмкін. Индустриалдық фермалар үшін мал түрін қалыптастыруды ұйымдастыру – сүн өндірісі индустриализациясының биологиялық базасы боатын технологиялық жұмыстың жаңа бағыты.

Сүтті интенсивті өндіру үшін тұқым және экологиялық қатыстылықтың мына талаптарына жауап беретін сүтті малдың түрі қажет: жоғары өнімділік, лактацияның 305 күні ішінде 4000 кг астам сауым; ұзақ тіршілік, сиырдың 10 лактациядан кем пайдаланбауы немесе 11-13 жыл тіршілігі; сүт өндірісінің барлық кезеңдеріне сиыр күтіміндегі қол еңбегін жою.

Осы барлық қасиеттер бір жоғары өнімді сиырдан біріктірілуі қажет, егер осы қасиеттер онда болса, ол сүт өндірісінің индустриалдық технологиясы талаптарына жауап беретіндігін айтуға болады.

Сүттің индустриалдық өндірісінің талаптарына сәйкес келетін мал түрін қалыптасуы жөнідегі жұмысты ұйымдастыру үшін осы технологиялық көрсеткіштер бойынша сиыр басын бағалау қажет; сүттің толық берілуі; төртінші желінің дамуы; сиырлардың маститке төзімділігі, осы үш технологиялық көрсеткіш сиырдың сүттің индустриалдық өндірісіне жарамдығы туралы кешендік болжау береді.

Фермада сиырлардың маңызды саны болған жағдайда табындар бойынша жоспарлы және жүйелі түрде асыл тұқымды жұмысты жүргуге мақсатты. Осы жұмыстың негізгі элементтері – табынның рационалдық құрылымын анықтау, ұстау әдісін таңдау, табынды өсіру үшін жануарларды таңдап алу және бағалау, төлдерді өсіру, есеп жүргізу.

Табын құрылымы сүтті өндіру үшін сиырларды пайдалану мерзіміне, тұқымды өсіру жағдайы мен орнына тәуелді анықталады.

Тар мандандырылған фермаларда қысыр тайыншаларды және профилакториялық кезеңдегі төлдерді – 15-20 күндігі жасқа дейін, ұстайды. Жыл сайынғы шығарылатын сиырларды ауыстыру үшін бұзаулайтын қысыр тайыншаларды басқа шаруашылықтардан алады немесе өз шаруашылығында өсіреді. Қысыр тайыншаларды сиырлар табындарына бұзаулауға дейін 2-2,5 ай қалғанда ауыстырады. Жыл сайынғы сиырлардың 12-20 % жарамсыз болғанда және 100 сиырдан 20-күндігі жасқа дейін өсірілетін 90-100 бұзау алғанда жануарлар басы бойынша табын құрылымы осындай болады: сиырлар – 90 %, қысыр құнажындар – 4% профилакториялық кезеңдегі төл – 6 %.

Фермада жануарлардың барлық тобын ұстауда табындағы сиырлар саны 40-60 % төмендейді. Сиырдың сүт өнімділігін жоғарылату үшін орташа алғанда табын бойынша сүт сауымы төмен және бірінші бұзаулауған сиырларды жарамсыз қылдыру керек және үлкен жасты жоғары өнімді сиырларды ұзақтығында пайдалану.

Сиырлардың сүт өнімділігіне бұзаулау мерзімі де әсер етеді. Қалаға жақын ұдайы жақсы күткен жағдайда сиырлар жыл бойы бір қалыпты бұзаулауы мүмкін. Қаладан алыс аудандарда жақсы жайылымдар болғанда көктемде бұзаулаған тиімді, өйткені бұл кезде арзан жайылым шөбін пайдалануға болады.

## ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Лисицин А. П. Ауыл шаруашылық жануарларын өсіру. – М. : Агропромиздат, 1987 ж.
- 2 Воскобойкин В. Ф. Жоғары өнімді сиырларға ветеринарлық қолдау көрсету. – М. : Росагропромиздат, 1988.
- 3 Стрекозов Н. И. Сүтті бағыттағы мал шаруашылығының эффективтілігін жоғарлатудың ғылыми негіздері. // Зоотехния, 2000.

## ТАБУННОЕ КОНЕВОДСТВО

МАТЮХИНА О., РОЖЕНЦЕВА А.

студенты, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар  
АСАНБАЕВ Т. Ш.

к.с./х.н., ассоц. профессор, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Археологи утверждают, что коневодство зародилось на территории современного Казахстана примерно около десятка тысячелетий назад. К примеру, в Бопайском месторождении, обнаружены останки элементов подтверждающих, что наши предки еще 5 тыс. лет тому назад занимались коневодством и кумысоделием. Коневодство 21 века, конечно же, разительно отличается от коневодства медно-каменного периода. Прежде всего, селекционно-племенной работой в целях улучшения продуктивных и приспособительных качеств разводимых пород животных. Племенная работа разводимой в Казахстане казахской породой лошадей была начата в 1930 годах у подножья Мугалжарских гор. Для этого в Темирском районе Актюбинской области в тот период был организован Эмбенский конный завод (на сегодня – ТОО «Мугалжар – 99»).

Начиная с середины 50-х годов, в обиход прочно входит такое понятие, как «мясное коневодство» в качестве развивающейся подотрасли коневодства. Для того чтобы мясное коневодство было рентабельным нужны лошади, приспособленные к круглогодичному пастбищно-тебеневочному содержанию, на труднодоступных для других видов животных пастбищах. Приспособленными к таким условиям были только казахские местные лошади жабе.

Передучеными коневодами, руководителями и зооветспециалистами хозяйств, стал вопрос о создании специализированных мясных пород и типов.

На сегодняшний день казахская порода лошадей состоит из семи типов или отродий. Животные этих типов отличаются крепкой

конституцией, благоприятны для ведения племенной работы и отличаются высокой молочной и мясной продуктивностью.

Самыми распространенными, отличающимися по конституции и экстерьеру, были тип жабе и адаевский. Жабе – это плотные сбитые, достаточно хорошо приспособленные к тебеневке, выносливые, не достаточно резвые лошади. Адаевские – верхового склада, распространенные на юго-западе (Атырауская и Мангыстауская области). Жабе были в основном в Западном, Центральном регионах, в настоящее время распространены по всему Казахстану.

На базе лошадей казахской породы созданы кустанайская верхово-упряжная порода (1951 г.), уступающая по резвости только чистокровной верховой английской лошади. В 1976 г. создана уникальная, не имеющая аналогов в мире кушумская мясомолочная порода лошадей, создан кабинетский мясной тип казахских лошадей. Путем целенаправленной селекционно-племенной работы, на базе жабе в 1998 году апробирована новая порода лошадей мясомолочного направления-мугалжарская.

Высота в холке мугалжарской породы от 141-146 см., живая масса от 440-490 кг. Окрас гнедой, темно-гнедой, темно-рыжий, буланый, саврасый. У казахской лошади в зимнее время отрастает густая и непромокаемая шерсть, - это говорит об отличной приспособленности к суровым природно-климатическим и пастбищно-кормовым условиям.

В продуктивном коневодстве Казахстана лошади типа жабе занимают особое место. Эти лошади в структуре других пород продуктивного направления, разводимых в Казахстане, составляют 34,5%. Животные обладают исключительными приспособительными, продуктивными и воспроизводительными качествами, способностью к круглогодичной пастбищной тебеневке. Степень развития животных типа жабе – это показатель состояния и развития продуктивного коневодства в Казахстане. Поэтому к уровню состояния и ведения селекционно-племенной работы с казахской породой типа жабе предъявляются особые требования.

Разработка научно обоснованных селекционных методов создания новых линий, семейств и заводских типов в казахской породе, способных в условиях степной и полупустынной зонах, при круглогодичном пастбищно-тебеневочном содержании, давать дешевую, экологически чистую конину и кумыс, становится весьма актуальным.

В Павлодарском Прииртышье, учеными Казахского научно-исследовательского института животноводства и кормопроизводства

и Павлодарского государственного университета им. С. Торайгырова выведены селетинский и бестауский типы казахской породы лошадей.

Животные новых типов отличаются от массива казахских лошадей типа жабе местной селекции более высокой живой массой, массивностью, гармоничным телосложением, крепким костяком, выраженностью мясных формы, отличным косячным инстинктом (в косяке содержится до 30 конематок), высокой плодовитостью 90% и молочностью. Молочная продуктивность составляет от 1500-2000 кг молока, кроме того, обладает высокими наживочными и приспособительными качествами в условиях круглогодичного пастбищно-тебеневочного содержания. Основная масть гнедая, рыжая и буланая, саврасая.

На современном этапе перед учёными кафедры ЗГиС, ПГУ стоит задача:

1 Повышение численности высокопродуктивных жеребцов и кобыл, полученных от линейного метода разведения;

2 Осуществлять подбор заказного спаривания с целью закрепления ценных качеств высокопродуктивных животных.

3 Изучение фенотипической и генотипической изменчивости, наследственности, корреляции основных селекционных признаков в чистопородном разведении и выявление важности в использовании генетико-популяционных критериев создания нового типа внутри разводимой породы применительно к данной зоне разведения;

4 Изучение эффективности разных методов отбора, которые обеспечивают селекционную результативность;

5 Изучение характера сочетаемости линий и закономерность их эволюции [4].

Научно-обоснованная селекционно-племенная работа с казахской породой типа жабе в конезаводах «Алтай-Карпык Сарытока», «Ақжар-Өндіріс» Павлодарской области нацелена на следующие результаты:

1 Увеличить численность элитных особей, относящихся к высокопродуктивным линиям завода;

2 Сохранение и размножение генофонда казахской породы, выращиваемой в экстремальных условиях круглогодичного пастбищно-тебеневочного содержания.

3 Выращивание высокопродуктивного молодняка с целью реализации на племя для повышения продуктивных и племенных качеств местных табунных лошадей.

4 Использование наилучших мужских особей, рассчитанных на превращение наследственных ценных качеств родоначальника

и его поколений в достоинство максимально большего поголовья животных [4].

Таким образом, научно-обоснованная селекционно-племенная работа обеспечивает эффективность селекционного улучшения продуктивных качеств разводимых животных, создает предпосылки качественного преобразования казахских лошадей в данной зоне обитания.

Повышение продуктивных качеств лошадей на территории области осуществляется также путем межпородного скрещивания. В регионе подобный вопрос имеет практическую основу. С начала 2000 года отдельные крестьянские хозяйства области начали завозить жеребцов новоалтайской породы лошадей и скрещивать с кобылами казахской породы местной селекции. К данному вопросу подключились ученые кафедры ЗГиС ПГУ. Результаты превзошли все ожидания, помеси отличались более высокой живой и убойной массой, к примеру, убойный вес 8-месячного жеребенка в отдельных случаях достигал до 172кг. Кроме того, помеси обладали более высокой молочностью, не уступали местным «казахам» и по приспособительным качествам, что немало важно при круглогодичном табунно-тебеновочном методе выращивания. В дальнейшем селекционная работа предусматривает попытки создания специализированного молочного типа казахской породы лошадей. Впервые подобная работа началась в 2006 году на базе крестьянского хозяйства «Турар», куда были завезены с Горного Алтая в количестве 30 голов лошади новоалтайской породы (20 голов – кобылки, 10 – жеребчики) [3].

#### ЛИТЕРАТУРА

- 1 Асанбаев Т. Ш. Селекционные методы создания высокопродуктивных линий в казахской породе лошадей типа жабе конезавода «Ақжар Өндіріс» Т. Ш. Асанбаев, А. А. Темиржанова, М. М. Омаров
- 2 Петухов В. А. и др. Генетические основы селекции животных. – М. : Агропромиздат, 1989.
- 3 Рзабаев С. С. Совершенствование казахских лошадей типа жабе на основе линейного разведения //изд.Кайнар, 1979.
- 4 Садыков Б. Х., Дадебаев М. К., Асанбаев Т. Ш. Эффективность табунного коневодства. Журнал «Коневодство и конный спорт». – № 6. – М., 1984. – С. 8-9.
- 5 Хитенков Г.Г. Генетика и селекция лошадей // Коневодство и конный спорт. – М., 1959.

## МЯСНАЯ ПРОДУКТИВНОСТЬ БЫЧКОВ АУЛИЕКОЛЬСКОЙ ПОРОДЫ В ТОО «ЭМПК»

НУРКЕНОВА А. Ж.

студент, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

БУРАМБАЕВА Н. Б.

к.с./х.н., профессор, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

АБЕЛЬДИНОВ Р. Б.

к.с./х.н., ассоц. профессор, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Главным резервом повышения мясной продуктивности и улучшения качества говядины следует считать интенсивное выращивание молодняка крупного рогатого скота со дня рождения и до убоя. В основу такого выращивания должно быть положено максимальное использование законов роста и развития молодняка. Это позволит сократить срок откорма и проводить реализацию молодняка массой не менее 450-500 кг. Для реализации поставленной задачи значительное внимание отводится откорму молодняка на сочных, грубых, зеленых кормах с использованием гранул, брикетов, корнеплодов и концентрированных кормов. Крупный рогатый скот способен более эффективно использовать эти корма, достигать высокие приросты живой массы при значительно меньшем расходе концентратов, чем другие виды животных.

До недавнего времени мясное скотоводство Республики Казахстан было представлено двумя отечественными мясными породами казахской белоголовой и калмыцкой. С выведением новой породы крупного рогатого скота мясного направления продуктивности – аулиекольской (утверждена в 1992 г.) появилась широкая возможность улучшить и увеличить производство мясной продукции в республике.

Одной из важнейших задач агропромышленного комплекса является устойчивое производство мяса, в связи с этим, целью дипломной работы являлось изучение мясной продуктивности и качества мяса бычков аулиекольской породы в условиях ТОО «ЭМПК».

Учет и оценка мясной продуктивности крупного рогатого скота являются важным зоотехническим мероприятием по совершенствованию существующих и созданию новых пород для производства высококачественной говядины.

Мясная продуктивность скота – понятие многоплановое. Важнейшими ее показателями являются живой и убойный вес скота. Помимо этого для оценки продуктивности необходимо учитывать скорость набора массы и расход кормов на единицу привеса.

У крупного рогатого скота более высокой мясной продуктивностью отличаются быки. Поэтому коров в мясном стаде оставляют ровно столько, сколько необходимо для рождения телят, а для откорма используют кастрированных бычков.

Оценка и учет мясной продуктивности производится при жизни животного и после его убоя. Прижизненную оценку осуществляют, прежде всего, путем периодического взвешивания животных, по данным которого определяют суточные и месячные приросты живой массы и судят о предполагаемой величине мясной туши. Прижизненное определение мясных качеств дает возможность лишь предварительно оценивать животных по мясной продуктивности. Окончательное суждение о количестве и качестве мяса дает послеубойный учет и оценка мясных достоинств животных. При этом определяют убойную массу, убойный выход и качество туш.

Важным показателем мясных качеств животного является: предубойная масса, убойная масса, убойный выход.

В наших опытах изучена мясная продуктивность в сравнение бычков и кастратов аулиекольской с казахской белоголовой породы в возрасте 18 месяцев.

Таблица 1 – Результаты контрольного убоя скота бычков и кастратов (n-3)

Порода	Возраст	Показатель					
		Предубойная масса, кг	Масса туши, кг	Масса внутреннего жира, кг	Убойная масса, кг	Выход туши, %	Убойный выход, %
Бычки							
КБП	18	451±5,76	269,7±4,91	11,7±0,12	281,7±1,46	59,8	62,3
АКП	18	523±6,43	318,7±3,26	14,9±0,11	333,6±1,92	60,9	63,7
Разница		+72	+45	+3,2	+51,9		
Кастраты							
КБП	18	468±4,41	249±3,92	25,9±0,12	274,1±1,24	53,3	58,6
АКП	18	507±5,94	283,4±2,42	21,9±0,11	303,3±1,01	55,9	59,3
Разница		+39	+34,2	-6,9	+29,2		

Анализ по таблице 1 показал, что бычки в 18-месячном возрасте имели высокую живую массу, при том животные аулиекольской

породы были на 72 кг (или на 16 %) больше по массе, чем казахские белоголовые, масса туши у первых также была выше на 45 кг (или на 16,7 %), масса внутреннего жира больше на 3,2 кг (или на 27,3 %), а убойная масса – на 51,9 кг (или на 18,4 %).

Такая же закономерность отмечена по кастратам, за исключением данных по количеству внутреннего жира, однако разница между породами у них несколько сглаживается. В 18-месячном возрасте предубойная масса кастратов аулиекольской породы оказалось больше на 39 кг (или на 8,3 %), масса туши на 34,2 кг (или на 13,7 %), убойная масса на 29,9 кг (или на 10,6 %), а количество внутреннего жира ниже на 6,9 кг (или на 26,6 %).

Хотя бычки и кастраты обоих пород содержались на одинаковом уровне кормления, все же от аулиекольской породы получены большие приросты живой массы, убойный выход составил 59,3 % и 63,7 %, тогда как у казахской белоголовой 58,6 % и 62,3 % соответственно, на основании проведенных исследований можно сделать вывод о том, что мясная продуктивность зависит от породности животного.

Пищевая ценность мяса зависит от соотношения тканей, входящих в его состав, который при изготовлении мясopодуkтов может быть искусственно изменен. Кроме того, от соотношения тканей зависит и содержание в мясе различных компонентов, в основном биологически полноценных и легкоусвояемых белков. Поэтому определяют морфологический состав туши процентное соотношение жировой, мышечной, костной и хрящевой тканей.

Обычно мясо крупного рогатого скота реализуется в виде туш, полутуш или четвертинок, и в их состав входят мышечная ткань с колебаниями от 42 % до 68 %, жировая 7-30 % и костная 13-20 %. По химическому составу мясо молодых животных мясных пород отличается от взрослых по содержанию жира. У молодняка в мясе содержится 58-70 % воды, 18-23 белка, 7-10 жира и 1 % золы. Кроме того, в мясе мясных пород значительная часть жира в туше откладывается в виде вкраплений в толще мышечной ткани, образуя «мраморное» мясо. У молочного скота большая часть жира располагается в виде толстого слоя (полива) с наружной и внутренней сторон туши и в виде крупных жировых скоплений в межмышечных пучках.

Особенно большое жиронакопление происходит при откорме взрослых животных. Прирост массы туши у молодняка на 80 % происходит за счет мышечной, на 10-14 % за счет жировой, и на 6-8 % за счет костной тканей. У взрослых на 70 % за счет жировой и только на



9 % масса туши прирастает за счет мышечной ткани. Данные смотреть в таблице 2.

Таблица 2 – Морфологический состав полутуш бычков и кастратов в возрасте 18 месяцев

Показатель	Группы			
	бычки		кастраты	
	АКП	КБП	АКП	КБП
Убойная масса, кг	333,6±1,92	281,7±1,46	303,3±1,01	274,1±1,24
Мякоть, кг	106,0±2,31	101,9±1,17	107,1±2,13	95,3±1,20
Мякоть, %	89,9±0,06	80,2±0,14	79,3±0,37	80,2±0,42
Кости, кг	20,7±0,28	21,7±0,37	24,3±0,63	20,7±0,53
Кости, %	17,4±0,18	17,1±0,24	18,9±0,41	17,1±0,17
Жилки и сухожилия, кг	3,5±0,18	3,4±0,26	3,6±0,23	3,3±0,21
Жилки и сухожилия, %	2,7±0,09	2,7±0,17	2,7±0,12	2,7±0,12
Выход мякоти на 1 кг костей	5,12±0,44	4,70±0,31	4,41±0,27	4,60±0,14

При анализе данной таблицы 2 установлено, что наибольшее содержание мякоти в полутуше было у бычков и кастратов аулиекольской породы (89,9 % и 79,3 %), чем у бычков и кастратов казахской белоголовой породы (80,2 % и 80,2 %). Бычки и кастраты аулиекольской породы по массе мякоти превосходили бычков и кастратов казахской белоголовой породы (бычки на 4,1 кг, кастраты на 11,8 кг).

#### ЛИТЕРАТУРА

1 Назарбеков Б. К. Скрещивание скота местной популяции с быками зонального типа жетісу / Б. К. Назарбеков // Вестник с/х науки Казахстана. – 2004. – № 12. – С. 28–29.

2 Найманов Д. К. Рост, развитие и мясная продуктивность телок, бычков и кастратов казахской белоголовой породы разных генотипов и ее полукровных помесей с аулиекольской породой / Д. К. Найманов, Т. Т. Тулеубаев, Р. Е. Ескалиев // Вестник науки КАТУ им. С. Сейфуллина. – 2002. – Т. 3, № 7. – С. 339–349.

3 Жеребилов Н. Генотип бычков и их мясные качества / Н. Жеребилов, Л. Кибкало // Животноводство России. – 2008. – № 11. – С. 53–57.

4 Тамаровский М. В. Хозяйственно полезные признаки галловейского скота при разведении в горном регионе Южного

Казахстана / М. В. Тамаровский // Вестник с/х науки Казахстана. – 2004. – № 8. – С. 47–48.

#### ІРІ ҚАРАНЫ БОРДАҚЫЛАУ

НУРПЕИСОВА А. Т.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

АХАЖАНОВ К. К.

профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Бордақылаудағы малды мүмкіндігінше тойғыза азықтандырып, оның күйін көтеріп, салмағын арттыру. Бордақылаудың мерзімі (ұзақтығы) малдың тұқымына, жасына, күйіне және азықтандыру деңгейіне байланысты. Сақа малды бордақылау 2,5-3,0 айға, 1 жасқа дейінгі торпақты бордақылау – 6-7 айға, 1,5-2,0 жасар тайыншаны бордақылау 3-4 айға созылады. Өте жақсы нәтиже ірі қараның етті тұқымының малын немесе етті, сүтті, сүтті-етті тұқымының сиырларын етті тұқымының бұқаларымен шағылыстырудан алынған будандарды бордақылағанда шығады. Малдың жасына және азықтандыру жағдайына қарай бордақылаудың мынадай түрлері бар:

а) төлді жедел өсіріп, бордақылау; бұлай өткенде 15-18 айлығында олардың салмағы 450-500 кг жетеді, 1кг қосқан салмағына 7-8 азық өлшемі жұмсалады. Тәулігіне 0,8-1,2 кг салмақ қосады. Төлді жедел өсіріп, бордақылағанда, өте дәмді, артық майы жоқ ет алынады. Қыс айларындағы негізгі азық сүрлем, пішен, пішендеме, тамыржемістілер. Бұларға қосымша рационның жалпы қоректілі-гінің 40 % мөлшерінде жем беріледі. Бордақылау аяқталар кезде жемді көбірек береді. Малды неғұрлым тойғыза азықтандырса, бордақылау мерзімі соғұрлым қысқа болады да, қосатын салмақтың 1 кг азыққа жұмсалады. Бордақылау кезінде рационның жалпы энергиялық қоректілігін, протеиндік дәременділігі мен минералдық құнарлылығын қадағалау қажет;

б) күйі төмен төлді жетілдіре өсіріп бордақылау; әдетте арық төлді тойғыза азықтандырып өсіріп, күйін жақсартады, содан кейін бордақыға қояды;

в) сақа малды – қатардан шығарылған сиыр, өгіз, бұқаларды бордақылау. Оның мақсаты – малдың күйін жақсартып, семіз ет алу.

Бордақылаудың қай түрі болмасын ет өнімінің өзіндік құнын арзандату үшін мүмкіндігінше арзан азықты пайдаланады. Олар – жом (қызылша сығындысы), барда, картоп мезгасы, жүгері собығының өзегі. Бордақылау үшін пішендеме мен жем пайдалану да жақсы

нәтиже береді. Малды сүрлеммен де бордақылайды. Онда рационға пішен, тамыржемістілер, жем қосылады. Табиғи жайылымдарда малды жайып семіртеді немесе артынан бордақыға қояды. Бордақылаудағы малдың рационнында протеин жетіспесе, оған азоты мол химиялық қоспалар – мочеви́на, амидты концентрат, қос аммоний фосфат қосып беріледі. Азықтың сінімін арттырып, малдың жедел өсуін, осыған орай бордақылауды арзандату үшін ферменттік препараттар мен биологиялық әсері күшті заттарды да пайдаланады. Малды мал азықтық техникалық қалдықтарды пайдаланып та бордақылауға болады. Осыған байланысты жоммен бордақылау, бардамен бордақылау, картоп мезгасымен бордақылау деген түрлері бар. Бұл әр аймақтың, шаруашылықтың жергілікті ерекшеліктеріне сәйкес, қолда бар азығына қарай жүргізілетін бордақылау. Табиғи жайылымы мол аймақтарда малды жайып семіртеді. Ол арзанға түседі, әрі ет өнімінің сапасы өте жоғары болады.

Жоммен бордақылау.

Жомның сүрленген және жаңа ғана өндірілген түрлері болады. Жомда майлы заттар аз, кальций, калий элементтері көп, фосфор аз, каротин мүлде жоқ. Сүрленген жомда 1,5-1,8 % органикалық қышқылдар бар. Жоммен бордақылаудың нәтижелілігін арттыру үшін рационға клетчаткасы мол ірі азықтар, техникалық май қалдықтары, фосфорлы қоспалар, қосаммонийлі фосфат, ас тұзын, азотты қоспалар қосады. Бордақылаудағы өгізшілерге олардың протеинге деген мұқтаждығының 25-30 %-ын мочеви́на беріп қанағаттандыруға болады. Егер мочеви́наға аммоний сульфатын, қос аммонийлі фосфатын қосып берсе, мал тез етейеді. Бұл қоспалардың протеиндік эквиваленті мынадай: 1г мочеви́наныкі – 2,6 % (яғни 1г мочеви́на мал организмінде 2,6 г протеин түзеді). 1г аммоний бикарбонаты – 0,96, ал 1г аммоний сульфаты мен қосаммонийлі фосфаттікі – 1,2 граммнан.

Сүрленген жомның қышқылдығын азайту үшін оны аммиакпен өңдейді. Оның құрамында 20-25 % аммиак бар. Жомға малды бірте-бірте үйретеді. Жомды мал жақсы жеуі үшін оған жем, сірне, тұз сеуіп берген дұрыс. Жоммен бордақылаудағы рационның құрамы оның жұғымдылығы бойынша мынадай болуы керек: жом – 55-56 %, ірі азық – 6-8, сірне – 10-жем – 25-30 %. Егер шаруашылықта мүмкіндік болса жомның жартысын сүрлеммен алмастырған жөн.

Бардамен бордақылау.

Барда – спирт өндіргенде алынатын қалдық. Ең құнарлысы – дәнді дақылдардың бардасы, протеин фосфор мол тек клетчатка мен

майлы заттар, кальций аз, каротин жоқ. Сондықтан бардаға пішен, сабан, жем, қант тектес заттары мол азық, кальцийге бай қоспалар қосады. Бордақылаудың алғашқы кезеңінде жом тәрізді барданы да малға көптеп береді, аздап жем, сабан қосады. Кейінірек барданы азайтып, жемді молайтады, ал сабан орнына пішен береді. Сөйтіп бордақылаудың жақсы нәтиже беруін қамтамасыз етеді. Рационды А және Д витаминдерімен, минералдық элементтермен қамтамасыз ету шарт.

Сүрлеммен бордақылау.

Жүгері сүрлемінде протеин, қант, фосфор аз, кейде кальций элементі де жетіспейді. Сондықтан рационға мал азықтық, қызылша, жем қосады. Сүрлемдік рационның құрамы мынадай болғаны дұрыс (рационның жалпы жұғымдылығы бойынша): сүрлем – 35-45 %, ірі азықтар 5-20 %, жем – 25-35 %. Қалғандары – қант қызылшасы, сірне, жом. Бордақыдағы малдың әр 100 кг салмағына 5-7 кг сүрлем берілуі керек. Минералдық қоспалар ретінде фтордан тазартылған фосфат, үш кальцийлі фосфат береді. Ас тұзы 1,5 есе көбейтіледі.

Кесте 1

Көрсеткіштері	Тірі салмағы, кг							
	150	200	250	300	350	400	450	500
	Тәулігіне қосатын салмағы, 800 г							
Азық өлшемі	5,3	5,8	6,2	7	7,3	8,1	8,4	8,7
Алмасу энергиясы, МДж	45,3	49,0	54	61	66,0	75,0	84,0	96
Құрғақ зат, кг	4,6	5,4	6	7,05	8,5	9,5	10,5	11,0
Шикі протеин, кг	775	850	905	915	995	1080	1120	1160
Қорытылатын протеин, г	505	550	620	594	590	650	670	695
Шикі клетчатка, г	840	1050	1260	1575	1785	1805	1995	2280
Крахмал, г	555	605	650	775	810	970	1010	1045
Қанттар, г	400	440	470	540	560	650	670	695
Шикі май, г	200	220	236	260	270	300	315	325

Ең арзан сиыр еті ірі қараны жайып семірткенде өндіріледі. Оны дұрыс ұйымдастыру үшін алдымен жайып семірілетін табындарды жасы жағынан қарайлас, біркелкі малдан 150-200 бастан табын құрады. Әр табынға жайылатын мерзімге (2-3 ай) толық жететін отты жайылымдар белгілейді.

Құрамында мал организмнің тіршілігіне қажетті барлық дерлік қоректік және биологиялық белсенді заттар, ең алдымен витаминдер, өте жақсы сіңірілетін болғандықтан көк азықтардың қоректілігі мен құндылығы өте жоғары бағаланады. Жалпы қоректілігі жағынан көк азықтардың құрғақ заты құнарлы жемдермен тең түссе, биологиялық және витаминдік бағалылығы жағынан олардан анағұрлым басым.

Қорыта келгенде:

Ірі қара малының денсаулығын сақтау және өнімділігін арттырудың басты кепілі оны дұрыс бағып-күтуді ұйымдастыру. Ғылым және шарушылық тәжірибесінде ірі қараны ұстаудың озық әдістері жинақталған. Қазіргі уақытта бұл салада жетпейтін мәселе сиырларға арналып салынған және пайдаланып келе жатқан қораларда оптималды микроклиматты қамтамасыз ететін жүйелердің жоқтығы және оларда санитариялық-гигиеналық талаптардың сақталмауы.

Ал енді жеке шаруашылық жағдайларында ірі қара малы жеңіл-желпі қораларда, қалыптасқан белгілі бір бағу жүйесіз ұсталуда, ал азықтандыру мен оларды бағып-күтуде гигиеналық-санитариялық талаптарға аса мән берілмеуде. Нәтижесінде мал өнімділігінің көрсеткіштерінің төменділігі, әртүрлі аурулардың мал арасында етек алуы. Ал ірі қара мал шаруашылығын қарқынды дамытудың бірден-бір бағыты заман талабына сай озық күтіп-бағу жүйелерін енгізу және санитариялық-гигиеналық талаптарды қатаң сақтау болып табылады.

## ІРІ МҮЙІЗДІ МАЛДАРДЫҢ ӨНІМДІЛІГІНЕ ТРИХОФИТОЗА АУРУЫНЫҢ ӘСЕРІ

ОЗЫХАН Б. Н.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

АКИЛЬЖАНОВ Р.

к.в.н., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Мал шаруашылығын шоғырландыру және мамандандыру арқылы бірте-бірте өнеркәсіптік негізге көшіру бұл саланы одан әрі дамытудағы басты бағытқа айналып отыр. Малдың жұқпайтын және жұқпалы ауруларымен күресте жалпы алдын алу шараларының үлкен маңызы бар, оған малдың денсаулық жағдайына бақылау жасау, оны азықтандырудың, бағып-күтудің және пайдаланудың зоогигиеналық нормаларын сақтау жатады. Төлдің денсаулығын

сақтау бірінші кезекте азықтың мөлшері мен сапасына, рацион құрылымына байланысты болады. Ал азықтың сапасы көбінесе қайсы бір аймақтың табиғат-климат жағдайына байланысты болады, сондықтан да азықтың өсіп келе жатқан төлдің тек азық өлшемі жөніндегі емес, сондай-ақ сапалы азықтар мен мниералдық заттар мен витаминдермен қамтамасыз ететіндей болуына ұмтылу керек. Жұқпалы ауруларды тудыратындар-микробтар, вирустар, ең қарапайым ұсақ тіршілік иелері-саңырауқұлақтар. Ауру қоздырғыш микробтар – тек микроскоппен қарағанда көрінетін өте ұсақ организмдер. Жұқпалы ауруды қоздырғыштар организмге түрлі жолдармен енеді және әр түрлі жабайы және үй жануарларынан жұғатын, адамдар мен жануарлардың жұқпалы аурулары болып табылады. Зооноздар қоздырғыштарының қатарына микроорганизмдердің көптеген түрлері – бактериялар, вирустар, риккетсиялар, саңырауқұлақтар, қарапайымдар, құрттар, паразиттік жәндіктер жатады. Зооноздарды екі топқа бөледі: үй жануарларынан жұғатын зооноздар және жабайы жануарлардан жұғатын зооноздар. Үй жануарларынан жұғатын аурудың бірі – трихофития (бұзау таз).

Ауру қоздырғыштар ауру малдан дені сау малға да түрлі жолдармен – топырақ, су, жем, ауа арқылы жұғуы мүмкін. Жұқпалы аурудың өлген малдардың өлекесі ауру қоздырғыштарды таратудың қауіпті факторы болып табылады; сондай-ақ малдың киінінің да орасан зор қауіпі бар, өйткені оған мұрыннан, жатырдан, ауыздан аққан сұйықтық, сонымен бірге малдың садырасы, терісінің қотыры да түседі. Терінің суланып қабынуы нәтижесінде орыны шектеулі, беті қабыршақтанып зақымданған ошақтардың пайда болуымен ерекшеленетін жұқпалы ауру трихофития ауруы шаруашылыққа зиян келтірумен қатар, зор экономикалық шығын келтіреді [1, 2]. Кейінгі жылдары трихофитияның активті спецификалық профилактикасының дәрілері жасалады. ЛТФ-130 вакцинасын ірі қара малы үшін (трихофитон-130 штаммасының құрғақ вакцинасы), СП-1 жылқы үшін және «Ментавик» бағалы терілі аңдар мен үй қояндары үшін пайдаланылады. Вакциналар зиянсыз, профилактикалық және емдеу мақсатымен қолданылады. Егілген малдардың иммунитеті практика жүзінде өмір бойы сақталады. Жалпы жұқпалы аурулардың алдын алу үшін жалпы профилактикалық және арнаулы мал дәрігерлік шаралар ескере отырып, ауру қоздырғыштардың шаруашылыққа тарап кетуіне жол бермеу керек. Малдың денсаулығын сақтаудың аса маңызды шарты аурудан сақтандыру үшін зоогигиеналық нормаларды сақтаудың

маңызы зор. Сайып келгенде мұның өзі мал шаруашылығындағы еңбек өнімділігін де арттырады.

Трихофития (*Trichophytia*) – терінің суланып қабынуы нәтижесінде орынны шектеулі, беті қабыршақтанып зақымданған ошақтардың пайда болуымен ерекшеленетін жұқпалы ауру. Трихофития шұғыл шектелетін дөңгелектеу дақтардың теріде құралуымен, терінің тақырлануымен немесе жүн қалдықтарының сақталуымен, терінің және фолликулдардың сірілік-ірінді экссудат бөлінуімен және қабыршақ құралуымен сипатталатын малдар мен адамның жұқпалы ауруы. Ауру барлық жерде кездеседі. Кейінгі кезде малдың күтім жағдайының жақсарғанына және спецификалық профилактика жабдықтарының практикаға кеңінен енгізілуіне байланысты трихофитиямен ауыру әжептәуір бәсеңдеді. Трихофитиямен барлық мал түліктері, құстар, терісі бағалы аңдар, тышқан, егеуқұйрық, жабайы аңдар ауырады. Жас жануарлардың сезімталдығы жоғары болады да, ауруға тез шалдығып, клиникасы көбінесе асқынған түрде кездеседі. Ауру малдың барлық мезгілдерінде кездессе де, қыста жиі байқалады. Оның себебі – бұл маусымда малдың күтімінің нашарлауы және күн сәулесінің ауру қоздырушысына әсерінің төмендеуі. Индеттің қаулауына жануарлардың топтастырылуы күшті әсер етеді. Жас төлдерді енесінен бөлу және жеке табындарға топтау, сырт жерден мал әкелу аурудың қаулауына қолайлы жағдай туғызады. Трихофития көбірек ірі қара малын, жылқыны, иттерді, мысықтарды зақымдайды. Шошқалар, қойлар мен ешкілер сирек ауырады. Жабайы хайуандар да, әсіресе, кеміргіштер ауырады. Екі айлықтан бір жасқа дейінгі бұзаулар ауруға аса бейімді.

Ауру қоздырушысының негізгі бастауы - ауырған жануарлар. Олардан инфекция тікелей жанауы немесе әр түрлі заттар арқылы беріледі. Аурудың таралуына тышқан тұқымдас кемірушілер де себепкер болады. Қоздырушының сыртқы ортада өте төзімді болуы, оның қора жайда, мал жүретін алаңдарда, жайылымда ұзақ сақталып, ауырған мал болмаған кездің өзінде әр түрлі заттар, әсіресе көң мен топырақ арқылы аурудың қайтадан таралуына себепкер болады. Қоздырушыны тасымалдаушы эктопаразиттер де бола алады. Малдың залалдануы ауру малдар мен сау малдар қорада, жайылымда, тасымалдағанда жұғысуы арқылы болады. Қоздырушының берілу факторлары гриб жұққан күтім заттары, төсеніш, көң т.б. бола алады. Аурудың таралуына тышқан тәріздес кеміргіштер маңызды ролі бар. А. К. Ахметованың мәліметтері бойынша өткен ғасырдың 90-шы жылдары Қырғызстан мен Қазақстан Республикасында трихофитияның клиникасымен ауырған жануарлар

саны микроспорияның клиникасымен ауырған жануарлар санынан артық болған [3].



Рис. 117. Очаг поражения вокруг левого глаза и века у теленка при трихофитии

Сурет 1

Аурудың шығуы жыл бойы бола береді, бірақ жиірек бұған дымқылды ауа райы – күз бен қыс және мал терісінің күтімсіз болуы қолайлы жағдай туғызады. Егер аурумен күрес жүргізу шаралары сапасыз болса шаруашылық тұрақты түрде аурудан сәтсіз жағдайда қалуы мүмкін.

1845 жылы қоздырғыштардың біреуін швед оқымыстысы М. Мальмстен ашып, оны *Trichophyton* деп атады. Қазіргі кезде бұл грибтің бірнеше түрі белгілі болып отыр. *Tr.Faviforme*, *Tr.gypsenm*, *Tr.eguinum* және басқалар. Қоздырушысы - жетілмеген саңырауқұлақтар *Fungy imperfecti* тобына жататын *Trichophyton* туыстығының өкілдері. Ашатұяқтыларда аурудың негізгі қоздырушысы – *Trichophyton verrucosum*, жылқыда – *Tr.eguinum*, түйеде – *Tr.Sarkisovi*, терісі бағалы аңдарда, қоян, теңіз тышқаны мен басқа кемірушілерде – *Tr.mentagrophytes*. Бұлардың барлығының морфологиясы ұқсас, жіп тәрізді мицелиялардан және дөңгелек, сопақша келген споралардан тұрады.

Патматериалда және өсіндіден даярланған жағындыда қоздырушының әрбір түрінің өзіне тән морфологиялық ерекшеліктері болады. Әсіресе, спораларының орналасуына (тізбектеліп, немесе ретсіз) мән беріледі. Бұл саңырауқұлақтар Суслоагар, Сабуро ортасында

өсіріледі. Өсіндінің шоғырының (колониясының) морфологиялық ерекшеліктері қоздырушының түрінанықтауға қажет деректер болып табылады [23].

Егер емі уақытылы басталып және ұқыпты, жүйелі түрде жүргізілсе онда ол қоздырушының таралып кетпеуінің алдын алуға мүмкіндік береді. Емдеу уақытында малды оқшаулау керек. Емдеу мақсатымен ЛТФ-130 вакцинасы және көптеген дәрілер қолданылады.

Препаратты таңдағанда бірнеше рет қолданылуы қажеттігін ескеру керек. Егер препарат майлық негізде дайындалмаған болса (вазелин, өсімдік және минеральдік майлар), онда терінің зақымданған жерлерін әуелі вазелинмен майлайды және жұмсарғаннан кейін жүнін қырқады, қатты қабыршақтарын алып тастайды. Фунгицидтік дәрілер-жалғыз йод, трихоцетин, РОСК, СК-д, «Ям» майы сияқтылар нәтижелі. Азықпен қосып қолданылатын гризофульвин антибиотигі сынақтан өтіп жағымды нәтиже көрсетті. Көптеген басқада дәрілерді пайдалануға болады.

Бұл ауру түрі малдардың әрине өнімділігіне әсерін тигізеді, себебі мал организмінде зат алмасу процесі бұзылып, иммунитеті төмендеп, тәбеті болмайды. Малдың дұрыс өнім бермеуі, ертенгі күнде адамның денсаулығына әсер етуі мүмкін, өйткені бұл ауру жұқпалы болып табылады. Адам үшін ең бастысы бұл жағдайда белгілі санитарлық нормаларды сақтау болып табылады. Бұнда яғни теріні тазалау, жуу, тоғыту және т.б. процесстерді жатқызамыз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Артемов Б.А. Эпизоотология и инфекционные болезни сельскохозяйственных животных Москва: Колос. 1984. – с. 251-256.
- 2 Қожанов Қ.Қ. Төл ауруларын емдеу және олардан сақтандыру шаралары. Алматы, 2005
- 3 Кашкин П.Н., Хохряков М.К., Кашкин А.П. // Определитель патогенных, токсигенных и вредных для человека грибов. – Ленинград «Медицина». Ленинградское отделение. – 1979. – 262 с.
- 4 Тольсбаев Б.Т., Бияшев К.Б., Мықтыбаева Р.Ж. Ветеринариялық санитариялық микробиология, оқулық. - Алматы – 2008. – 590 б.

#### СОДЕРЖАНИЕ СОМАТИЧЕСКИХ КЛЕТОК В МОЛОКЕ

РОМАНЮК Л.

студент, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

УСЕНОВА Л. М.

к.вет.н., ассоц. профессор, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Интенсивное развитие молочного скотоводства, создание крупных ферм и комплексов по производству молока, внедрение новых высокопроизводительных доильных установок с особой остротой ставят проблему повышения санитарного качества молока и борьбы с маститами вымени коров. Маститы наносят молочному скотоводству большой экономический ущерб: снижается молочная продуктивность коров, происходит их преждевременная выбраковка, ухудшается санитарное качество молока и увеличиваются затраты по его производству за счет лечения больных животных. Телята, полученные от коров больных маститом, страдают диспепсией и другими расстройствами пищеварения, поэтому их падеж возрастает в 4-5 раз.

